

# ТІЛ және ҚОҒАМ

альманах



# ТІЛ және ҚОҒАМ

альманах

№1 (57) 2023

**Бас редактор**  
**М. Жұмабай**

**Жауапты редактор**  
**С. Әбілмәжін**

*ҚР Мәдениет, ақпарат және  
қоғамдық келісім министрлігінде  
тіркеліп, тіркеу туралы  
2002 жылғы 27 мамырда  
№2993 – ж куәлігі  
берілген.*

## **Құрылтайшы:**

*Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Тіл саясаты комитеті*

## **Редакциялық алқа төрағасы**

### **Ербол Тілешов**

*Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Тіл саясаты комитетінің төрағасы*

## **Редакциялық алқа**

### **Оразкүл Асанғазы**

*Мемлекет және қоғам қайраткері*

### **Қазыбек Иса**

*ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты*

### **Рауан Кенжеханұлы**

*Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының  
президенті*

### **Дихан Қамзабекұлы**

*«Егемен Қазақстан» республикалық газеті»  
жауапкершілігі шектеулі серкітестігінің  
Бас директоры, ҚР ҰҒА академигі*

### **Анар Салқынбай**

*Әл-Фараби атындағы  
Қазақ Ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*



## ЕРБОЛ ТІЛЕШОВ,

*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Тіл саясаты комитетінің төрағасы, филология ғылымдарының кандидаты*

### МАҒЖАННЫҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

Ғасырлар қойнауынан тартқан бай тарихы, сан-салалы дәстүрі, алуан стильдік тармағы бар әдебиеттің даму жолына тыңнан соқпақ қосу – кез келген дарынды деген қаламгерлердің де оңтайына келе бермес зор іс. Ақын-жазушының баршасы дарынды бола бермейтіні секілді, әр дарын халықтың сөз өнеріне айтарлықтай соны сүрлеу қоса алмасы хақ. Әдебиеттегі жаңашылдық – жаңа тақырыпқа қалам тарту, болмаса 1920-30 жылдардағы қазақ ақындарының еліктеп сатылай өлең жаза бастайтын талабымен емес, сол ұлт әдебиетінің табиғи қасиетіне сіңісіп, мазмұн мен пішіннің өзара үндестігімен өлшеніп, өзінен кейінгі әдебиет өкілдеріне үлгі боларлық дәрежеден табылып жатса, ұлттық болмысты таныта алса ғана сол ұлттың рухани қазынасына қосылған өміршең жаңалық болмақ. Талапты шынайы талаптан айыруға құлықсыздау әдетімізге салып, төрт аяғын тең басқан нағыз өнер туындысынан гөрі идеясы бетінде қалқып тұратын шығармаларды асыра бағалаңқырап, осындай кейбір шығармалардың авторларына жаңашыл деген атақты бере салғанмыз жасырын емес. Кімнің жаңашыл, кімнің жалған жаңашыл екендігін заман айғақтап жатыр. Жаңашылдық өміршең болмайтын ба еді, халықтың ой-санасы дамып, көркемөнері жаңа белеске көтерілгенде жазылған кезеңі өресінен аса алмай қалатын шығарманы кезеңдік туынды демеуші ме еді деген ой келеді. Соңына избасар ертіп, өнеге бола алмаған, дәстүр жалғастығын таппаған идеяшылық пен түрікшілдік жаңашылдық бола алмасы белгілі.

Ал, жалпы көркемөнердегі, оның ішінде әдебиеттегі жаңашылдық, біздіңше, өмір шындығын молынан қамтуы мен қоғамдық сананың бұрын-соңды көрсетілмеген жақтарын ашу мүмкіншілігін арттырумен, игі иманды идеяларды аса көркем, кестелі тәсілдермен жеткізумен, жаңа мазмұнға сай жаңа формалар қалыптастырумен, соның нәтижесінде жаңаша әдеби дәстүрді, стильдік арнаны қалыптастырумен, сондай-ақ ұлттық тілдің



бейнелеу мүмкіндіктерін байытумен тығыз байланысты болса қажетті. Осындай сипатты Абайдан тауып, данышпан қаламгердің қазақ әдебиетіне әкелген жаңалықтарын сөз етіп жүрміз. Абайдан кейін қазақ өлеңіне, жалпы ұлт әдебиетіне жаңалық әкелген Мағжан Жұмабаев екендігі ұлы ақынның көзі тірісінде оны жақтаушылар тарапынан да, идеясын желеу етіп даттаушылар тарапынан да айтылған. Мағжанның әдеби мұрасына тиым салынып, халқынан ажыратылмағанда, шығармалары ең болмаса 1950 жылдар ішінде болған саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау тұсында оқырманға жеткен болса, қазақ поэзиясына оның аса зор ықпалы болып, бүгінгі таңда ақын дәстүрі жайында келелі сөз айтар едік. Өкінішке орай, әдебиетіміздің даму процесі Шәкәрімнен, Ахметтен, Міржақыптан, Жүсіпбектен, т.б. көптеген дарындардан қол үзіп қалғаны сияқты тамаша ақыннан да көз жазып қалдық. Әлбетте, бұл әдебиетіміздің даму деңгейіне кері әсер еткені күмән тудырмайды. Сол себепті М. Жұмабаевтың әдеби дәстүрі турасындағы мейлінше толымды боларлық әңгімені кейінге қалдырып, бұл мақаламызда «аяулы ақын» әкелген жаңалықтарды Мағжанның өз шығармалары негізінде көрсетуді ниет еттік. Алайда, ақынның кеңес құрсауына түскен мұрасы айналысына өркен жаюға үлгере алмай кетті деуден аулақпыз. Ж.Аймауытовтың: *«Осы өлеңшілердің көбі Мағжан өлеңінің не сыртқы түріне, не ішкі мазмұнына еліктемей жаза алмайды»* /1, 427/ дегенін және Р.Нұрғалидың: *«Қанша қиямет туганымен, бір керемет нәрсе, Мағжан өлеңдері, поэмалары ел арасына фольклор шығармалары секілді тез тарап, халық жүрегіне, жұрттың ой-санасына, елдің ақыл зердесінде қалып қойған еді... Сондықтан Мағжанмен қатар жасасқан аға буын, оның алдын көріп сабақ алған шәкірттерін былай қойғанда, кейінгі ұрпақ қаламгерлер де ақын мұрасынан хабардар еді»*, - деген пікірін /2, 105/ жадымыздан шығармай, Мағжан шығармаларының жаңашыл сипатын, алдымен, оның өзінен іздегенді жөн санадық.

Жаңашыл қаламгерді туғызатын, алдымен, қоғамдық орта. Қоғамдағы алуан саяси, әлеуметтік өзгерістер, әдебиетке жаңа идеялар, тың тақырыптар әкелді, яғни жаңаша мазмұн дарытты. Осы тұрғыдан шамаландығанда, Жұмабаев шығармашылығындағы мазмұн жаңалығы жайлы бастапқы сөз болуға лайық. Ақынның алғашқы шығармалары, шамамен 1915-16 жылдарға дейінгі жазғандары, мазмұн жағынан келгенде сыншыл, ағартушылық реализм арнасында болды. Ыбырай, Абайдан баста-



латын кең арнадан табылып жататын мұндай шығармалардан автордың өзіндік даралығынан гөрі, сол тұстағы әдеби ортаның шығармашылық принциптерін берік ұстанған жас ақынды көреміз. Алайда, ерен поэтикалық дарын, субъективті ақындық тұлға шәкірттік кезеңде қалып қоя алмайды. Қаламы төселіп, дүниетанымы қалыптасқан ақын көп кешікпей пікір жүзінде де, бейнелеу әдісі тұрғысынан да ешкімді қайталамайтын жаңа жол табады. Өзіне дейінгі ақындар, өз тұстары қоғамды бейнелеуде, негізінен, ағартушылық, сыншылдық реализмді ұстанса, Мағжан жоғарыда аталған жылдардан бастап романтизмге түседі. Бұл – оның жұрттан өзгеше бола қояйын деп тапқан жолы емес, замана шындығын қабылдаудағы дүниетанымын, ақынның субъективті мінезімен байланысты, солар айқындаған жол. Ақынның осындай ерекшелігі өмірді бейнелеу, бағалаудың өзіндік сипатын қалыптастырады. Мағжанға дейінгі қазақ поэзиясына қоғамдық құбылыстарды оймен бағалау, ел мұңын айтқанда елді оқу-білімге, өнер үйренуге, еңбек етуге шақыру, моральдік-эстетикалық мәселелерді көбірек қозғау тән болып келсе, Мағжан өлеңдерінде автордан тыс дамиды, оқиғалардың өзі ақынның өз сырындай айтылып, мазмұн автордың субъективті ой-пікірінің мазмұнынан туындап жатты. Қазақ өлеңіне Мағжан әкелген сыршылдық жөнінде, жалпы оның поэзиясының басты ерекшелігі сыршылдығында екендігін әйгілі мақаласында Ж.Аймауытов білгірлікпен айтып кеткені аян.

М.Жұмабаевтың әдебиетімізге әкелген ең басты, ең күрделі жаңалығы бұрыннан бар романтизмді орнықтырды. Өзіне дейін әртүрлі қырда, азды-көпті көріп келген әдеби бағытта бар бояуымен әдебиетімізге әкеліп, оны әрлендіре түсті, байыта түсті. Реализмнен өзгені мойындай қоймай, оны керітартпа деп, ғылыми таным елегінен өткізгеннен гөрі жылы жауып қойып, үрке қарайтын әдетімізден арылып, өмірді бейнелеудің романтикалық әдісі әдебиеттің ішкі мазмұнына бірсыпыра ілгерінді ерекшеліктер әкелгенін саралауымыз қажет. Мағжан романтизмі әдебиетке адамның ішкі әлемінің алуан қырлары терең бейнелеуді әкелді. Әсіресе, ол эмоционалды, сезімі ұшқыр адамның жан дүниесін алғаш болып көркем кестеледі. Әрине, бұл арада Абай тәжірибесінен зерде көкжиегінен тысқары қалдырып отырғанымыз жоқ. Абайдың сыршылдығы оның ұлы мұрасының бір арнасы іспетті еді. Енді осындай сипат Жұмабаев шығармашылығының жалпы бет-бағдарына айналды. Реализм негізінен, өмірдің



сараланған шынайы болмысын қамтыса, романтизм әдебиеті адамның ішкі жан-дүниесіне, сезім сырларына үңілді. Осы жағынан келгенде романтизм толыққанды реализмді әзірледі. Осыған орай толықтырсақ, ол адамның ішкі әлемін барша иірімдерімен, жүрегін аттай тулатқан қуанышымен, мұң жеңіп, шер басқан сәттерімен көрсетіп, романтикалық кейіпкер бейнесін жасады. Мағжан романтизмнің алғашқы бетінде оның кейіпкері – мейлінше жігерлі, өр тұлғалы ұлттың тәуелсіздігі үшін күресті, ерлікті аңсаушы және ол қасиетті парызды абыроймен орындауға сенімі мол күрескер кейпінде болушы еді:

*Жер жүзіне ар атағым жайылған,  
Жан емеспін оттан, судан тайынған.  
Қайраты мол қандыбалақ қыранмен  
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған*  
немесе:

*Тірілтейін алып атам аруағын  
Тазартайын Сарыарқаның топырағын  
Жан-жағына тегіс билік жүргізіп,  
Кемеліне келсін кейінгі ұрпағым.*

Мұндай күшті кейіпкер, отаршылдыққа қарсы ең екпінді оққа татитын пәрменді сөз бұрын-соңды әдебиетте айтылмап еді. Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсында жазылған асқақ пафостағы өлеңдер – мазмұны жағынан алғанда, поэзиямыздың мазмұн ауқымын кеңейте түскен дүниелер. «От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Тез барам», «Жер жүзіне» өлеңдеріндегі романтикалық пафос, ерлікті аңсаушы лирикалық кейіпкер, зор сенім – ХІХ ғасырда отаршылдықты сынаған, ел мұңын жеткізген зар заман ақындарының да, одан кейінгі ағартушы реализм дәстүрі өкілдерінің де поэзиясында болмаған тың серпіліс. Оның романтизмнің алғашқы тауарларындағы оптимистік мазмұн-отаршылдыққа қарсы күрес дәуірі болған ояну жылдарының жалынды жыры. Қазақ қоғамы Кенесары сияқты жауға шапқан ерді көрген еді, қазақ қоғамы «кәпір бұзған» елдің сиқын өлеңге қосқан Дулатты, Шортанбайды, Мұратты көрген еді, қазақ қоғамы халықтың іргелі ел болуын өнер-білім, мәдениетпен байланыстырған Ыбырайды, Абайды, Шәкәрімді де көрген еді, алайда елдің азаттығы үшін күресті саясат жүзіне көшірген «Қазақ» секілді газет ашқан, «Алаш» сияқты партия құрған зиялы қауымды көрмеген еді.



М.Жұмабаев сенімі – қиялшыл тұлғаның көктегі арманы емес, бас көтерер азаматтардың осы игі іс-әрекеттерден қуат алған, содан барып бостандық таңына асыққан ақындық сөзі. Жаңа заманның рухын жүрегімен қабылдаған Мағжан сияқты аса ірі табиғи дарын жаңа дәуір кескінін жаңа поэтикалық мазмұнға айналдырды. Ендігі жерде ағартушылықтан гөрі халық санасын ояту үшін жалынды сөз, күрескерлік рухтағы жыр мейлінше қоғам қажетін өтуге тиіс болды.

Мағжан жолы төл әдебиетімізде арналы бағытқа айналуы тиіс еді. Басты бағыт болмаса да, реализммен селбесіп әдебиетіміздің қоғам өмірін адамның жан-дүниесін жан-жақты бейнелеу мүмкіншілігін арттыруға елеулі үлес қосар еді. Алайда, кеңес диктатурасының нұсқаумен, межелеумен жүретін әдебиетті өкімет пен партияның пәрменді қолымен жаңа әдебиеттің барша кеңістігін жайлап алды. Жиырмамыншы жылдардың ортасына дейін көрінген романтизм /М.Жұмабаев, М.Әуезовтің алғашқы әңгімелері, Б.Күллев, т.б. /ҚазАПП-тың құрылуымен. 1926-27 жылдардағы әдеби айтыста кеңесшіл ақын-жазушылардың «жеңіске»/әрине, ресми идеологияның ойынан шыққаны үшін /жетуімен, ұлттық санадағы қаламгерлердің қудалануымен, кейінірек соцреализмнің бірден-бір бағыты ретінде қалыптасуымен әдеби процестен ысырылып тасталды. Соцреализмнің М.Горький, А.В. Луначарский секілді беделді теоретиктері тарапынан романтизм тек төңкерілісшіл, әрі социализммен, пролетариат өмірімен тығыз байланыста болуы қажет деп түсіндіріліп, бұл әдеби бағыттың өзге ағымдарын, өзге формаларын реакциялық, жеке басты күйттейтін дарашылдық дегендерімен ұштасып кеңестік әдебиетшілердің бұлжымас ережесіне айналды. Әлгіндей, әдебиетке жасалған тұрпайы әлеуметшілік науқандардың бірқатарын бастан кешірген М.Жұмабаев шығармашылығы негізінен романтизмнен айныған жоқ. Алдымен, оптимистік, кейіннен элегиялық, пессимистік, индивидуалистік, консервативті сарынды жат көрмеген ұлы ақын романтизмін – әдеби дамудың қол жеткен үлкен жетістігі өмірді шынайы, бар бояуымен көрсететін реализмнен арашалау немесе асыра дәріптеу ниетімен мақсатымыз орайласпайды, бұл арадағы біздің міндетке алғанымыз – бір ғана таптың тілегіне жұмсалуға міндетті болған, өмірді тек партияға ұнайтын қырынан ғана көрсетуге мүдделі болған реализм социалистік тәрбиеге қызмет етпей, шығармашылық еркіндігін, табиғатын сақтап, соның нәти-



жесінде үгіт-насихаттық емес, нағыз көркемөнер туындысын тудырған қаламгердің сол тұстағы қазақ әдебиеті үшін бағытты ұстануын, оған өз тарапынан жаңаша мазмұн, тың сипаттағы түр әкелгендігін баяндауда. Ал, оның қаншалықты жемісті, әрі дұрыс болғанын кешелі-бүгін танып жатқан Жұмабаев поэзиясының асыра мақтауға тіптен мұқтаж емес асыл да, айшықты беттері айғақтап отыр. Енді Мағжан романтизмінің жаңашыл сипаты неде? Көркемөнер тап құралы, партия құралы, партия қаруына айналған кезеңде қандай құнды сипатымен әдебиет ауасына тың самал желпіді деген сауал төңірегіне жетейік. Біздіңше, ақын романтизмінің кеңес тұсындағы бағалығы, әрі өзгелерге ұқсамайтын сонылығы – қарумен, дүрліктірумен, аштықпен бүтін ұлттарды бір қоғамдық формациядан, екінші бір қоғамдық бір сатыға төңкеріс арқылы өткізіп «жасанды бақыт» жасамақ болған әміршіл өкіметке өз идеясын ғана дұрыс деп санайтын демократиядан жүрдай партияға іштарта қоймауы, ұлттық тамырды жүрегіне мықтап ұстанып, тілек, арманына, тіпті кейде шындық болмыспен санаспай қиялына айналдыруы.

*Құрбының көбі тез түлеп,  
Топырлап топқа шапқанда,  
Жапанда жалғыз күңіреніп*

*Мен ойыма ергемін,* - деуі жоғарыдағы пікірімізге дәлел бола алса керек. Міне, осындай ұлттық дүниетанымынан туған романтизм – бұл әдеби бағыт ұлт санасының өсуімен, бостандық идеясымен тікелей байланысты, ақын әкелген бірнеше үлкен жаңалыққа меңзейді. Біріншіден, сөз өнерімізде бұл әдеби бағытты аяқтандырады. Бұл ұғымға осы бағытты жан-жақты және өзіне дейін болған тәжірибелерді мейлінше толымды түрде орнықтырды деген мәселе сыйса қажет-ті. Өмір шындығын бейнелеудің осы тәсілін жетілдіру, жаңа суреттер салу, жаңа бейнелер сомдау көркемдік саладағы аз олжа болмасы хақ. Екіншіден, поэзиямыздың идеялық-тақырыптық көкжиегін кеңейтті. Бұрындары да бар махаббат, көңіл-күй, саяси-әлеуметтік, тарихи т.б. өмірлік жайттарды жаңа мазмұнмен байытты. Соның барысында қазақ поэзиясы Мағжан арқылы қазақ қоғамының бұрын айтылса да терең көріне бермеген тұстарына барлау жасады, кейбір жалпылама айтылғандарды көркем кестемен нақтылай түсті. Үшіншіден, ақын романтизмі өзіне етене жақын элегия, лиро-эпикалық поэма, мифтік-фольклорлық мазмұндағы поэма, интимдік лирика,



баллада секілді жанрларды жаңаша қырынан танытты немесе тыңнан косты, яғни жаңа мазмұн жаңа түрді қажет етті, әрі тапты да.

Әдебиетіміздегі романтизм тарихына көз жіберсек, жазылған мекені мен мерзімі есте қалмаған фольклор үлгілеріне барып тірелді. Ал, әдебиетіміздің тарихында оның көрінуі – XIX ғ. алғашқы жартысы. Махамбет, зар заман ақындары, одан бері де Ақылбай мен Мағауия шығармалары. Осы аталған ақындардың романтизмнің түрін /ағымын/ ажыратар болсақ, онда Махамбеттің шаруалар көтерілісіне дейінгі оптимистік – төңкерісшіл және көтерілістен соңғы элегиялық романтизмі, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір Кердерінің өткенді идеяландыру сарынындағы консервативті, отаршылдыққа қарсылыққа толы романтизмі, кемеңгер ақын ұлдарының адамның жеке басының мүмкіншіліктерін көрсету үшін әдеттегіден тыс оқиға алып жеке адамдар мінездерінің айрықша қасиеттерін бейнелейтін /«Медғат-Қасым», «Дағыстан»/ индивидуалистік романтизмі деп жалпылай сипаттама жасауға болар еді. Оған XX ғ. басындағы Шәңгерейде кездесетін элегиялық күйлерді, Б.Күлеевтің интимдік әуендерін қосайық. Осы аталған мазмұндағы романтизм ағымдарын М.Жұмабаевтан молынан ұшыратамыз. Бұл Мағжан поэзиясында қазақ романтизміне тән барлық белгілер көрінді деген түсінікті қалыптастырады. Жоғарыда айтылған ішкі ағымдарға қоса ол романтизмге, мифтік-фольклорлық, демократтық, субъективтік белгілерді дарытты.

Көркемөнердегі, оның ішіндегі әдебиеттегі жаңа мазмұн қаламгер өмір сүрген дәуірдің тарихы, қоғамдық-әлеуметтік шарттарынан барып туады десек жаңа сөз айтқан болмаймыз. Тек айтылған заңдылықты өз мақсатымызға орайластырған боламыз. Төңкеріс қарсаңындағы Жұмабаев поэзиясы отаршылдыққа қарсылық идеясына толы болды. Зерделі оқырман: «Мұның несі жаңалық, XIX ғ. поэзиясында бұл идея молынан көрініс берді» - дер. Мәселе Мағжанның әдебиетімізге әлгіндей идеяны әкелуінде емес, оны өз дәуірінің сұранысына орай жаңаша мазмұнда жырлауында. Оның жыры Шортанбайдың:

*Ағашты тауға үй салып,  
Алды кәпір ақылдап.  
Елді еркіне қоймады,  
Буыршындай тақымдап  
немесе Дулаттың:*



Еркінше өскен қайран ел,  
Дәулеттің бейне шалқар көл,  
Айдынның бейне асқар бел  
Ботадай бұла өскен тел,  
Енді келіп қамалдың

Орыс салған қу тамға,- дегендеріндей өз еркіндігінен айырылған бодан елдің шарасыз хәлі емес, Алаш жерінің жылдан-жылға Ресей уысына кіріп бара жатқанын, ел басқарып отырған «игі жақсылардың» оқалы түймелі орыстарға жалтақтап отырғанын, Кенесары сияқты азаттық ұранын салғандардың жеңілгенін көрген Шортанбай, Дулат заманында әлгіндей жолдардың жазылуы, әрине, заңды құбылыс. Орыс әбден жайлаған, оңды-солды қанқұйлы саясат жүргізе бастаған тұста, қазақтың болашағынан оқу-білім, мәдениет өрінен көріп, ағартушылық ойды дамытқан Ыбырай, Абай, Шәкәрім де өз дәуірлері үшін қисынды сөз. Мағжанның отаршылдыққа қарсылығы мейілінше жігерлі. Бұл ХІХ ғасырдан түбірлі айырмасы бар, қоғамда зиялы қауым қалыптасып, оның саяси, мәдени іс-әрекеттері елге отаршылықтың езгісін көрсетіп берумен ғана, халықты оқу-білімге шақырумен шектелмейтін жаңа дәуірдің М.Жұмабаев сияқты жаңа ақыны қазақ өлеңіне жаңа саяси-қоғамдық мазмұн әкелді. Ол алғашқы шығармаларында дәстүрлі ағартушылық-демократтық арнада болып келгенімен, аса зор ақындық табиғат оған ХІХ ғасырдан да, тіпті ХХ ғасырдың алғашқы жылдарынан да айырмашылығы бар қоғамның жырын айтқызды. Ендігі жерде зар замандық сарын, ағартушылық жолдағы үгіт-насихат емес, халықтың ойын саяси жайттарға аудару, еңсесі түскен елді еркіндікке үндеу ерлігі ересен, дәулеті шалқыған алаштың өткенін бейнелеу мейілінше тиімді еді. Ұлы ұрыстарда дарынды қолбасшы, жаужүрек батыр туатыны секілді, тарихи қажеттілік Мағжан сияқты ақынды берді. Батыр тудырған заман – ақынды да тудырды. Басылған елдің еңсесін көтеруде, мәдениет, оқу-білім қалай қажет болса, жігерлі жыр да соншалық қажет болды. Осы орайда, Мағжанның «Тез барам», «Жер жүзінде», «Күншығыс», «Пайғамбар», «От» жырлары өз замандастары арасында жаңа мазмұндағы поэзияның алғашқы, соны үлгілері болды. Төңкерісшіл, асқақ пафостағы жырлар Махамбет поэзиясында да болатын. Оның лирикалық кейіпкерлері шаруалар көтерілісін көрсететін де соның мақсат-мүддесінен туып жататын.



Махамбет романтизмін Исатай Тайманов бастаған белгілі көтеріліс дүниеге әкелсе, Мағжан романтизмін жалпыұлттық, азаттық идеясы тудырды. Міне, осы жоғарыда айтылған жайттарды сараптай келгенде, ақын романтизмінің жаңашылдығы турасында сөз етуге әбден болады. Ілгеріде келтірілген өлеңдер, оларға қоса жаңа мазмұндағы тағы да бірсыпыра туындылары қазақ саяси-әлеуметтік лирикасын идеялық жағынан да, көркемдік шарты жағынан да едәуір байытқан, оған тыңнан тыныс әкелген дүниелер. Жұмабаев жаңашылдығының әрі бедерлі, әрі бейнелі тарауысыршылдығымен сабақтас. Оның әдеби мұрасында молынан кездесетін мұндай өлеңдерде өзіндік сырға толы, тез жараланғыш, тез жұбанғыш ақын жүрегі, көңілін де толқытса, соның қуанышы жан мұңына берілгіш ақын жаны поэзия тіліне кемел де келісті көркемдікпен көшіріліп, қазақ поэзиясында сезім жырының жаңа бетін ашты. «Өмірді өлеңмен ғана емес, өзінің өмірімен суреттей білу ірі жанды адамның ғана қолынан келмек» - дейді ақын Ақан Сері өміріне сүйсіне отырып /1,340/. Осы ықыласты сөздерді автордың өзіне арнауға боларлық. Махамбет те, Абай да, Шәкәрім де, Сұлтанмахмұт та жүректерін билеп, жандарын толқытқан идеяны ғана поэтикалық идеяға, яғни шығармаларының пафосына айналдырмап па еді. Асылы, шынайы дарындарға тән бұл қасиет олардың поэзиясының өміршең сипаты болса керек. Субъективтілігі басым, лирика жанрының ақын психологиясымен, биографиялық жақтарымен тығыз байланыста болатынын білгенімізбен, осы ақиқат тұнған қарапайым аксиоманы кейде қаперімізге алмай ақынның өмірі мен өлеңінің арасында қоғамдық, әлеуметтік жайттарды желеу етіп, поэзия туындысын бағалау, тану үстінде оның қаншалықты шынайы ақын сөзі бола алатынан гөрі, оның идеялық жағына, қоғамдық маңызына, саяси нормаларымызға сәйкестік тұрғысына соншалықты мән беріп көркемөнерге өлшеусіз зиян келтірдік. Дүниенің объективті құбылыстарын жүрегінен өткізіп барып өлең тудыратын кемеңгер Абай үлгісі Мағжаннан ізбасар, дарынды шәкірт тапты. Сөйтіп, Мағжан тұсында қазақ өлеңінде де субъективтілік тереңдей түсті. Ішкі сырдың молдығы, поэзияның сезім күйіне айналуы, өмірге жүрек мұнарасынан баға беру – романтизмнің белгілері. Бұл белгілер, ең шыншыл көркемдік әдіс, реализмге де қатысты. Алайда, бұл оның романтизмдегі сияқты басты қасиеті емес, сан алуан қырларының бір тарауы ғана. Міне, Мағжан поэзиямызда осы қырды ұштап дамытты. Ақынның көңіл-күйі,



махаббат лирикасы тіпті саяси-әлеуметтік бағдардағы лирикасының өзі оның елгезек сезімімен өріліп жатады. Көңілі құлаған нәрсеге барынша беріліп, оны сыршыл өлеңге түсірді. Өлеңге түсіргенде де шебер суреткер сезімнің өзіндей нәзік үніне, әуезді ырғағына түсірді. Ақын сыршылдығы өлеңге екі үлкен ілгерінді ықпал әкелді. Біріншіден, қазақ өлеңі ол арқылы адам жанының терең қатпарына барды, яғни өлеңнің адамтанудағы шекарасын кеңейтті. Адам сезімінің тереңдігі мен адам ойының шексіздігін көрсетудегі Мағжан еңбегінің бағалануы тиісті жақтары мол. Екіншіден, сол терең сырларды беруде ақынның шебер тілі тіліміздің бейнелеу – стилистикалық мүмкіндіктерін арттыруда табысты жетістіктеріне жетті, яғни әдебиетіміздің мәдени деңгейінің өсуіне үлес қосты.

Жалпы, әдеби-тарихи дамуда ірі суреткерлер шығармаларында бедерлене байқалатын жаңашылдық қырларының түп-төркіні олардың заманынан да ілгері кезеңдерде жасаған ақын-жазушылардың туындыларынан аңғарыла бастайды. Бұл, бір жағынан, тарихи-әлеуметтік қатынастардың орнығу эволюциясымен, соған сәйкес қоғамдық пікірдің қалыптаса бастауымен байланысты болса, екінші жағынан, әдеби дәстүр жалғастығымен де түсіндірілсе керекті. Қоғамдық сананың бір түрі болып табылатын көркемдік сананың осындай заңдылығы сөз өнеріміздің сан ғасырлық тарихында бірнеше тұста мейілінше ерекшелене көзге түседі.

Қазақ хандығы тұсындағы деп аталынып жүрген төрт ғасырлық тарихы бар жыраулар поэзиясында жауынгерлік пафостың орны айрықша. Дегенмен, Ақтамберді, Үмбетей, Марғасқа толғауларындағы әлгіндей идеяны бұл дәуір поэзиясының ең басты мазмұны дей алмаймыз, оған қоса ел бірлігі, өсиеттік-ғибраттық мазмұндағы толғауларды да атауға болады. Ал, жауынгерлік-күрескерлік поэзия дегенде санамызға Исатай бастаған көтеріліс, Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыс төңірегінде туған әдебиет еске түседі. Осы тараптағы ақындардың бейнелеу арсеналында жыраулар дәстүрінің бірқатар көркемдік компоненттерін көруге боларлық. Сыншылдық, сынай отырып өнеге айту дәстүрі Абайға дейінгі дәуірде арысы-жыраулар поэзиясында, берісі – Дулат пен Шортанбай замандарында молынан көрінгені мәлім. Алайда, қоғамдық қарым-қатынастардағы келеңсіздіктерді сынау, жеке адам болмысындағы кемшіліктерді мінеу, олардан қорытынды шығара отырып, игі, ізгі, иманды қасиеттерге қарай бейімдеу, бағыттау қазақ әдебиетінде Абай шығармашылығында



толымды сипатқа айналғаны белгілі. Сондай-ақ, қазақ поэзиясында ертеден келе жатқан философиялық сарындар өзінің ұлы қорытындысын Абайдан тапты. Асылы, бастапқыда әдебиетке енген идея болсын, тақырып болсын пікір, алдымен, ойтүрткі ретінде туады да, өзіндік көркемдік қорытындысын келесі дәуірлерде тапса керек. Бұл әлгі идеялардың қоғам өміріне кең орын алуымен және көркем түрдің жетілуімен байланысты болады деп ойлаймыз. Міне, осындай заңдылықты Мағжан Жұмабаевтың шығармаларынан да көреміз. Отаршылдыққа қарсылық сонау Бұхар жырау заманынан одан, беріде зар заман ақындарынан құнарлы орта тауып, ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Дулат, Мұрат, Шортанбай, т.б. ақындардың шығармаларында кеңінен айтылды. Дулат пен Мұраттағы, Шортанбай мен Нұрманбеттегі отаршылдыққа дегенге сын – дәстүрдің бұзылуы, жердің таруы, діннің әлсіреуі сияқты кері өзгерістерді бейнелеу, бүгінге өткенді қарама-қарсылықты көрсету арқылы көрінсе, ғасыр соңында мұндай қарсылық ағартушылық идеялармен сабақтастырыла бастады. ХХ ғасыр басындағы ұлтты ояту, рухани жаңғыруға үндеу бағытындағы А.Байтұрсынов, М.Дулатов өлеңдеріндегі ағартушылық пен сыншылдықта Абайдың дәстүрі сезіліп тұратын. Дегенмен ол қазақ қоғамындағы Абай заманынан түбегейлі айырмашылығы бар жаңа кезең еді. Жаңа кезеңнің жаңа сөзін дәстүр салтындағы қолтаңбасы қалыптасқан қаламмен емес, жаңа кезеңнің тарихи-қоғамдық жағдайында тәрбиеленген, қалыптасқан қаламмен айтуы тиіс еді. Ұлт-азаттық қозғалыстың идеялары Ахмет, Міржақып, Ғұмар, т.б. шығармаларынан көрініс тапқанымен, оның көркемдігі кемел көрінісі Мағжан шығармашылығына тән. А.Байтұрсынов пен М.Дулатов саналы ғұмырларын ағартушылық, қайреткерлік жолға арнады. Ғ.Қараштың ақындық бетінде жырауларды үлгі тұтқан консервативті бағыт басым болды. Оны кезінде М.Әуезов пен Ж.Аймауытов жазған еді /3/. Ал, М.Жұмабаевтың ақындық қабілеті ұлт-азаттық идеяны көркем кестелеуге бейім тұратын. Оның бірнеше себебі бар. *Біріншіден*, Мағжанның табиғи дарынында ағартушылық рационализмнен гөрі, сезімшілдік, ағымдағы оқиғаны жылдам қабылдайтын ұшқырлық басым жататын. *Екіншіден*, ақын өлеңді үгіт-насихат құралы деп түсінбеген, оған қаламгер шығармаларындағы әдеби-эстетикалық тағымның тереңдігі дәлел. *Үшіншіден*, оның болмысында өмірді романтикалық тұрғыдан бейнелеу қабілеті өзгелерден де терең болатын. Жалпы



әлемдік әдебиет тарихының тәжірибесі дәлелдеп отырғанындай ұлт-азаттық қозғалыс, ұлттық сананың ояну дәуірінде, әдетте романтизм өркен жаятынын белгілі. *Төртіншіден*, жаңа дәуір өзінің жаңа идеяларын ала келсе, көркем әдебиет оларды табиғатына сай соны формада бейнелеуі заңдылық. Осы орайдан келгенде, Мағжан шығармашылығының жанрлық болсын, тілдік-стильдік болсын қырларындағы жаңалықты аңғармау мүмкін емес. *Бесіншіден*, Мағжанның ұлт-азаттық тақырыбындағы шығармалары уақыт жағынан, кеңестік жағынан алғанда қазақтың қай ақынының болса да шығармаларынан кең. Рухани бостандық, ұлт бостандығы сонау Қорқыт, одан берідегі Абылай, Кенесары замандарынан өз дәуіріне дейін желі тартып жатыр. *Алтыншыдан*, жалпы бостандық, ерік азаттық мәселелері – Мағжан шығармашылығының алтын арқауы. Осынша көлемде осындай іргелі тақырыптарды жырлаған ақын оған дейін де, оның заманында да болған емес.

Ілгеріде айтылған жайлардан шығатын түйін – әдебиеттегі тақырып пен идея бір кезеңнің ғана жемісі емес, үлкен әдеби процестің өнебойында байқалатын, ауқымды, бай дәстүрлі құбылыс. Алайда, өмір шындығының әдебиетке көшуі, автордың оған берген эстетикалық тұжырымы уақыт өте келе басқа авторлар тарапынан өзгере, өңделе, дамытыла береді. Мұндай процесс идеяның пікір жүзінде тууынан бастап көркемдікке қарай жетіле түседі. Кезінде тікелей айтылған ойлар бейнелі байламдарға айналады. Міне, осындай көркемдік сапаның артуы кезінде Бұхардан, Дулаттан бір байқалса, Абайда ірі көркемдік деңгейде көрінді. Ал, XX ғасыр әдебиетінде Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы әлгіндей көркемдік өсудің алғашқы толыққанды үлгісі болды. Бұл жалпы алғанда қазақ әдебиетінің соны көркемдік олжасы еді.

Жалпы, көркемөнердегі сияқты, сөз өнеріндегі жаңа бастаманың орнығуы адамды, адам мен қоғам арасындағы күрделі де, әркім қарым-қатынасты жаңа қырынан бейнелеумен байланысты. Міне, осы бір арналы тұстан өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдыру, қоғамдық ортада болып жатқан өзгерістерді таныту, автордың суреттеп отырған объектісіне қатысты, адамгершілік, ізгілік көзқарастары, суреткерлік шеберлігі мен дүниетанымы айқындала көрінеді. Жыраулар поэзиясында олар өмір сүрген тарихи дәуірдің ең көрнекі өкілдері, негізінен хандар, батырлар бейнеленсе, одан берідегі зар заман ақындарында да батырлар, билеуші тап



өкілдері көрініс тапты. Оны Дулаттың, Шортанбайдың, Мұраттың, тағы басқалардың шығармаларынан көруге болады. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы дәстүрлі поэзия өкілдерінен де осыны көруге болады. Яғни, жазба әдебиетке дейінгі қазақтың дәстүрлі сөз өнерінде халыққа белгілі деген адамдардың бейнесі жасалды. Мұндай шығармаларда бірде сын, бірде мадақ араласып қаһарман жасауда дәстүрлі поэзия өкілдері жазба әдебиеттегідей толыққанды образ жасау биігіне жете қойған жоқ-ты. Бұл әдебиеттің әлі де халық өмірін жан-жақты игермегенін, сол кездегі сөз өнері алдында мұндай міндеттің тұра қоймағандығын аңғартады. Сөйтіп, қарастырылып отырған кезеңдегі әдебиетке демократиялық және гуманистік идеялардың тереңдей қоймағанын аңғарамыз.

Абай шығармаларындағы адамның әдеби-эстетикалық және қоғамдық-әлеуметтік, философиялық болмысы өзіне дейінгі әдебиетке қарағанда едәуір жан-жақты болды. Абай арқылы қазақ өлеңі өмірдегі адамға, оның реалды тіршілік аясына бойлады. Ұлы ақын көрнекті тұлғалардан гөрі қатардағы адамға жуық тұрып, өлеңдерінде оны барша қарама-қайшылығымен бейнеледі. Ойшыл ақынның сынында, ағартушылығында, олардан туындайтын жоғары талаптарында адам сүйгіштік, адамға деген жанашырлық, ізгілікке үндеу басым түсіп жатады, сонысымен де ол әдебиетімізде демократиялық сипат пен гуманистік мазмұнды тереңдетті. Ақын адам бойындағы қайшылықтардың сырына бойлай отырып, өзінің бай ішкі әлемі арқылы ізгілік мұраттарды насихаттады және мұндай насихат кешегі дидактикалық поэзиядағыдай тікелей емес, образ арқылы, адамның жанды бейнесі арқылы беріліп, әдеби-эстетикалық аңғарда көрінді. Сөйтіп, Абай арқылы қазақ өлеңі жалаң сөзден адамның сезімін баурайтын жанды сөзге, асыл сөзге ауысты. Сол себепті де М.Әуезов: «Абай қазақ оқушысының ойымен қатар сезімін де тәрбиелеген» - десе /4,350/, Қ. Жұбанов: «Оның сезімі ойшыл сезім. Оның ойы да сезімшіл ой» - дейді /5, 36/. Бұл Абай шығармашылығына дәл айтылған терең сөздерден ақынның насихатшы емес, гуманист суреткер болғанын аңғарамыз. Абай өмір сүрген уақыт – отаршылдықтың ең бір асқынған тұсы, ел ішінің соның зардаптарынан рухани ыдырауға түскен кезі десек, онда Абайдың ащы сынын, қатал талабын ұғынуға болады. Десек те, Абай жасаған әдеби бейнелер сол дәуірдің шындығымен орайласып, ақынның ағартушылығын, сыншылдығын көрсететін де, жеке-жеке би-



леуге түсіп, отаршылдар мүддесінен басы бірікпей отырған халықтың рухани ой-аңсарын, қоғамдық-әлеуметтік әлеуетін бейнелей алмайтын еді. Бұл өз заманының реалды болмысынан шығып отырған суреткер үшін үлкен кемшілік емес те шығар. Алайда, Абай назарынан отаршылдық сияқты зор нәубәттің тыс қалуы бір жағынан таңқаларлық, екінші жағынан түсіндіруге де боларлық жайт. Бұл мәселе абайтануда саналы түрде қарастырылмай жүргенімен, Мұхтар Әуезов оның себебін өзіне тән тереңдікпен көрсетіп берген. Ы. Алтынсарин мен Абай шығармаларының сипаты туралы ой қорыта отырып ол: *«Бірақ бұлардың тобы саяси-әлеуметтік құрылыста патша үкіметінен қысым көрмейді. Қайта содан сыбаға алып, соның өзіне қоңсы қонған тап. Сондықтан ол тап ақындары төңкерісшіл қарсылық тақырыбы мен төңкерісшіл сарын сияқтының ешбіріне жоламайды. Қазақ өлкесінің олар кезінде отар боп жатуы да бұлардың сана-сезіміне әсер етпегендей болады»,* - дейді /6, 278-279/.

Бұған қоса Абай заманында отаршылдық саясат бұрынғыдай ашық жойқын түрде емес жымысқы реңк алып, жоспарлы түрге көшкен. Халық бұрынғыдай күшпен емес, әртүрлі формадағы жарлықтар мен реформалар арқылы жүзеге асырылып халықтың тұрмысы отаршылдар тарапынан таңылған өзгерістерге бірте-бірте бейімделе бастаған. Сондай-ақ, отаршылдық өкіметтің ондай шараларына қарсы болғандар жазаланып, халық санасын үрейде ұстап отырған. XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы ірілі-ұсақты көтерілістер басылып, жаншылып ендігі жерде елдің ұйымдасып бас көтеруге амалы қалмаған да еді. Ал, ғасырдың екінші жартысындағы көтерілістер жалпыхалықтық, тіпті жалпыаймақтық сипатқа ие бола алмады. Халық арасындағы отаршылдар тарапынан ыдырауға ұшыраған бірлік, соның нәтижесінде қалыптасқан бытыраңқылық Абай поэзиясынан көрініс тапты. Мағжан «алтын хакім» ізіндегі гуманизмді арқау ете отырып, ағартушылық арнада «Қарағым», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Мен сорлы», сыншылдық арнада «Сорлы қазақ», «Жатыр», «Қазағым», т.б. өлеңдер жазғанымен, бұл бағытта көп аялдаған жоқ. «Шолпан» жинағынан да жаңа өңірлерді барлады. Абайдан кейінгі әдеби дәуірде Ахмет, Міржақып, Спандияр, Сұлтанмахмұт, Мұхаметжан тараптарынан біраз шиырланған теңдіктен айырылған қазақ қызының бейнесін жасаған Мағжанның сентименталистік образдарын айтпағанда, ақын қазақ әдебиетіне жаңа идеялық-эстетикалық сападағы тың бейнелер



әкелді. А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатов шығармаларында ағартушылық, публицистикалық сарында көрінген азаттыққа асыққан қаһарман Мағжан поэзиясында мейлінше көркем бейнеге айналды. Тұтас кезеңнің рухани көсемі болған қайраткер, ақын ағаларының бастамасын Мағжан көркемдік кестемен әдіштеп асыл сөзге айналдырды. Оның ақындық «менінен» туындап халқы мен ақынның аңсарынан сомдалған бұл бейне көркемдік деңгейі жоғары болған себепті – ұлт-азаттық кезеңнің шынайы қаһарманы болды. Сөйтіп, Мағжан өз заманының ең ілгерінді идеясын бейнеледі. Дәл осы тұста Ахмет Байтұрсынұлының: «...елде жоқ рух ақын сөзінде де болмайды. Елде бар рухты ақын ықтимал дәріптеп, күшейтіп, көпіртіп, көркейтін айтады. Бірақ жұртта жоқ рухты өзінен шығарып айта алмайды. Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды», - деген сөздерін еске түсірген абзал /7, 238/.

Ақынның мұндай қаһарманында жекелеп алғанда Махамбеттің кегі, Дулат пен Мұраттың наласы, Абайдың талапшылдығы мен даналығы ерекшеленіп көзге шалынбағанымен, мұнда солардың барлығы аңсаған, солардың барлығының жоқшысы, халқының азаттығына сенген күрескердің тұтас тұлғасы бар. Бұл ақын кешкен ояну дәуірінің өзіне дейінгілерден уақыт артықшылығы, бұл алдыңғылардың деңгейінде қалмаған ақынның дарын артықшылығы. Бұл пікірдің дәлелі мен дәйегі – «Жер жүзіне», «Тез барам», «Есімде... тек таң атсын», «От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Алыстағы бауырыма», т.б. жырларында. Соның нәтижесінде дәуірдің ең жетекші идеясы Мағжан лирикасында көркем образға айналып, өзінің әдеби қорытындысын тапты. Ақынның кемел дарыны бір мәселенің өзін әртүрлі идеялық және көркемдік қырларынан көрсете алу қабілетімен де байланысты десек, онда Мағжанның тұтас лирикалық мұрасын айтпағанның өзінде бір ортақ тақырып төңірегіндегі өлеңдерінен суреткерлік көркем ойдың алуан жақтарын игергеніне куә боламыз. Бұл – үлкен ақындарға тән ішкі поэтикалық әлеуеттің қуаттылығы, сонымен бірге қаламгердің дүниетанымының кеңдігі. Айталық, «От» өлеңдерінің өзінде, оларда бейнелі сипат тапқан мәселелердің сан қырлылығы бірден көзге түседі. Мұнда Мағжанның ақындық әлемінің шексіздігі, сондай-ақ терең білімдарлығы, логикасының мығымдылығы таңқалдырмай қоймайды. Сөйтіп, қазақ өлеңінің бір Мағжан шығармашылығында жедел өсу жолын айғақтайды.



Айтулы жаңалық ретінде ақынның төл әдебиетімізге түркі, шығыс тақырыптарын алып келгені де айтылып жүр. Ол Мағжанның сан қатпарлы, терең тарихымызды тұтас түсінуімен, суреткерлік танымының ұшқырлығымен түсіндірілсе қажетті. Мұндағы мәселенің сыры – ақынның ғаламдық ойлауымен де байланысты қаралуы тиіс. Суреткердің көне мен жаңаны, бағзы мен бүгінгіні қосатын, сөйтіп адамзаттың өткен-кеткенін көркемдік көріктен өткізер ерен тұлға екенін ақынның өзі де жүрегімен сезінген. Мағжанның көкейінен шығып, қолымен жазылған «Алқа» айқындамасындағы мына кең толғам соған куәлік етеді: *«Ақынның алдында өткен, бүгін, келешек – үшеуі де тұруға тиісті. Ақын осы үшеуінің арасында көпір салуға міндетті»* /8,269/. Бүгінгі мен кешегінің, Шығыс пен Батыстың, мәңгілік пен өткіншіліктің көкейтесті, өміршең қырларын жырлау – ақынның өзін де әлемдік деңгейге көтерді. Әлемдік деңгей деу, әсте, Мағжанды дүниежүзі көркем ойының алыптары жанына қойып, жасанды деңгейлестіру емес, ақиқаты солай. Неге десеңіз – Мағжан сияқты үлкен суреткерді бүгінгі күнмен өлшеу қиянат. Мәселе – ақын шығармаларының ағылшын, француз, неміс болмаса қытай, үнді, т.б. кең таралған тілдерге аударылған-аударылмағандығымен байланысты қарастырылмауы тиіс. Әлемдік көркемөнердің қалыбын еуропалық, орыстық үлгілерге шақтап құю – жалпы өнер адамының еркін қиялы мен көркем танымының жемісі екендігіне, табиғи дарынның даралық тұрпатына, әрбір ұлтқа тән ерекше ойлау қабілетіне күмән келтірумен парапар. Қазақ мәдениетінің өз бетімен таныла бастауы кешелі, бүгін ғана дербес қадам енді ғана жасалып жатыр. Негізгі өлшем ақын көтерген мәселелердің ауқымдылығында, соларды көркем кестелеуінде. Осы басты бағдарлардан келгенде, Мағжан қандай ақынмен болса да өрелес, деңгейлес. Әлемдік мәдениет пен көркемөнерді жасайтын жүздеген халықтардың мәдениеті мен көркемөнері десек, онда ол дәстүрге бай қазақтың көркем ойы арқылы тек қана ұтады, жаңа қырымен толығады. Бұл тарапта Мағжан сынды тұтас ұлттың ұлы суреткерлерінің маңызы алабөтен.

Түр, поэтикалық пішін сонылығы тұрғысынан келгенде Мағжан өлеңінің өзегінде қазақ тілінің мол мүмкіншіліктері өркендетіле дамытылады. Жаңашылдықтың баяндылығы мен өміршендігі соны тақырыптық-идеялық мазмұнның соған сай көркемдік түрге бөлінуінде десек, оған орайлы мысалдарды Мағжан өлеңдерінен молынан табуға да, оларды көрсетуге



де әбден боларлық. Ақынның көркемдік түр саласындағы жеміс ізденістері – арнайы әңгіменің арқауы.

Бұл әдеби бағыт тұсында қандай елдің болмасын сөз өнерінде лириканың қатты дамығаны – ілгеріде айтылған бейнелеу әдісінің ерекшеліктеріне байлаулы. Лирикалық жанр үшін аса табысты болған романтизмнің мұндай қырлары, романтикалық эпосқа келгенде, повесть пен романға қарағанда поэма үшін аса оңтайлы болды. Поэма жанрындағы романтизм үлгілері дәстүрлі эпикалық поэмадан гөрі лирика мен эпостың синтезін түзілген лиро-эпикалық поэманың қалыптасуына әкелді. Сол себепті де Еуропа, орыс әдебиетінде классицизм мен ағартушылық әдебиеттегі поэмалардан кейін, қазақ әдебиеті үшін дастандардан соң лиро-эпикалық поэма жаңалық ретінде қарастырылды. Батыс әдебиеттеріндегідей қазақтың әдеби ортасында ескі мен жаңаның арасындағы идеялық күрес қарқынды жүрмегенімен, әдеби сынның әдеби процеске араласып ықпал жасамағанымен, ұлттық мазмұндағы қазақ лиро-эпикалық поэмасының өмірге келуі сол кездегі қалам иелерін бей-жай қалдырған жоқ. М.Әуезов романтизмнің сыршыл-субъективті сипатына ерекше тоқталып: *«Жазба әдебиетінің Абайдан бергі дәуірін алғанда, жолын өзгертетін жаңалық соңғы жылдарда туып келеді. Ол жаңалық жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік, сыршылдық романтизм дәуірі. Бұрынғы ауызша әдебиеттен, одан бергі Абай заманынан бері реализм сарыны көбінесе құрғақ ой, жадағай сөз күйі осы күнде ішкі терең сезім, нәзік сыр күйінде айналып келеді. Бұның: М.Жұмабаевтың соңғы «Ертегі», «Қорқыт» сияқты өлеңдерінде бар»* - деп жазса /4/, Ж. Аймауытов: *«Баян»* - қазақ әдебиетінде бола бермеген табыс. Әсіресе, *«Баянның»* басқы бөлімінде сурет, шешендік толғау, күй төгіліп кеткен», - дейді / 1,427/.

Лирикалық бастау мен эпикалық құлаш мұндай поэмалардың ерекше баяндау мәнерін қалыптастырды. Автордың кейіпкерлер әрекетін, оқиға барысын субъективті мәнде бейнелеуі, содан өріс алатын терең сыршылдық, эмоционалды реңк, сезім тасқыны, кейіпкерлердің ішкі әлемінің айқарыла, ашыла суреттелуі – ерекше эстетикалық жағдай тудырып, оқырман қабылдауындағы белсенділікті үдетті. Лиро-эпикалық поэмада дастандарға, өзінің алдындағы поэма түрлеріне қарағанда табиғат көріністері де айтарлықтай орын алды. Мағжан поэмаларындағы Көкше, Бурабай, Жетісу суреттері шығарманың идеялық мазмұнының аса көркем шешімге



ие болуына аз әсер еткен жоқ. Пейзаждық суреттер оқиғаға фон ғана болмай, жалпы суреткердің айтпақ ойын, мұратын да білдіреді.

*Мен де ойды ағытамын қаламыма,  
Арқаның көз жіберсем алабына:  
Сарыарқа-сары дария, қиыры жоқ  
Көз болсын, қандай қыран, талады да.  
Ішінде сары дария көз тоқтатар  
Көкшетау – Сарыарқаның аралы да.  
Көкшеде күні кеше қойдай өрген  
Түрлі аң: бөрі, бұғы, маралы да.  
Айрылып асау, ерке аңдарынан*

*Көкшенің тас жүрегі жаралы да!* – деген жолдар романтикалық идеал мен романтикалық наразылықтың түптөркіні ишара жасайды.

Шығарманың сезім байлығы мен алуандығына құрылған мазмұны – тілдік бояуының қанық болуын қамтамасыз етеді. Романтикалық таным троптың әлденеше түрлерінің мәтінінде орайлы, әрі талғампаздықпен жұмсауына жол ашқан. Метафоралық, метонимиялық, синекдохалық тіркестер құбылысты, образды бейнелеуде, сонымен қатар табиғат көркін құбылта кестелейтін кейіптеулер лиро-эпикалық поэманың стильдік қабатын көркем кемелдендірді. Мәселе, айшықты сөз немесе сөз тіркестерін молынан қолдануда емес, оларды оқиғаның, құбылыстың сырын ашатындай орайымен жұмсауда болса керек. Сөзге мағына жүктеуде және осы бағытта өзінің айқын көркемдік қолтаңбасын түсіруде. Жалпы, шығарма стилі дегеніміз – кейбір зерттеушілер тарапынан әдетке айналдырып жүргендей бейнелі сөздердің тізбегі емес, қаламгердің сөз таңдауы, өзінің сөздік әлемін қалыптастыруы, сөздерді тіркестіру дағдысы мен сөйлем құру ерекшелігі мен шеберлігі. Осындай мақсатты жақтан келгенде, қазақ тілінің бай мүмкіндіктерін ашуда, ана тіліміздің жаңа қабаттарын игеруде Мағжанның тапқаны мол.

Автордың кейіпкерлеріне, олардың әрекетіне субъективті ыңғай білдіруі – лиро-эпикалық поэманың новеллалық сипатын қалыптастырды. Оқиғаның ширақ баяндалуы, баяндаудың байырғы жырлары мен дастандардағыдай бір ізбен бірте-бірте дамытылмай бірнеше сюжеттік бөліктер арқылы мөлшерлі берілуі, содан барып фрагментарлы сипат алуы, лирикалық шегіністердің өнімдік қолданыстары – романтикалық поэманың



композициялық бітімінің жинақы да, шымыр болуын, артық тұрмауын қамтамасыз етті. Бұл жаңа пішінді құрылым автордың шеберлікті қажет ете отырып, жалпы поэма жанрының пішінді көркемдік ыңғайда күрделі сатыға көтерілгенін, шығарманың эстетикалық мәдениетінің өскенін байқатады. Сөйтіп, ақынның да эпик суреткер ретінде қалыптасқанын да танытты. «Ертегі» мен «Оқжетпестің қиясында» поэмаларынан басталған лиро-эпикалық жанрды игеруі «Қорқыт» пен «Батыр Баян» тұсында өзінің апогейіне жетті. Осы арада Мағжанның эпос жанрына лирик ақын ретінде есейіп келгенін, ендігі жолда ол Абайдың да, өзгелердің де ықпалынан шыққанын, өзінің сара бағытын тапқанын, оны жемісті игергенін атап өтеміз. Бұл тұстағы Мағжанның жайы Пушкин мен Лермонтовтан бөлек болатын. Орыс ақындарының Байронды ұстаз тұтуы – олардың сол кезде үлкен әдебиетке жас дарын болып енді аттаған себепті үйрену кезеңінде болғанын нақтылап кетудің артықтығы жоқ. Сонымен бірге, 1820 жылдары Еуропа әдебиеті үшін Байрон есімі аса танымал, тіпті еркіндік пен бостандықтың символындай қабылданғанын, ал, мұның өзі сол тұстағы жас қалам иелеріне зор тұлғалық әсер еткенін да қоса айтамыз. Ал, бір ғасырға жуық кейінгі қазақ әдебиетінің даму процесі үшін оның аса көкейтесті бола қоюы қиын. Лиро-эпикалық жанрдағы нәтижелі идеялық-көркемдік ізденістері дегенде қазақ романтигінің және бір жаңалықты бастамасын ойдан шығаруға болмайды. Оғанға дейін қазақ поэмалары, романдары және бірді-екілі болса да жазылып қалған драмалық шығармаларда әлі көтеріле қоймаған өз елінің өткеніне бойлады.

Дарыны кемел әрбір қаламгердің нақты туындыларымен қоса, оның жалпы шығармашылығы арқылы тағы да бір ірі мақсат жүзеге асырылып жатады. Ол суреткердің жеке үлгісі, яғни ол өмір шындығының бұрын көркем игерілмеген алуан қырларына бара отырып, ізбасар қаламгерлерге жаңа өңірлерді нұсқайды. Сондай-ақ, сөз өнерінің еркіндігі мен шексіз мүмкіндіктерін байқатады. Бұған суреткердің ұлт тілінің көркемдік-стильдік әлеуеті мен байлығының үлгісін көрсеткенін қоссақ, онда дарыны зор қаламгерлер шығармашылық жолының маңыздылығы еселене түседі. Асылы, ақын-жазушы әдеби сыннан гөрі, осындай көркем үлгілерден үлкен сабақ алса керек. Мағжанның өнегесі кешегі әдебиетіміздің бойына шығармашылық қан мен иман болып қонбағанымен, бүгінгі болашақта әдебиет әлемінің өкілдеріне жұғысты болары хақ. Бір



науқаншылықтан келесі науқаншылыққа соқтығып жүргендерді көре тұра, соған иланғымыз келеді.

Әдебиеттің өсуінің бір парасы – әдеби сынның қалыптасуынан байқалады. XX ғасырдың екінші онжылдығында туған қазақтың әдеби сыншыл ойы келесі онжылдықта өзінің таныстырушылық – шолушылық сипатынан арылып, сөз өнерінің қандай болмағы сияқты ересек ойларға бара бастады. Әдебиеттің, еркін шығармашылық сапаның үздік үлгісін көркемдік сапа жүзінде дәлелдеуге Мағжан әдебиеттің пікір саласында да қазақ қаламгерлерінің ішінде алғашқылардың бірі болып әдебиеттің табиғи болмысы тұрасында салиқалы ой, кең пішілген пікір айтты. Оның Ақан сері, Базар жырау, Б. Күлеев туралы жазған мақалалары «Мағжан сыншы да болған» деген деректік мәннен де жоғары дүниелер. Ақын-жыраулар жайында айта отырып, жазылған шағы тұрмақ, әдебиеттің бүгінгі тарихшыларының қаперіне келмеген қаншама ой тудыратын өрісті пікірлер сабақтағанына таң болмасқа лажың қалмайды. Мұнда ұшқыр ой мен терең тіл қиыса, өрелесе келіп, оқулықтардың сірескен стилінен санамызды аршып, ойымызды үйіре жөнелді. Сыншылдықтың ойы мен қырын игергені, проблемаға келуі мен оны шешуі табиғи ұлттық танымның артықшылықтарын паш етеді. Әсіресе, «Алқа» айқындамасындағы әдебиет пен қоғам, әдеби дарын, әдебиеттің ішкі заңдылықтары хақындағы өрелі ойларының бағдарламалық сипаты алабөтен. Сөз өнерінің табиғи болмысының шығармашылық процестегі баспатқылығы, ақын қиялының даралығы мен еркіндігі туралы айтқан қадау-қадау пікірлерінен алар ғибрат, сіңіретін өнеге жетерлік. «... Сұлу, терең суреттер арқылы, қандай болса ондай болсын, әйтеуір терең сезім оята алса – ақын. Оята алмаса – ақын емес» немесе «Ақынның міндеті – білім беру емес, терең сезім, асқар пікір ояту» - дегендері мәңгілік қағидалар /8,264-265/. Сүйсінерлілігі – Мағжанның көп дарыннан биік тұрғандағы осы айтқандары мен өнерінің бір жолдың бойынан табылатындығы.

Мағжан Жұмабаевтың қазақ сөз өнеріне орнықтырған тақырыптық-идеялық және көркемдік арнадағы жаңалықты ізденістері – суреткердің әдебиет тарихындағы маңызын ғана айқындап қоймайды, сондай-ақ, ең бастысы ұлттың көркемдік ойлау жүйесінің үлкен сатыға көтерілгенін паш етеді.



### Пайдаланылған әдебиет

1. Аймауытов Ж., Мағжанның ақындығы туралы // М. Жұмабаев шығармалары. Алматы, 1989.
2. Нұрғали Р. Әуезов және алаш. Әдебиеттегі ұлттық рух. Алматы, 1997.
3. Аймауытов Ж., Әуезов М. Абайдан соңғы ақындар // «Абай» журналы, № 2, 1992.
4. Әуезов М. Таңдамалы. Алматы, 1997.
5. Жұбанов Қ. Қазақ әдебиетінің классигі // Абай тағлымы, Алматы, 1986.
6. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы, 15 том. Алматы, 1984
7. А. Байтұрсынов шығармалары. Алматы, 1989.
8. Алқа // Д. Қамзабекұлы, Руханият. Алматы, 1997.
9. Сакулин П.Н. Филология и культурология. Москва, 1990.



## ҚАЙЫРБЕК КЕМЕҢГЕР,

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі  
филология ғылымдарының кандидаты*

### ДҮКЕНБАЙ ДОСЖАННЫҢ «МАҒЖАНДЫ ӨЛТІРГЕНДЕР» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ ПЕН ДЕТАЛЬ

Жазушы Дүкенбай Досжанның «Мағжанды өлтіргендер» әңгімесі «Абақты» романына енген. Шығармада алаш ақыны Мағжан Жұмабайұлының соңғы күндері суреттелген. Тарихи шындықтың көркем шындыққа айналуын талдағанда, жазушы шеберлігін, психологизмді, кейіпкер болмысын, әсіресе әсерлі детальдардың сәтті берілуін көрсете аламыз.

Әңгіме бас кезінде Мағжанның қала шетінде қалың қара ағаш ішінде Зылықа әйелімен пәтер жалдап тұрып жатқаны айтылады. Бірден ақынның орыстың екі бөлмелі пәтерін жалдап тұрып жатыр дегенінен үй иесі қазақ еместігіне назар аударамыз. Қаламгер пәтер иесі өз ұлтымыздан еместігін айту арқылы астарында қазақ жерін орыс отарлағанын, соның бір зардабын алаш арыстары да көргенін, туған қаласында үйсіз жүріп, өгей ұлт өкілінен пәтер жалдап қалған күйге жеткенін айтқысы келгендей. Мағжан өзін оты сөніп, суып қалған моржалы пешке ұқсатады. Оқырман бұл суреттен ақынның «Қараңғылық қоюланып келеді» өлеңін еске түсіреді.

Қараңғылық қоюланып келеді,  
Пеш ішінде шоқ ақырын сөнеді.  
Күлімсіреп жанымдағы жас бала,  
Қызық көріп сөнген шоқты үреді.

Шоқ үстінен кішкене ұшқын ұшты да,  
Біразырақ шоқ қызара түсті де,  
Дереу сөніп, тезірек күлге айналды,  
Астындағы ыстық күлді құшты да.



Пеш ішінен шоқ ақырын сөнеді,  
Сөнген шоқты үріп, бала күледі.  
Ой басты ма? Әлде көзім талды ма,  
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді.

Мағжанның 1918 жылы Омбыда «Үш жүз» партиясының түрмесіне камалар алдында жазған өлеңіндегі көркем сюжетті Дүкенбай Досжан шығармасында пайдаланған. Өлеңде лирикалық кейіпкер – автордың өзі. Уақиға 19 жыл бұрын болса да, ақынның көңіл-күйін, жан тебіренісін дәл жеткізеді. Екі жағдайда да Мағжан абақтының құрсауына камалатын күйде болады. Сондықтан жазушының «Қараңғылық қоюланып келеді» өлеңін мысалға келтірмесе де, ондағы суреттелетін пеш деталін пайдаланғанын сәтті шыққан дей аламыз.

Әңгімеде пеш жайында әңгіме осымен аяқталмайды. Өзімен өзі ғана оңаша тоңып отырған Мағжанды Зылықа жары оятқандай болады: *«Дереу отын әкеліп, от жағып жіберейін, пешті жылытайын»*, - деді. Мағжан *«пеш»* деген сөзді естігенде жылы денесіне мұз басқандай шошып кетті. *Жанары шатынап шегіншектеп қабырғаға жылжыды. «Пеші несі?», - деп күбірледі. Бейне, алдын алмаса, қам қылмаса — келіншегі сырттан сүйретіп әкеліп, жалма-жан сіріңке шағып отты өртеп жағатындай. Ол от өз денесінің төменгі жағын, пешке айналған тұсын әп-сәтте жалынға орап жалмайтындай көрінді». Немесе: «Оянған кездегі елесі құрғыр тегін емес. Ет пен сүйектен жаралған елжірегіш, иланғыш, сезгіш, елп еткіш газиз жан көрер көзге ештемеге иланбайтын, қызықпайтын, жылжи қоймайтын ағаш адамға айналып бара жатқанын осы жолы анық сезді. Оты жанып таусылған пешке ұқсайды».*

Мағжанның «Қараңғылық қоюланып келеді» өлеңіндегі пеш деталі, лирикалық кейіпкер бейнесі Дүкенбай Досжанның «Мағжанды өлтіргендер» әңгімесінде автор мұратына қарай көркем орайласқанын байқай аламыз.

Мағжан Жазушылар одағына жолға шыққанда үстіне көне пальтосын киеді. Одаққа жеткенде көнетоз, мата құлақшынын қолына алады. Осы детальдардан ақынның тұрмысы жүдеу, материалдық жағдайы қиын екендігін білеміз. Ақмешітте алқалы жұрт алдында жиын ұйымдастырған белсенді жігіт қызыл жағалы, қайыс белдікті етіп суреттеледі. Бұл



үзіндідегі қызыл жаға мен қайыс белдік детальдары большевик билігінің белсенді адамын еске түсіреді. Жазушылар одағы төрағасының хатшысы білегін жалаңаштап отырды дегенінен автор жеңілтектеу мінезді қызды айтқысы келген. Онысын одақ төрағасы қабылдау бөлмеге келе салып, хатшы қыздың бұлтиған төсін мытыды деп жазғанынан түсінеміз.

Осыдан он төрт жыл бұрын бұл кім еді дегенінен Мағжан 1924 жылды меңзегенін ұғамыз. Дәл сол жылы алаш ақыны үсінен қисынды-қисынсыз сын күшейіп, Орынбор мен Мәскеуде шығармашылық сот ұйымдас-тырылғаны мәлім еді. Осы тарихи шындықты жазушы Д.Досжан біле отырып, әңгімесіндегі кейіпкер түпбейнесі ретінде С.Мұқановты меңзегендей әсер қалдырады. Шығармада уақиға баяндалатын 1937 жылы Жазушылар одағының төрағасы С.Мұқанов болғандығы анық.

Одақ төрағасының пальтосы көнетоз емес, ол тиісті орнына, киімлігішке ілінеді. Төраға төс қалтасынан тарағын алады да, шашын тарайды. Содан кейін тарақ жүзін «суф» деп үрлейді. Байқасақ, бұл үзіндіде де жазушы тарақ деталі арқылы астарлы ой жеткізгісі келгендігін ұғамыз. Тегінде, тарақ шашты ретке келтіретін, адамның бет әлпетін сұлуландыратын бұйым. Тарақты қосу арқылы жазушы кейіпкердің сыртын ажарлауға құмар жан екендігін айтқысы келгендей. Одақ төрағасы Мағжанның талантын мойындайды, алайда кекесін сөйлеп, менменси қарайды. Айтқан сөзінен, қылығынан жағымды, ізгі ниетті, адамгершілікке жақын бейнені көру қиын. «Мағжанға қарыз бердім, тамағын асырағам деп тобырға айтуға жақсы» деген пиғылы Одақ төрағасының кісілік болмысын анық көрсетеді.

Әңгімеде айтылатын: *«Естідіңдер ме, Қызылжар мен Есілкөлдің арасында отырған Ахметжанның аулына барып бұл ақынымыз былтыр сегіз үйге қонақ болып, сегіз бас мүжіпті, сол сегіз үйдің бас көтерер еркегін үндеместер түгел тізіп ұстатып жіберіпті. Елден келген жамағайыным айтты»*, - деген оқиға Мағжанның өмірінен алынған тарихи шындық. 1936 жылы ақын туған жері Қызылжар еліне жақын қоныстанған жанашыр нағашы жұртына қонақтап барғаны мәлім. Сол сапар кезінде бүгінгі Омбы облысының Москоленки ауданында орналасқан Қарағаш, Қызылағаш, Саға, Тұмба секілді аулдарда қонақ болады. Нағашы жұртында мауқын басқан ақын «Нағашыларға», «Жауардың азаматтарына», «Жас Мағжанға» сынды соңғы өлеңдерінің бір бөлігін жазады. Осы та-



рихи шындықты жазушы Дүкенбай Досжан әңгімесінде көркем шындыққа айналдырғанын көреміз.

Ақынды тұтқындауға келген қазақ сержантының аты Шырақбек Қабылбаев болса, еврей аға лейтенантының есімі – Иосиф Марсельский. Жазушы қайғы мен қасірет әкелген НКВД-ның екі адамына бұл есімдерді тегін бермеген деп түсінеміз. «Халық жауларының» соңына шырақ алып түскен, ізін аңдыған зұлым мінезді сержант есімі Шырақбек аталуы қисынға келеді. Ал оның сол арыстарды түрмеге апарып тығатынын, қабылдайтынын байқататын тегі Қабылбаев деп әдейі берілгендей. Аға лейтенант есімі де Иосиф деп тегін аталмаған. Қанды қырғын отыз жетіні ұйымдастырған қызыл көсем Иосиф Сталин екенін жазушы лейтенант есімімен жеткізгісі келгендей.

Хаюуан мінезді жауыз жендет лейтенант Марсельский Мағжанның: *«Жазғандарым я қарауылға, я мақтауға арналған үгіт өлең емес, адам жан дүниесінің, сезім сырларының шындығын ашқым келді, менің шындығым – көңіл, көз суреттері ғана»*, - деген сұлу өнер, биік эстетика жайындағы әңгімесін түсінбейді. Сондықтан ол ақынды ауыр азапқа салып, аямай ұрып-соғып, тиісті қағазға қол қойдыруға, айыпты мойындатуға күш жұмсайды.

Тергеуші Иосиф Марсельскийдің жас келіншегін жазушы әңгімеге нендей мақсатпен қосқандығын бірден түсіну қиын. Жас келіншекке Марсельский жақында ғана үйленген екен. *«Тәсі бұлтиған, бөксесі тырсиган ақсарының әдемісі, не болса соған ішек-сілесі қатып күле береді»*, - дегенінен, жас келіншектің ақымақтау, мінезі тұрақсыздау кейіпкер екендігін байқаймыз. Тергеушінің жас келіншегінде адам сүйсінерлік мінезі болмағанынан екеуінің бір-біріне сай екендігін аңғарамыз. Жас келіншек жақында ғана тұрмысқа шықса да, күйеуінің көзіне шөп салады, жарының алдында арын таза ұстамайды. Таңдаған әйелі тұрақсыз, ниеті бұзық адамның мінезі де соған лайық болуы керек деген ой қорытындысын жасауға болады.

Шығармада «Алқа бағдарламасы», «Жапон шпионы», «Ақынның 1937 жылдың 30 желтоқсанында тұтқындалғаны» сынды тарихи шындық, Мағжан ісіндегі айыптау баптары әңгімеде сол күйі көркем баяндалады.

Көркем шығарма алаштың айтулы ақыны Мағжан Жұмабайұлы өмірінің соңғы күндерін суреттеуге арналған. Туынды Мағжан есімінің халқына



қайта оралған жылдары жазылуымен, ақынның қилы тағдыры мен жауһар жырларын қалың көпшілікке насихаттауымен құнды. Дегенмен туындыда қиысынсыз бір-екі сюжетті айтуға тиістіміз. Мағжанды тергеген лейтенант Марсельскийдің жас келіншегі жаңа ғана үйленсе де, отбасылық өмірдің қызығы суи қоймаса да, бірден күйеуінің көзіне шөп салғаны шындыққа қабыспайды. Себебі оның тұрмысқа еріксіз шыққаны, сүймей қосылғаны туралы әңгіме айтылмайды. Сондай-ақ келіншектің бөтен еркекпен жақындасуы тым анайылау суреттелген және шығарма сюжетіне қажетсіз қосылған секілді деп білеміз. Көзіне шөп салған жас келіншекті де, бөтен еркекті де тергеуші Марсельский қолында тапаншасы бола тұра аяйтыны, өлтірмейтіні де қисынға келінкіремейді деп ұқтық. Марсельский Мағжанды аямай ұрғанын, аюауан мінез көрсетіп жауыздық көрсетуін оқығанымызда оның бойында мейірім жоқтығын білдік. Ал шығарма соңында сол жауыз тергеуші жас келіншегін қызғанбағаны, тым болмаса қол жұмсап сабамағаны түсініксіз. Марсельскийдің: «Мына тұтқын да өзім секілді бір бейбақ-ау» деп іштей жібіді тергеуші. «Бұл адам өмірін әу баста дұрыстап құрастыра алмаған бейбақ қой. Ақын болмай, арбакеш болғанда жүз жасар еді, бәле де, жала да қыр астынан айналып өтер, бәлкім?!» деген рақымшылық жасағысы келіп философиялық ойға батқанын да қабылдай алмадық. Себебі оның зұлым жауыз да болмысы мұндай ойды басына келтірмейді деп түсіндік.

Әңгіме соңында Мағжанның соңғы сөзін автор сәтті орайластырған деп санамыз. Үзіндіде жазушы ақынның өмірлік бір мұраты, қайырымдылық жасауға жаралғаны, мұсылман баласының бір парызын өтеуге ұмтылғанын баяндайды. Гуманист ақын: «Әттең-ай, жалғыз өкінішім бар, соңғы ұсталар алдында Жазушылар одағының табалдырығында қол жайып, садақа сұрап қайыршы шал отыр еді, шығып бара жатқанда қалтамда ештеме болмай, садақа бере алмадым. Өкінішім сол ғана», - дейді.

**ШАПАҒАТ ЖАЛМАХАНОВ,**  
*филология ғылымдарының докторы, профессор*

## **А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

Ахмет Байтұрсынұлының, «ғылымның нұрлы шамшырағының» (Әлімхан Ермеков), оқу-ағартушылық қызметі 4 бағытта жүргізілді: 1) «Айқап», «Шора» журналдары мен «Қазақ» газетінде жер, ұлт, тіл, мемлекеттік құрылыс және тәуелсіздік, яғни қазақтың тәуелсіз мемлекеті жөнінде жазған мақалалары; 2) шығармашылық ағарту жолы, олар: 1909 жылы Петербургте шыққан «Қырық мысал» деген аударма жинақ, 1911 жылы Орынборда шыққан «Маса» мысалдар жинағы, 1923 жылы жазылып, жоғалып кеткен «Мәдениет тарихы» зерттеуі, 1926 жылы Москвада басылған «23 жоқтау» жинағы, осы жылы Москвада жарық көрген «жыршылардың айтуынан алып өңдеп өткерген» «Ер Сайын» жыры; 3) сауат ашуға арналған әліппелері, бейімдендіруге арналған оқулықтары және дағдыландыруға арналған әдістемелік баяншылары; 4) білім-ғылым жолы, жоғары оқу орындарына арналған лингвистиканың фонетика, морфология және синтаксис салаларына арналған «Тіл – құрал», әдебиеттануға арналған «Әдебиет танытқыш» еңбектері. Әліппе, оқулық және баяншылардың 1912 жылдан 1928 жылдың аралығында 48 рет қайталап, толықтырылып басылуы – Ахмет Байтұрсынұлын қазақ халқын сауаттандыру мен білімдендіруде – ағартуда қандай қызмет еткендігінің сандық қана емес, сапалық, мазмұндық көрсеткіші.

Ол еңбектері «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Баяншы», «Әліппе», «Сауат ашқыш», «Әліп-би» және «Тіл жұмсар» деп аталады. Олар Орынбор, Семей, Ташкент, Қазан, Уфа, Қызылорда қалаларында жарық көрген.

«Оқу құралы» атты оқулықтары балаларды дыбыс әдісі (усул сотие) негізінде сауаттандыруға арналып, 1926 жылдан бастап Т.Шонановпен бірге 3-4 жылдық мектептерде оқытылатын кітап болып шыға бастаған. 1912-1927 жылдар аралығында қайталанып, толықтырылып 10 рет басылған.

«Сауат ашқыш» ересектерді сауаттандыруға арналған, 2-ақ рет (1924, 1926) басылған.

«Әліппе астары» – «Оқу құралдары» үйретуге арналған баяншы, қазіргі тілмен айтқанда әдістемелік нұсқау.

1920 жылы Қазанда бір-ақ рет басылған «Баяншыда» реформаланған араб әліппесін мұғалімдер оқушыларға қалай үйретуі керек екені баяндалады.

1928, 1929 жылдары ғана жарық көрген «Тіл жұмсарлар» – сөйлеу, оқу және жазу тілін тәжірибе жүзінде іске асыруға үйрететін, қазіргі тілмен айтқанда, практикалық сабақтарға арналған жаттығулар жинағы.

«Әліп-би» – «Оқу құралы», «Сауат ашқыштардың» жалғасы іспетті. Бірақ «Әліп-бидің» өзіндік өзгешелігі бар. Ол – дыбыс негізді әдіс (усул сотие) «төте оқу» және әріп негізді әдіс (усул медие) «тұтас оқу» деген принциптерін жақындатып, араластырып оқыту мақсатындағы еңбек, қосымша «Жаңа құрал» деп аталуының себебі де осы.

«Тіл – құрал» оқулықтарының жарық көруі 1914 жылдан басталады. Бұл оқулықтардың бірінші жылдық, екінші жылдық, үшінші жылдық болып бөлінуі, қазіргіше фонетикаға, морфологияға, синтаксиске арналғандығын айғақтайды. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне арналған оқулығы (1914 ж) – Ахаңның араб әліппесі негізіндегі қазақ жазуын ретке келтіріп қалыптастыруының нәтижесі. Олар 10 рет қайта басылған. А.Байтұрсынұлының фонетика жайындағы 1928 жылы «Жаңа мектеп» журналында жарияланған «Дыбыстарды жіктеу туралы» атты шағын мақаласында қазақ тіліндегі дыбыстарды айтылуына, жасалуына («мүшелердің қатысуы») қарай жіктеуі бұған дейінгі еңбектерінен өзгеше жаңалық болды. Дегенмен А.Байтұрсынұлының қазақ тіліндегі дыбыстарды жіктеу критерийлерінде зерттеп зерделеуді қажет ететін тұстар жеткілікті...

Морфологияға арналған «Тіл – құрал» кітабы 1915 жылдан 1927 жылға дейін 9 рет басылыпты.

Синтаксиске арналған «Тіл – құрал» кітабы 1923 жылдан 1928 жылға дейін 6 рет жарық көріпті. Тұжырымдай келгенде, оқулықтардың 16 жыл ішінде (1912-1928) қайта басылғандарының жартысы (25 рет) қазақ лингвистикасының жоғарыда аталған салаларында А.Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» оқулығының қалыпты грамматикасының мән-маңызын ай-

қындайды. Кейіннен жазылған ғылыми грамматикалардың негізі болғандығын дәлелдей түседі.

Алашорданың 1917 жылғы желтоқсанда болған жалпы қазақтық съезінде М.Дулатовтың қазақта медресе мен мектептің, молда мен мұғалімнің тапшылығын, оқулықтың жоқтығын көтерген баяндамасы бойынша бастауыш және орта қазақ мектептері үшін оқулықтар жазу жөнінде комиссия құрылды. Ал 1905 жылғы революцияға дейін патшалық Россия отар елдер тілінде баспасөздің болуын шектеген, тыйым салған. А.Байтұрсынұлы 1929 жылы өз қолымен жазған «Өмірбаянында»: «қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен (Орынборда – Ш.Ш.) айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты» дейді. Бұл мақсаты кейіннен қазақ лингвистикасы мен әдебиеттануына арналған еңбектерінде заңды жалғасын тапты.

А.Байтұрсынұлының еңбектері қазақ қауымының ғана емес, қырғыз халқының да рухани қажеттілігін өтеген. Мәселен, 1924 жылы 12 маусымда Орынбор қаласында қырғыз-қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі өткені белгілі. Келесі 1925 жылы 25 мамырда Бішкек қаласында Қарақырғыз автономиялық облысының ағарту қызметкерлерінің педагогика және білім мәселелері жөнінде облыстық I съезі өтеді. Осы съезде Орынбордан А.Байтұрсынұлы шақырылып, құрметті президиумға сайланған. А.Байтұрсынұлы осы съезде қырғызша және орысша қысқартып аударып сөйлейді. Ол өз сөзінде әрбір түркі тайпасының өз тілі, өз кітабы және осы тілде өз мектебі болуы керек екенін айта келіп, жиырмамыншы жылдары түркі тайпаларының жазуы жаңадан пайда болды, әр диалект өз алдына тіл болып бөлінгенін, осындай кезеңде әліппе мен термин мәселесі бірінші қатарда тұруы керек екенін айтады. Қырғыз профессоры Карбоз Дыйканов А. Байтұрсынұлының 1910, 1912 жылдары Қазан, Уфа, Орынбор қалаларында қазақ тілін татар тілінен бөліп ажырату үшін «Қазақ әліпбиін» 3 рет оқулық етіп шығарғанын, қырғыздар бұл кітаптарды 1924 жылға дейін оқып пайдаланғанын баяндайды [1:12-13].

Тағы бір қызықты дерек Т.Шонанұлының 1923 жылы Ахмет Байтұрсынұлын мерейтойына арнап жазған мақаласында [2] А.Байтұрсынұлының 1921 жылы қазақ тілінде аударма оқулықтар шығару және жазу жөніндегі комиссияның төрағасы болып сайланып, әдебиет тео-

риясын жазу М.Жұмабаевқа тапсырылды дегенді айтады. Әйтсе де әдебиет теориясына арналған «Әдебиет танытқышты» Ахмет Байтұрсынұлының өзі 1926 жылы жазып, Ташкентте жарық көргені белгілі. Бұл еңбек – Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттануы терминдерін жасап қалыптастырушы ғана емес, қазақ әдебиеттануының негізін салушы екендігінің айғағы.

### **Пайдаланылған әдебиет**

1. Дыйканов К. Кыргыз тили жана Акмат Байтурсунов // «Ана тілі» газеті, 1998 жыл, 24 қыркүйек. - №38. – Б. 12 – 13.
2. Шонанов Т. А. Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында // «Жұлдыз» журналы, 1992, №2. Б.123-128.

## ЖАНТАС ЖАҚЫПОВ,

*филология ғылымдарының докторы, профессор*

### ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫН ҚҰТҚАРУШЫ

Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы Бақы қаласында өткен Бірінші бүкілодақтық түркітану сиезінде сөйлеген сөзінде: «Мәдениет тірі табиғаттағы жаратылыс дамуының жалғасы ретінде өзінің дамуы үшін жайлы жағдайдың болуын талап етеді. Дәл осындай жағдай Ресейде тұратын түркі халықтарында болған жоқ. Түркілер әлденені алып қабылдайтын жалғыз ғана халықтың бұлармен тұрмыс түрінде ешқандай ұқсастығы жоқ, оның үстіне үстемдік етуші, бұратаналарға қатысты орыстандыру, православтандыру, құлдыққа салу саясатын ұстанатын өкімет басшылары бар халық болып шықты», - деп шындықты жарлаған еді. Осы сөзінде Ахмет әліпбиінің шығуына себеп болған бір жайт бар. Ол Ресей отаршыл өкіметінің қазақтарды шоқындыру жоспары еді. Алдымен 1868 жылы қазақты шоқындыруды мақсат еткен ереже қабылданып, 1892, 1898, 1902 жылдары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуға тиісті мемлекеттік бағдарламалар даярланады. Қазақтарды шоқындырып орыстандыру 1902-1916 жылдардың арасында орындалуы тиіс болатын. Бұған бағынбағандарды қырып салу үшін Түркістан уәлаятында жазалаушы әскер де дайындалған болатын. Сөйтіп, қазақ руханиятына (Руханият – ұлттың басты тірегі), ұлттығына үлкен қатер төнді.

1914 жылдың мамыр айындағы «Қазақ» газетінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Хүкіметке жағымдысы – қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болу. Ресей қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, хукіметке онан артық іс болмас», – деп жазды. Ұлтты жоятын мұндай зұлматқа қарсы тұрар күш ол кезде қазақта жоқ болатын. Шоқындып жатқан қазақтар да баршылық еді.

Міне, осы айтылған жайттар Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі шығуының әлуеметтік-тарихи алғышарты болды.

Қай халық болсын қайта жаңғырып отыру үшін, жалғасу үшін био-

логиялық ген сияқты тұқымдық коды болуы керек. Ал бұл код сөз, ұлттық тілсіз өмір сүре алмайды. Халық тілден басталады. Ұлттық тіл - сөз экологиясы тұрғысынан қарағанда, халықтың **геномы** болып табылады. «Тіл этностың ең айқын және тұрақты көрсеткіші болып саналады» (Н.Толстой). Бұл геном әр түрлі құрастырушы сыңарлардан тұрады. Халық геномы әліпбиден, әріптен басталады. Әдетте, «қандай әліпбиді қолдануда тұрған не бар»? – деп жатады. Жоқ, бұның маңызы зор. Орыс ғалымдары кириллица тек орыстарға ғана (және басқа славяндарға) арналған, онда біздің мәдениетіміздің, христиандық рухтың ерекше коды бар деп есептейді. Бельгия лингвисті Ф.Винкенің таяудағы зерттеулері көрсеткендей, кирилл әрібінде, оның символикасының тұтас жүйесінде діни, дүниеге көзқарастық (құдайлық Үштік, Логостың орналасуы т.б. туралы) мәністік мазмұн бар (Миловатский). «Әр жаңа әріп өз бойында оны жасаушының ниет, аңсарын сақтайды, онда терең киелі мән болады, дүниені діни түйсінуді, әр символдың мистика тұрғысынан тәпсірленуін бейнелейді» (Литературная учеба, 1996).

Феноменологтардың дәлелдеуінше, латын әліпбиі – католиктерге, кирилл әліпбиі – православтарға, араб жазуы мұсылмандарға Көктен түскен.

Бұл жайттар Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиінің шығуына рухани түрткі болды деуге болады.

Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлы алдында орыс алфавиті, батыс алфавиті жатқанмен, араб әліпбиін таңдады. Осы әліпбидің негізінде қазақ әліпбиін түзіп шықты. Өйткені жазудың – дінмен, ал араб жазуының қазақтардың ұстанатын діні исламмен (Құранмен) байланысты екенін білетін ғұлама ислам таңбасы тұрғанда қазақтардың шоқынудың бар қоймайтынын жақсы білді. Христиан басқыншылығына қарсы тұратын мұнан артық күш ол кезде табылмас та еді. Осылайша Ахаң әліпбиі қазақ рухының қорғанына айналды.

Ол сонымен қатар араб жазуының табиғи қозғалыспен орайлас екенін жаратылыстану тұрғысынан дәлелдеді. «Жазуға қай жазу ыңғайлы болатынын айыру үшін басқа жұмыстар жүзінде қолға күш түсетін істерден жасалған ілім тәжірибелерін алып қарау керек болады. Латын жүйелі жазумен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің жүретін бағдарына қарсы келіп отырады. Сол ыңғайына қарай жазу жолы да солдан оңға қарай жүреді. Араб әрпімен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат

тілінің бағдарымен бірыңғай келіп отырады. Сол ыңғайына қарай жазу оңнан солға қарай жүреді», - деп көрсетті («Байтұрсынұлы Ақыметтің араб әліпбиін жақтаған баяндамасы»). Бұған Жердің Күнді оңнан солға қарай айналатынын, тамырдағы қанымыздың оңнан солға қарай ағатынын қосыңыз.

Осылайша, ұлт Ұстазы қазақ руханиятын, сайып келгенде, қазақ ұлтын орыстандырудан, христиандандырудан құтқарушыға айналды. Олай дейтініміз – қазақтың қазіргі ойшылы Амангелді Айталы дәл айтқандай: «Отарлаушылардың бұлайша ислам дініне айрықша шүйлігуіне басты себеп: мұсылманшылық қазақ арасында – ұлттық мәдениеттің, тарихтың, әлеуметтік құрылымының маңызды қыры ретінде қалыптасқан. Шындығында, ортақ ұлттық мәдени және рухани мұрадан дінді бөліп алу мүмкін емес. Социализмнің дін мен мәдениетті ажырата алмауы осыдан. Дінінен айырылған халық ұлттық қасиетінен де айырылады. Ұлт болып үюдың негізі – дінде. Халық санасына ұлттық идея дінмен бірге енгеннен кейін тәуелсіздікке деген арманнан ешқандай отаршылық айныта алмайды, себебі онда Құдайдың құдыреті жатыр».

Сөз соңында айта кету қажет, қазақ тілін, қазақ сөзін Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиіндегі дәл бейнелейтін әліпби бұрын да болған жоқ, қазір де жоқ.

**АЙДЫН РЫСБЕКҰЛЫ,**  
алаштанушы

**БЕЙМӘЛІМ АЛАШ: МҰХТИХАР ТИТАҚОВ**  
(Эссе)

*XX ғасырдың басында Алаш-Орда ту тіккен бүгінгі Семей жері – кешегі Қазақ мемлекеттілігін қайта тірілген жер. Бұл қаланың Алашқа қатысты саяси-экономикалық, тарихи-әлеуметтік, мәдени-рухани маңызы мен рөлінің зор екені күллі әлемге аян. Былайғы жұрттың: «Алаш десең - Семей, Семей десең - Алаш!» - деп қабылдайтыны да содан!..*

\*\*\*

Бұл бір нысаналы тағдыр шығар. Мен 1989 жылы Семейдің Н.К. Крупская атындағы педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түскенімде Алаш арыстарының соңғы тұяғы – Қайым Мұхамедханұлынан ауыз әдебиеті мен Абайтанудан дәріс алдым. Алғаш рет «Алаш» деген сөзді де сол кісінің аузынан естідім. Содан бері белгілі бір деңгейде Алаш тақырыбына ден қойып келе жатырмын...

Ол кездің адамдары әр жексенбіде Ленин саябағына (қазіргі орталық саябақ) жиналып, өзара әңгіме дүкен құратын. Бұл тұс – Қайым ағаның мені Алашқа бейімдеп жүрген тұсы еді. Оңаша сұхбаттасуымыздың көбін сол саябақта жасайтынбыз. Бір жолы ағамыз саябақтың маған беймәлім тарихынан сыр шертті. «Совет үкіметіне дейін, мына саябақтың орнында Никольский шіркеуі тұрған. Осы жерде Алаш атты әскерін Жетісу фронтына аттандыру рәсімі өткен. Оған Алаштықтардың барлығы қатысқан. Газет пен журналдан бөлек, бұл салтанатты рәсім жайында үлкен пьеса да жазылған. Бірақ оны НКВД жендеттері жоқ қылды. Болашақта табылып қалар?» деп, - жаңа бір тың деректің тиегін ағыта бастады...

1918 жылдың қаңтарында Алаш Орда ұлттық үкіметінің Орталық комитеті Алаш қаласының (қазіргі Семей) сол жағалауына келіп орналасады. Өйткені ІІ жалпы қазақ съезінің қаулысымен Семей – Алаштың уақытша

тұратын орны болып бекітілген-ді. Жаңадан құрылған мемлекеттің бір тірегі әскер күші болғандықтан, қаладан 5 шақырым қашықтықтағы «Сор» (бүгінгі Жарқын ауылына қарай) деген жерде тұңғыш кәсіби әскер – I Алаш атты әскер полкы жасақталады. 1918 жылдың 18 маусымында талтүсте үш линиялы винтовкамен қаруланған саны 535 адамдық Алаш отряды қалаға оңтүстік-батыс жағынан келіп кіреді (500 сарбаз, 35 орыс офицер – А.Р.). Бұл жайлы Абай журналының 1918 жылы 19 маусымда шыққан санында Жүсіпбек Аймауытұлы: «Алаш қаласында қазақ басшылары жиналып, Алаш Ордасын көтеріп, қызметке кірісе бастады» деп жазады. Сол 19 маусым күні кешкі сағат 6-да тура осы екеуіміз отырған жерде Семей елі Алаш мемлекетінің көшбасшысы Әлихан Бөкейханды хан көтергендей сән-салтанатпен қарсы алады. Алаңда атпен сүйрейтін үш доңғалақты 14 зеңбірегі бар, қолдарына Алаштың ақ туын ұстап, «Жасасын, Бүкілресейлік және Сібірлік құрылтай жиналысы», «Жасасын, Отанның адал ұлдары!» деп жазылған транспаранттар көтерген I Алаш атты әскер полкының сарбаздары аттың түсіне қарай, торы аттылар бір қатар, жирен аттылар бір қатар болып сапқа тұрғызылады. Әлихан Бөкейханның келуі құрметіне орай, полк командирі Хамит Тоқтамышевтың бұйрығымен атты әскер «Алаш» деп ұран салады. Жүсіпбек Аймауытұлының «Арғы атам – ер түрік, Біз-қазақ еліміз» деп басталатын Алаш гимні (*елұраны*) орындалып, салтанатты парад Алаштың ақ туының саясында ашылады. Полк командирі Хамит Тоқтамышев салт атпен келіп: «Алаштың бірінші полкы сап түзеп, дайын тұр!» - деп, Әлихан Бөкейханға рапорт береді. Рапорт қабылданғаннан кейін, Уақытша Сібір үкіметінің Алаш Ордамен одақтастығы негізінде әскерге болысуға келген әскери штаб бастығының көмекшісі, полковник Папин, штаб адъютанты, капитан Виноградов және Уақытша Сібір үкіметінің өкілі Давыдов тарапынан сәлемдесу рәсімі жасалады. Содан соң, Әлихан Бөкейханға сөз беріледі» деп, сәл үзіліс жасайды да: «Осы айтылғандардың бәрі жаңағы Алаш пьесасында бар. Тіпті, бұл шығарманы алғашқы талқылауға Тұрлыхан Қасенұлы қатысып, басты рөлді Шахан Мусин ойнайтын болып келісілген де... Меніңше, сол пьеса осында жатыр» деп, жәйлап орынынан көтерілді...

Мен әрдайым Қайым ағаның есте сақтау қабілетінің жоғарылығына қайран қалатынмын. Жолшыбай соның себебін сұрап едім: «Егер есте сақтау қабілетім мықты болсын десең, «Абай жолын» бес рет оқы!» - деді

(Ағам айтқандай, бес рет оқыдым, және басқа кітаптарды да соншама рет оқитын әдет тауып алдым).

Екеуара өрбіген әңгіменің ауаны жаңаша сипат ала бастады. Алашқа сусап өскен менің көкейімді тескен сұрақтарым көп еді. Ағамның ішіндегісін шығартып, сөйлетейін деген оймен Алаш мемлекетінің күйреуіне не себеп болды?» деп, қайта-қайта қолқалап қоймай келемін?! «Біріншіден, империялық-шовинистік саясаттан арылмаған Ресейге сену қауіпті, мейлі ол патшалық болсын, мейлі кеңестік. Өйткені Ресей өзінің «ұлы орысшылдық» саясатынан ешқашан бас тартпайды. Оны өзгертпейді. Екіншіден, Эбу Насыр Әл-Фарабидің: «Егер де надандардың қолына билік тисе, олар дүниені ойран етеді» деп айтқанындай, Алаш арыстарының түбіне жеткен өз арамыздан шыққан арамза надандар болатын. Міне, солар әлі күнге дейін біздің соңымыздан қалмай, көлеңкедей еріп келеді. Негізгі билік те солардың қолында. Олар үндемейді. Бірақ сол үндеместер сенің әбден қаныңды ішіп, күйзелтпекке әрекеттенеді. Сонда ыстық оттың жанында тұрсаң да, өлердей жаурайсың. Бұл енді, тағдырдың сынағы, інім, одан сынбай өту керек! Өйткені жаныңды жаралаған қиянат пышақтан да өткір болады екен, мен оны өз басымнан өткердім... (маған қарап) Иә, жақсылық пен бақытқа жету жолы оңай емес қой. Ең маңыздысы – оң мен терісінді ажырата алу» деп, біртүрлі суық жымыды.

Содан бастап, ағамның бұл сөзі – менің өмір бойғы темірқазығымна айналды. Кейде оңбағандардың жасаған қысастығынан жаным жабырқап бара жатса «осы менің оң-терісім қайсы еді?» деп, жан-жағыма ауық-ауық қараймын...

БІлгі да дауылы соғып, құйыны бораған ең қиын-қияпат заманның зәбірін көрсе де, оймақтай тесіктен сәуле себезгілеген қара түнек камераға қамалып, адам төзгісіз қиындыққа жегілсе де, Қайымның сөздері сары майдай жұмсақ болатын. Ол – көңілі құлаған адамына ішкі сырын бүкпесіз ақтаратын ашық-жарқын қазақ еді. Сталиндік зұлматтың сан сиқырлы жалалығы мен қаралығының құрығына мойынсал болмаған қайсар Қайымның іс-әрекеті құстың патшасы, қанаттының сұлтаны – қайсар қыранның қылығына ұқсайды: қатал да болса әділ, ауыр да болса кәміл. Ағамыздың батырға тән мінезі жайлы заманымыздың заңғар перзенттерінің бірі Лев Николаевич Гумилев: «Мы все учились мужеству в Карлаге у Каюма» деп еске алады. Иә, Қайымның өмірі – ұлтқа үлгі,

оның жұдырықтай жүрегі «елім» деп еңірей соқты, «жерім» деп күңіренді, ақиқаттың ақ жолынан танбады...

1990 жылы Абай атамыздың алда келе жатқан 150 жылдық мерей-тойына мемлекет «Абай энциклопедиясын» шығаратын болып, Қайым Мұхамедханұлын Алматыға шақырып әкетті. Содан шығармашылық байланысымыз сәл саябырсып қалды. Әйткенмен, Алаш тағылымы мен мұраты жөнінде ағамның беріп кеткен тапсырмаларын бір сәтте есімнен шығармадым... Қайсар Қайым 2004 жылы дүние салды... Бұл да бір тарих. Ал енді ол да тарихқа айналды...

Сөйтіп, мені Алаш тақырыбына бұрған, Алаш идеясының дәмін татқызып, болашағымды бағдарлап берген Семейдің кемеңгері Қайым Мұхамедханұлы болатын. Бүгінде Қайымның әзиз есімі Семейдің ұлы үштігі саналатын Абай, Шәкерім, Мұхтарлардан кейін аталады. Қайымды оқыған сайын, идея туады, жастанып оқимын. Идея туған сайын, әрекет жасағың келеді, жігерленемін!

Иә, қадірлі Қайым аға! Сен менің бойыма мәңгі көктейтін Алаш идеясының дәнін егіп кеттің. «Абайдың жасына барғанда, Алашқа айнымастай болып, бұрыласың!», -деп едің, неткен ғұлама едің? Мінеки, енді, өзің салған Алаш жолындамын... «Ұраным – Алаш!»...

\*\*\*

1992 жылы 27 маусымда Семей облыстық ұлттық-демократиялық «Азат» партиясының төрағасы Рахат Алтай мен «Алаш Орда» газетінің Бас редакторы Жұмаш Кенебайдың басшылығымен Алаштың 75 жылдығын ұйымдастырдық. Тұңғыш рет Алаш арыстарының рухына құран бағыштап, ас бердік. Дөңгелек үстелдер мен ғылыми конференциялар өткіздік. Онда мен IV курс студентімін.

Бұл тойға Ахмет Байтұрсынұлының қызы Шолпан апа мен Міржақып Дулатұлының қызы Гүнәр апа, Мұстафа Шоқайдың туысы Байдрахман Садықұлы, Құран кәрімді қазақша аударған Халифа Алтай, алаштанушы Марат Әбсәметов, кинорежиссер Халила Омаров келді. Шолпан мен Гүнәр апамыздың көздері жасаурап: «Біздің балалық шағымыздың өткен жері ғой. Ата-анамыздың жүрген ізі қалды», -деп дайын көлікке отырмай, біршама жерді жаяу да жүрген еді...

Беу, дүние-ай десеңші! Одан бері де қаншама уақыт өтіпті-ау. Қазіргі күні Гүлнәр апа мен Шолпан апамыз ортамызда жоқ. Алаштың көзі тірі ұрпақтарынан ешкім қалмауға айналды-ау... Бірақ мен осы бір іс-шарадан бастап, қай қалада болмайын, қай қызметте жүрмейін, Алаш арыстарының рухына арнап ас беру ісін – өз өмірімнің салтына енгіздім!

2012 жылы Семей қалалық әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде қызмет істедім. Бастығым, бас-терісі келіскен Құсмілия Нұрқасым есімді алашшыл азамат еді. Бір күні ол мені шақырып алды да: «Бауырым, өзің білесің, биыл ұлтым деп маңдай тері мен ыстық қанын төккен, халқымыздың азаттығы жолына ақыл-парасатын арнап өткен Алаш мемлекетінің құрылғанына 95 жыл толады. Осынау айтулы шара Алаштың астанасы атанған Семейде дабыралы түрде тойланып өтуі тиіс. Әкімдіктің жұмысы өз алдына. Сен алаштанушы ретінде Алашты көтеретін айрықша бір іс жасауға міндеттісің», – деп шұғыл тапсырма берді. «Әрине, Құсеке!» – дедім. Менің көптен бері көкейімде жүрген ең асқақ арманымды тап басып таныған Құсекеңе алғыстан басқа айтарым жоқ!

Содан әрі ойлап, бері ойлап отырып: «Көп болса бір айдың ішінде той тойлап, ұрандатып, бітпейтін сұхбаттар, форумдар, конференциялар ұйымдастырармыз, газетке жазармыз, бірдемені мың қайталап, көпірме сөзбен телеарналарға да шығарармыз. Бірақ ол науқаншылдығымызбен қай шыңды бағындырып, қай тауды қопарамыз? Бұлар біздің тұрақты жұмысымыз ғой! Және мұндай бір реткі іс-шараларды кез келген мектеп, колледж, институттар да атқарып жатқан жоқ па? Одан да ВЧК-ОГПУ-НКВД-КГБ-ҰҚК-нің рұқсат етілмеген мұрағат құжаттарына қол жеткізудің жолын қарастырайын» деген тұжырымға келдім.

Осыған орай, 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезінің аралығын рухани жағынан қайта жаңғырту мақсатында «Алаш апталығы» деген авторлық жобамды бастадым. Ахмет Байтұрсынұлынша айтқанда «құдай сәтін салып, «әумин» деп қол жайып, «әуп» деп күш қосып, «Алла» деп іске кірістім». Апталықтың жоспары мен бағдарламасын дайындап, алыс-жақындағы алаштанушыларға хат-хабар жазып, олармен шығармашылық байланыс орната бастадым. Алайда үлкен ізденіспен сұрастыра жүріп жинаған ақпараттарымның ішінен көңілімді толтыратындай бірде-бір дәйекті дерек кездеспеген еді.

Алаш Ұлттық Жерлі Аутономиялық Республикасының астанасы –

Алаш қаласының Семейде болғаны баршаңызға мәлім. Соның өзі-ақ Семейліктерге екі есе жауапкершілік жүктемей ме екен?! Енді оны ойласам, аза бойым қаза болады. «Менмін!» деген зерттеуші, өлкетанушы ғалымдардың бәрінің де құлақ етін жеп біттім-ау деймін, қос бірдей абайтанушы, жазушы ағаларым – Төкен Ибрагимов пен Бекен Исабаевтың өздерін де зәредеп қылған сияқтымын. Бірақ обалы нешік, ол екеуі маған мәңгілік рухани азық болатын құнды дүниелердің көбін айтудай-ақ айтып жүрді. Солардың бірегейі – бір кездері Қайымнан естіген Алаш пьесасы туралы мағлұмат болатын. Олар: «Бұл пьеса бір болса, ҰҚК-де болуы мүмкін», - деді. Әрі қарай қанша әурелесем де, осыдан артық, мардымды ештеңе ала алмадым.

Сөйтіп жүргенімде, бір күні Мұрат Кенемолдин деген ағамды жолықтырып қалдым. Бұл кісі «Абай» журналының жауапты хатшысы болатын. Біздің өңірге белгілі үлкен зерттеуші және кәсіби журналист. Көп ғалымдардың қолына түсе бермейтін мәліметтер де осы ағамыздан табылушы еді. Екеуіміздің жұмыс кабинетіміз де бір қабатта болғандықтан, жиі ұшырасатынбыз. Менің әңгімелерімнің дені Алашпен басталып, Алашпен аяқталатынынан жақсы хабардар ағамыз ары-бері өткенде маған соғып кетіп отыратын. Мен де ол кісіге ара-тұра барып тұратын едім. Бірде ағам келе қалды: «Айдын бауырым, мына ҰҚК-де Мұхтисар Титақовтың «Мұрат үшін күрес» деген пьесасы бар. Егер, әкімнің атынан хат жаздырта алсаң, жақсы болар еді, мүмкін беріп қалар» демесі бар ма? Сол сәтте аузыма сөз де түспей қалып, қуанғанымнан ағамның қолын қатты-қатты қысып жіберіппін, жүзі алабұртып кетті...

Міне, Мұрат ағам осылайша сол бір жұмбақ – Алаш пьесасының атын атап, түрін түстеп берді. Көп-көп рахмет Сізге, қадірлі аға (үлкендердің жөнімен жасаған қамқорлықтарын айтып отыруды өзіме парыз санаймын)!



Бұрындары, алаштанушы-ғалымдардың барлығы дерлік Алаш өмірінен тікелей сыр шертетін драматургиялық бір шығарманың болмауы мүмкін емес деп жүруші еді. Өйткені алаштықтардың қалам тартпаған саласы жоқ. Енді, міне, «көктен іздегеніміз жерден табылды» деп, бөркімізді аспанға ата бастадық. Бірақ ол сондай жеңіл-желпі шаруа болмай шықты. Біз түгілі ҰҚК-нің аса құпия мұрағатына арнайы ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарының да әлі күнге дейін, қолдары жетпей-ақ келеді. Жасыратыны жоқ, алғашқыда мен де: «Бұлардың қасында маған



Семей қалалық әкімдігінің Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің атынан ресми хат дайындадым. Барғаннан соң, ол жердің қатаң тексеруінен өткізді де ішке кіргізді. Маған бір сағаттай ғана уақыт берілген еді. Желке тұсымнан біреу, маңдай алдымнан біреу бақылап, қарап тұрды. Міне, дәл осы жауапты сәтте әкемнен бала кезімде оқып-үйренген төте жазудың пайдасы молынан тиді. Менің алдымда жатқан сол төте жазумен жазылған Мұхтизар Түлікұлы Титақовтың «Мұрат үшін майдан» атты пьесасының көшірмесі мен «Қылмыстық ісінің» көшірмесіне көз жүгіртіп өтуге ғана мұршам жетті. «Маған қажетті құжаттар – осылар!» дегеннен кейін барып, көшірмелерін қолыма берді.

Ондағы «қылмыстық ісінің» сұрақ-жауап анкетасына қа-

рағанда, Мұхтизар Түлікұлы 1904 жылы 22 ақпанда Қарақаралыда туған. НКВД ұстаған уақытта Семей қаласы Хлебная көшесі №18-үйде тұрыпты. Білімі жоғары емес. Новосібір қаласындағы Батыс Сібір халық шаруашылығы институтында оқыпты. Партия қатарында болмаған. Тұтқындаған шамада (25 ақпан 1936 жыл) өзі – 32, әкесі Түлік – 63, анасы Жамал – 58, інісі Ескендір 13 жаста екен. Қаламгер «1917 жылдың ақпанына дейін Қарқаралыда оқыдым, 1932 жылға дейін ара-тұра болмаса әрдайым оқуда болдым» деп көрсетеді. Кесілген статьясы – әйгілі 58/10. «Мұхтизар ісінде» жеке басын куәландыратын құжаты жоқ,



(қосымша фотосуреті де жоқ) тек, кәсіподақ мүшесінің билеті ғана тіркеліпті. Бұған ол 1924 жылы 6 мамырда кіріпті. Мамандығы «экономист-плановик» деп жазылған.

Мұхтизар шығармасын «4 перделі, 6 суретті күйлі (музыкалық – А.Р) драма» дейді. Бірақ НКВД архиві оны әрі-бері жұлмалап, өздерінің идеологиясына дәйек болатын жерлерін қырқып-пішіп, тұтас дүниені мақсатты түрде бүлдірген (былтыр аталмыш пьесаның қалған 6 перделі, 6 суретті түпнұсқасы табылды және оның басқа да 3 түрлі нұсқасы бар).

Бірақ қазіргі күні бұл анкета жауабын толықтыра түсетін басқа да деректерге қол жеткіздік. Мәселен, Мұхтизардың Ескендірден басқа Мұхтар есімді бауыры мен Қамар, Айтбану деген қарындастары бар екен (бұл үшеуінің өмірін сақтау үшін, тергеушіден әдейі жасырып қалған сияқты – А.Р.). Және екі бірдей жоғары білімі болған. Атап айтқанда, Ташкент қаласындағы Орталық Азия мемлекеттік университетін (САГУ) заңгер мамандығы бойынша және Новосібір қаласындағы Батыс Сібір халық шаруашылығы институтын экономист мамандығы бойынша бітірген.

\*\*\*

Жалпы, Мұхтизар әдеби шығармашылықпен студенттік жылдарынан бастап-ақ мақсатты түрде айналысқан. Өзі ақын, жазушы, драматург әрі аудармашы болған. Бірақ оның шығармашылығы туралы мәліметтер әлі бір ғылыми жүйеге түсірілген жоқ. Дегенмен де, қолда бар аз-кем мағлұматтарға сүйене отырып, оның жеке өмірі мен шығармашылығы жайында қысқаша болса да айта кетейін.

Мұхтизардың үш дәптерге толы өлеңдері табылды. Қалғандары іздестірілу үстінде. Бірақ өлеңдері төте жазумен жазылғандықтан аударманы қажет етеді. Ол өз ғұмырында соңына (әзірше белгілісі) «Сары Арқа» атты көлемді поэмасы мен «Алаш-Орда» деген зерттеу кітабын және грузин ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған жиһанкез» атты поэмасының аудармасын, сонымен қатар, орыс ақыны Иван Крыловтың мысал-өлеңдерінің аудармаларын (соны қазақшалаған – А.Р) жазып қалдырған. Аталған туындыларының бірі – «Сары Арқа» поэмасы Ресейдің Москва қаласындағы Ленин атындағы кітапханасының «сирек кітаптар

қорында» сақтаулы жатқан көрінеді. Біздің елден ол жаққа барған бірнеше ғалым сол қолжазбаны (*мүмкін көшірмесі*) көрген және оқыған.

Бұл жөнінде Мұхтизардың өзін бала кезінде көзімен көрген қазіргі тарих ғылымдарының докторы, профессор Жабайхан Қайкен былайша еске алады: «1953 жыл. Мезгіл – күз, ұмытпасам, қыркүйек айы болса керек. Менің 13-14 жастағы кезім-тұғын. Бірде әкем маған күздік киім әпермекші болып, Аягөздің базарына барғанбыз. Сонда жолыққан өңі жүдеулеу келген бір кісіге әкем «Ассалаумағалейкум!» деп амандасып еді, анау да ілтипатты түрде сәлемдесті. Бірақ неге екенін білмеймін, екеуі көп сөйлескен жоқ. Былай шыға бере: «Әке, жаңағы кісі кім?» – деп, сұрап едім, ол маған қарады да, үндемеді. Енді ғана біліп отырмын ғой, ол кісінің кім болғанын!» деп, іштей бір демін алды да, – «осыдан 5-6 жыл бұрын Аягөзге барғанымда ондағы жора-жолдастармен бас қостық. Соның бірі - Балтабек Оразбаев деген азамат еді. Кезінде елге танымал дәрігер, үлкен ғалым болған адам. Бір жолы ол әңгіме үстінде: «Жабайхан, сен осындағы Мұхтизар Титақов деген кісіні білуші ме едің?» – деді. Мен: «Иә» – деп, басымды шұлғып ем, - «сен оның ақын болғанынан хабарың бар ма?» – деді бастырмалатып. Мен: «Жоқ, сенен бірінші рет естіп тұрмын» – деп, оған таңырқай қарадым. - «Осы пединститутта Мұратбек Кенжебеков деген оқытушы болды, өзі тарихшы. Екеуіміз жолдаспыз. Міне, сол диссертациясының жұмыстарымен Москвадағы Ленин кітапханасына барған ғой. Мен де сол кезде Москвада жүрген болатынмын. Бірде кітапхананың алдында екеуіміз кездейсоқ ұшырасып қалдық. Содан арқа-жарқа болып әңгіме-дүкен құрып отырғанымызда Мұратбек: «Әй, Балтабек, сен осы Аягөздегі Мұхтизар Титақов деген кісіні білесің бе?» – деп сұрады. Мен: «Білемін, атақты адвокат болатын!» – деп ем, «Білсең, сол ағаңның «Сары Арқа» атты поэмасын мына кітапханадан алып оқыдым. Тілі керемет екен, өте көркем жазылған. Ондай поэманы бұрын-сонды көрген емеспін. Бірақ «рұқсат жоқ» деп, не суретке түсіруге, не көшіріп алуға бермей қойды» – деген еді қатты налып. Содан олар Семейге қайтып, Аягөзге келгеннен соң да, бұл жақтағылардан сұрастырып көрсе, Мұхтизардың білгір адвокат қана емес, ақын, аудармашы болғаны да мәлім болады. Енді, бауырым, өзін зерттеп жүр екенсің, біраз дүниелерін де тауыпсың. Бұйыртса, сол поэманы да аларсың. Жолың болсын!» деп Жабайхан атам бата-тілегін айтып қалған еді.

Енді, міне, қадірменді ағалар! Өздеріңіз айтып жүрген Москвадағы сол поэма қолыма тиді.

**САРЫ АРҚА**  
(поэмадан үзінді)

*Арқаның алтын таңы шабақталып,  
Сарғайып сары белден бұлтты жарып.  
Қызарып ұядан күн қияға өрлеп,  
Көзіме нұр төгеді тұрған барып.*

*Арқаның жазғы кеші жанарланып,  
Жібек жел аңқып иісі самалданып.  
«Көрдің бе» – деп қызыл күн көзін салды,  
Торғындай түрін төккен жүз құбылып.*

*Арқаның шалқар көлі жатыр көлбеу,  
Құс ұшып, қаз қаңқылдап көкте өрлеп.  
Қаршыға ытып кеткен қолдан ұшып,  
Түсірген үйректерді теуіп, сермеп.*

*Арқаның жазғы көші жайлауға өрлеп,  
Салтанат, сәніменен жатыр көлбеу.  
Ән шырқап, қыз-бозбала ен далада,  
Жортақы жүйрігімен жарыс сермеп...*

Сондай-ақ кейбір деректер бойынша, Мұхтизар 1943 жылы 13 желтоқсанда РСФСР-дің Совнорком төрағасының орынбасары Ковалев жолдаспен және Қазақ ССР-нің Совнарком төрағасы Оңдасыновпен кездесуін өлеңмен жырлаған екен...

\*\*\*

Мұхтизардың «Мұрат үшін майдан» пьесасы табылды. Содан әрі қарай бұл баға жетпес құндылықты тарих ғылымдарының кандидаты, до-

цент Мұхамедқазы Мұхамедиұлы деген ағама жақсылап аударттым да, Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, белгілі алаштанушы Дихан Қамзабекұлына алып бардым. Пьесаны оқи бастағаннан-ақ: «Міне, бауырым, «Алаш пьесасы» деген – осы!» деп, алаштанушы ағам балаша қуанды. Пьесаның біраз жерлерін мұқият оқып шықты да, көшірмелерін өзіне алып қалған еді. Кейіннен, оны жарыққа шығарғанымда алғы сөзін де өзі жазып: «Қазаққа Алаштан не қалып еді? Ойланып қарасақ, бүгінгі амандығымыз, жеріміз бен еліміз, рухымыз бен өрлігіміз – Алаш мұрасы емей немене?! Сонда Алаш біздің барымыз екен. Енді «затты, нақты айғақты айтыңыз?» деп сұраса да, ауызды құрғақ шөппен сүртпейміз. Шүкір, бар... Аздау болса, әлі көбейеді. Сол «шүкірдің» бірегейі – Мұхтисар Титақовтың «Мұрат үшін майдан» пьесасы», -деген еді. Сөйтіп, осы пьесаның арқасында Алаштың Қайымнан соңғы тағы бір жампозы Диханмен өмір жолым түйісті.

Жалпақ қазақ жақсы білетін алаштанушы-ғалым Дихан Қамзабекұлы шын мәнінде біздің заманымыздағы бәсі биік ғалымдардың бірі. Оның азаматтық-адами беделі бүгінгі Қазақстан қоғамында өте жоғары. Қазірде Дихан ағаммен інілік жолымды ұстанып, ізетті аралас-құраластықта жүрмін. Елордаға жолым түскен сайын, сәлем беріп шығамын. Ағам Алаш ғибраттары хақындағы мағлұматтарды молынан толғап, әңгіме төркінін әріден тартып сөйлейді. Мен үлкен парасат иесінің аузынан шыққан әр сөзді зейін қоя тыңдап, ырза көңілден мерейленіп қайтамын. Дені Дихан ағаммен сырласқаннан кейін жазылатын Алаш жайлы көп мақалаларымның бірін «Қазақ әдебиеті» газетіне басуға бердім. Жұмабай Шаштайұлы (*бас редактор*) оны кетіп бара жатқан нөмірге салды да жіберді. Соңыра таман газетті алуға барғанымда арқамнан қағып: «Інім, енді Алаштың астанасы – бұл Семейдің қаласы деп ауыз толтырып айтатындай мақала жазып әкелші» – деді. «Жарайды, аға!» – деп уәде беріп кеттім. Семей мен Алаш екеуі егіз ұғым ғой!..

\*\*\*

Мақалам жарыққа шықты, әдеби орта мен тарихи ортада талқыланып, оң бағасын да алды. Енді, бұл туралы кітап жазбаққа бекіндім. Өйткені

пьесадағы оқиғалар Қайым ағамның айтқанымен үйлеседі. Әрине, онда аз-маз олқылықтар бар шығар, бірақ оның негізгі идеясы – Алаш мемлекетінің Алаш қаласындағы тарихи кезеңінің бір қырын (*бәлкім, негізгі қыры*) суреттеп, деректерді сөйлете алуында жатыр. Сол идея пьеса кейіпкерлерінің сөзінде де тұр. Мәселен, Әлихан Бөкейхан:

«Құрметті ағызалар, бауырлар!

Февраль төңкерісі болды, патша тағынан түсті. Бүкіл Ресейдің қол астындағы халықтарға еркіндік тиді. Бостандық болды. Теңдік алды. Бүгінде, патшаның отаршылдық саясатында езілген елдер теңдікті алуға шабысты. Өз тізгініне өзі ие болып, бөлек автономия құрып, жұрт болуға қамданып, құрылтай съезінің даярлық ісіне кірісті. Сол езілген елдің бірі – біздің қазақ елі де өз алдына «Алаш» атты партия құрып, «Абылайдың ақ туын» қолына алып, Отан болуға қалып еді. Қазіргі уақытта, жалпы Ресейді бүліншілік басты, астан-кестен дүние болды. Қызыл-қырман соғыстан ер күңіреніп, ел күйзелуге айналды. Қазірде, арқа тірерлік дүние қалған жоқ. Керенский шапанын арқалап, граница асып, ол кетті. Бүкіл Сібір өлкесіне «Әзіреті Ғалидей үкімін жүргіземін» деген Колчактан да мән шықпады. Атағы шыққан, үміт күткен генерал Дутов болса, бордай тозып, әскеріне ие бола алмай, ол барады. Жалғыз үміттенетініміз – Жетісу фронты, Атаман Анненков. Бұрын, «Сары Арқа жеріміз бар, Сары Арқада қалың Қазақ Еліміз бар» деп, теңдікті құрғақ сөзден күтсек, қазірде қару-жарақты, қылышты, мылтықты халқыңмен қаны бір, жан-тәніңнен жаралған Алаштың ардагерлері – Әлібек, Рүстем Әлилер Жетісуда, Атаман Анненковпен тізе қосып, жауына қаһарын төгіп жүр. Олар соғыстағы жалғыз емес, Алаштың атында «Абылайдың ақ туын» желбіреткен он полқың бар. Ертеңгі күні қосымша қылып, төрт полқыңды жіберткелі отырсың. Бұлар кімдер? Еліңнің ерлері! Ел намысын қолына алған, ар-намысын сақтау үшін қан майданда қарсы тұрып, бостандықты күшпен алып, іргелі жұртшылықтың іргесін қалаушылар! (*ерекше екпінмен*) Жасайды жұртың, көркейеді елің, өркендейді Алаштың! Жасасын, Алаштың, жасасын!» – депті.

Әр заманның өз шындығы бар дегендей, осы бір үзіндіден-ақ пьесаның тарихи маңызы мен танымдық мәні тасқа таңба басқандай көрініп тұрған жоқ па? Оқиғалар, монологтар... Тіпті, Әлиханның өзін ғана ойлағанда да, оны жалғыз елестете алмайсың, бүкіл Алаш арыстары артқы

жағынан тұтасып шығып тұрады. Және бұл жерде үлкен күрес жүріп жатыр, ұлттың тағдыры шешіліп жатыр. Мұхтизар соны сезініп, жеткізуге талпынды. «Теңізді тамшысынан таны» дегендей, бұл пьеса - ұлт руханиятына қосылған аз олжа емес, тәубә дейміз де!

\*\*\*

Пьесада тағы бір назар аударарлық жайт бар, ол «Абылайдың ақ туын» желбіреткен он полкың бар. Ертеңгі күні қосымша қылып, төрт полкыңды жіберткелі отырсың» деген сөзді автор Әлиханның аузымен айтқызады. Сонда әр полкте сол кездің межесімен 500 сарбаздан болса, 14 полкте 7000 сарбаз болады. Алайда мұның бәрі бір қарағанда дәлелсіз, құрғақ сөз сияқты естілетіні рас. Әйткенмен де, сол уақыттағы мұрағат құжаттарына сүйеніп көрейік. Пьесада айтылатын әскер саны мен деректерде келтірілген әскер саны сәйкес келе ме? Меніңше, келетін сияқты.

Әлихан Бөкейхан 1919 жылы өзін «Россияның ең жоғарғы билеушісімін» деп жариялаған адмираль Колчакпен келіссөз жүргізген кезде қызыл армиямен соғысып жатқан Алаш әскерінің саны 3 мыңнан асқандығын айтқан. Енді бұған Алашорданың батыс бөлімшесі ұйымдастырған әскери құрамалардағы 2 мыңдай қарулы жауынгерді қосыңыз. Бұл жөнінде А.Имағамбетов: «Жанша мен Халел Досмұхамедовтер Самарадан Құрылтай жиналысының комитеті арқылы 600 винтовка мен пулемет алды және жақын уақытта 2000 адамнан тұратын қазақ әскерін ұйымдастыруға уәде етті» деп өз естелігінде жазып қалдырған.

Қаңтар-ақпан айларында Верныйда ұлттық қарулы күш құрылды. Ал Қостанай мен Ырғыз уездерінде екі атты полк құруға атаман Дутов көмек қолын созды. Алашорданың Торғай бөлімшесіне 1918 жылы қыркүйекте 300 берденке, 20 мың патрон және көп мөлшерде киім-кешек бөлінді («Қазақстан тарихы» энциклопедиясы. 4-том. «Атамұра», 2010). Алаш әскерінің Қостанайдағы бөлімшесіне 1919 жылға дейін милләтшілдер қатарынан табылған Бейімбет Майлин де өз еркімен кірген болатын. Бұл туралы оның «Еліме» деген өлеңі «Сарыарқа» газетінде басылған...

Садық Аманжолов Жетісу мен Шәуешек қаласында Алашорда жасақтарын құруға басшылық жасаған («Жетісу» энциклопедиясы. «Арыс», 2004, Алматы).

Күнбатыс Алашорданың да әскері болғанын, оның бастықтарын (*прапорщиктерін*) даярлайтын школы болғанын С.Сейфуллин 1923 жылғы іссапары барысындағы «Жымпиты уезі – Алашорда ойнағы» атты мақаласында (*С.Сейфуллин, 5-том, 1988*) әжуалап жазады.

«Алаш – Россиядағы одақтас мемлекеттердің бірі. Сондықтан тіреудің бір ұшы – Алаш әскері. Алаш полкіне не керегін тауып беріп, таратпандар. Керек нәрсені, қаншама болсын, қарыздануға қорғанбандар. Жетік, білікті қару алсын. Алаш отрядының Орал, Торғай бөлімдерінде әскер жасау жұмысы жалғассын. Оралда қазақ офицерлерін шығармаңыз. Алаш Орда бастығы Бөкейханов» (*«Абай», 1918, 25-қыркүйек, №10*).

Тарихи деректерде бұл әскер күшінің күн санап молая түскені байқалады. Осы шамада Алаш әскерінің жалпы саны 1,5 мыңға жеткен. Капитан Х.Тоқтамышевтің Уақытша Сібір үкіметінің соғыс министрінің атына жазған хатында: «Семейде құрамында 750 жауынгер мен 38 офицері бар Алаш полкы құрылды, қазақ милициясының Зайсанда – 200, Павлодарда – 150, Қарқаралыда – 250, Өскеменде 250 адамнан тұратын бөлімдері жасақталды. Бірақ оларға қажетті қару-жарақ пен киім-кешек жоқ, ақша тапшылығы да орын алып отыр» деп хабарлайды (*К.Нұрпейісов, «Алаш һәм Алашорда», Алматы, 1995*).

Бұл Алаш полктерінің жасақталуына, сарбаздардың әскери тәртіпке бой үйретуіне жауапты болған артиллерия капитаны Хамит Тоқтамышев кім еді? Ол туралы Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында жазылған. Ол – Омбының қазағы (*ногай деп те айтылады*). Капитан шенін патша заманында алған екен. «Свободная речь» басылымы оның шенін «подполковник» деп көрсетеді. Әйелі орыс, одан туған бір қызы болған. Айтыскер ақын, зерттеуші Қалихан Алтынбаевтың «Қалбатау» (*Алматы, «Мерей», 1997, 148-156-беттер*) кітабында келтірген деректері бойынша, Хамит Тоқтамышевтің сүйегі қазіргі ШҚО Көкпекті ауылының маңындағы «Қара кезең» деген жерге жерленген. Мұхтызардың пьесасында дәл осы Хамит Тоқтамышевтың Алаш полкін Жетісу фронтына аттандырар кезде сөйлеген сөзі бар:

«Бауырларым, қаны бірге Алашым, халқым менің, арыстандарым менің, өскелең ұрпағым менің!

Бүгін міне, өз еліммен, өз жеріммен және сендердің мейірімді ата-аналарыңмен қоштасып тұрмын. Үлкен-кіші бауырларым, сендер бостандық

алу үшін қан майданға аттанып бара жатырсыңдар (*тамағын кенеп, жан жағына ойқастай қарайды*). Сендер, Алаштың сенімді ұландарысыңдар, менің арыстандарым. Сендердің күш-қайраттарың тасып, ерік-жігерлерің жанып тұр (*көтеріңкі дауыспен*). Сендердің міндеттерің айқын, Сары Арқаның даласы үшін, Сары Арқаның халқы үшін, теңдік үшін күреске шықтыңдар, батырларым. Біз ұлы қазақ халқы үшін, Алаш үшін, қанішер балшабайлармен (*большевиктер – А.Р.*) соңғы деміміз қалғанша соғысамыз. Егер осы жолда қаза болсақ, шейітпіз. Егер, жеңсек жасасын халқымыз, жасасын Алаш! Сендердің ата-аналарың мен сүйікті жарларыңды біз сендердің ағаларың өз қамқорлығымызға аламыз! Сөзімнің соңында айтарым, күрессіз жеңіс жоқ, қан төгіссіз бостандық жоқ!

Сендер, бабаларымыз Абылай мен Кенесарыны естеріңе түсіріңдер. Олар өз халқы үшін, айқасқа шыққан батырлар. Сендерге, нағыз ер жүрек батырларымызға, Алаш жолында аталарың «Абылайдың ақ туын» көтеруді сеніп тапсырамыз!

Егер жауды жеңсеңдер, халқымыздың гүлденген өмірін көресіңдер, егер жеңілсеңдер, сендердің жандарың құдай алдында таза. Біз сендерге ақ жол тілейміз, жасасын, біздің батырларымыз. Жасасын, туған халқымыз. Жасасын, туған жеріміз. Жасасын, Алаш, жасасын!» – дейді.

\*\*\*



Мұхтизардың әкесі – Түлік Төребайұлы Титақов (*суретке қараңыз*) Алаштық кезеңдегі қазақ зиялыларының аға буын санатындағы көрнекті өкілдерінің бірі еді. Ақын, жазушы, драматург әрі аудармашы. Өткен ғасырдың басында Семейдегі әскери-губернатордың тілмашы болған (*бірнеше шығыс тілдері мен орыс тілін жақсы білген – А.Р.*). Ал Алаш тұсында Әлихан Бөкейханның хатшысы міндетін атқарған. Сол кездегі бүкіл оқиғаларға куәгер болып, олардың бел ортасында жүрген. Түліктің Әлиханға жазған өлеңдері бар. Және тарихи тақырыптарға арналған пьесалары да

шықты. Солардың бірі – 5-бөлімнен тұратын «Тілеуғабыл Әм Дәриға» пьесасы (1880 жылы араб қарпіндегі төте жазу үлгісімен жазылған).

Бұдан басқа да Түлік Титақовтың артында мол мұра қалды. Бірнеше күнделігі табылды. 1930 жылдары Түлік атамыздың кейбір шығармаларын Мұхтар Әуезовке бергені туралы да мәліметтер бар. Олардың жартысы – қадымша, жартысы – жәдидше жазылған. Қазіргі таңда бұл жәдігерлерді аудару жұмыстары жүргізілуде.

Түлік қартайып, біраз жасқа келіп, 1940 жылы Семейде өмірден озған.

\*\*\*



Мұхтизар Түлікұлы Титақов (суретке қараңыз) 14 жасында әкесіне еріп салтанатты кешті де, парадты да өз көзімен көрген, Алаш арыстарының рухты сөздерін де өз құлағымен естіген. Әйтеуір, бұл күн – оның өміріндегі аса елеулі күн болған. Пьеса жазу идеясы да сол шақтың ғажайып әсерінен туындаған сыңайлы. Сол үшін де біз оның бұл еңбегіне үлкен ізетпен зор алғыс айтамыз!

Қазақ драматургиясы тарихында киіз үйде қойылған «Еңілік-Кебектен» (М. Әуезов) ұлт театры сахнасы шымалдығын ашқан «Алтын сақинаға» (Қ.Кемеңгерұлы) дейінгі драмалар ел тұрмысының кейде күрделі, кейде көлеңкелі жағын халық арманымен сабақтастыра суреттесе, «Мұрат үшін майдан» – отандық драматургиядағы тың серпіліс, идеологиялық темірқазық еді. Яғни, пьесаның табылуы да, арғы тарихындағы жазылуы да алаштанушылар үшін өте тосын жаңалық болды.

Ұлт рухын оятқан ұлы оқиға 1918 жылы Семейдегі Алаш автономиясының өмірінен алынып жазылған (жазылған уақыты – 1935-1936 ж.ж.). Қиын кез. Әлихан Бөкейхан Мәскеуде ұйқамақта отырған, біраз зиялылар атылып, қалғандары Сібірге және өзге де қиырларға жер аударылған кез...

Десек те, бұл тек әдеби-көркем шығарма ғана емес, сонымен қатар тарихи дерек деп те қабылданады. Себебі, ондағы саяси оқиғалардың желісі

шындыққа жақын және кейіпкерлердің барлығы дерлік өмірде болған адамдар: Әлихан, Міржақып, Жүсіпбек, Халел (*Ғаббасұлы*), Шаһкәрім, Мағжан, Әлімхан, Ике, Жақып, Хамит (*Тоқтамұшев*), Сұлтанмахмұт, Мұсатай бай, Мұхтар және т.б.

Пьесаға Алаш мемлекетінің бір жылдығына арналған салтанатты кеш пен Алаш полкын Жетісу фронтына аттандыру құрметіне орай өткізілген парад, және Алаш қайраткерлерінің рухты сөздері мен ойлары, үндеулері мен ұсыныстары арқау болған. Сонымен қатар, қазақ пен орыс әскерилерінің одақтастығы да суреттелген.

1918 жыл. Семейде ақтардың күйрей жеңіліп, қызылдардың күшейе бастаған кезінде атыс-шабыс пен қуғын-сүргінге тап болған Алаштың қасіреті тым қалың еді. Ұлт тағдыры таразыға түсті. Мұхтизар сол бір ауыр кезеңнің оқиғаларын бейнелейтін тарихи сәттерді есіне сақтап, пьеса тілімен бүгінгі күнге жеткізді.

Өкінішке қарай, Мұхтизардың өз кіндігінен тараған ұрпақ жоқ. Есіл ер 53 жасқа дейін 10-11 рет отбасын құрса да, бір қайтқан бағын қайта қайтара алмаған сыңайлы. Бұл жайлы Мұхтизардың бауыры Мұхтардың қызы Роза апа былай дейді: «Баланың қай жылағаны есінде қалады демекші, қайсыбірі есімде қалды дейсің... Мұхтизар өмірінің соңғы 10 жылында бізбен бірге тұрды. Кеңестік большевиктер оны ұнатпады. Себебі белгілі. Әкесі Алаш-Орда басшысының хатшысы, ал өзі алашшыл деп, оның өмірінің астан-кестеңін шығарды. Үнемі анду мен қуғын-сүргіннен қашып, бой тасалап, Ташкент, Новосібір, Алматы сияқты, біресе ана қалаға, біресе мына қалаға тіпті, Якутия жаққа да еріксіз кетуге мәжбүр болып отырды. Анасы Жамал: «...қайда жүр екен, қарағым?» деп, қайғыдан қан жұтып жүріп, өмірден өтті. «Бұл – ұлтшыл, алашшыл!» деген сылтаумен соңына шырақ алып түскен НКВД-ның кесірінен, оның ел қатарлы отбасы бақытын көруге де мұршасы болмады. Үйленген, бірақ қайта-қайта тұтқындалып, соттала бергеннен соң, берекесіздіктен әбден мезі болған әйелі ақыры кетіп тынған. Тағы да үйленген, тағы сол сценарий қайталанған. Ағамызбен отасқан әйелдердің ішінде атақты әнші апамыз Күләш Байсейітова да болды» - дегенде, апамыздың дауысынан ет бауырынды езілтіп, елжіретіп жіберетіндей ауыр күрсініс үнін естідім...

Осы апаларды көрсем, өзімнің апам жарықтық есіме түседі. Дүниеде апа мен сәбидің аңқыған иісінен тәтті не бар екен, шіркін?..

1953 жылы Сталин өлгеннен кейін, ұлттық интеллигенцияға қарсы мақсатты түрде жүргізіліп келген «жылан жорығы» сәл де болса саябырси бастады. Бірақ мүлдем тоқтатылмады. Бұл кезде «халық жаулары» саналған ақылмандарымыз түгелге жуық атылған болатын, сотталғандарының дені еңбекке жарамсыз еді. Ал сау шыққандарының бойын әлдеқашан үрей билеп алғандықтан, көпшілігінің өмірі трагедиямен аяқталды. Мұхтизар да сондай тайғақ кешулі тағдыр тауқыметін басынан өткерген құрбандардың бірі еді...

Ол кісі 1957 жылы қайтыс болды. Сүйегі Семей облысының (қазіргі ШҚО) Аягөз қаласындағы мұсылмандар қорымына жерленді (бірақ қалай өлгені белгісіз).

Енді, Мұхтизардың басына ескерткіш-белгі қойып, ұрпақтары тәу етіп жүретін киелі орынға айналдырсақ, атамыздың аруағы риза болар еді... Негізінен, мұндай айтулы тұлғаларды халыққа таныту үшін мемлекеттік деңгейде арнайы бағдарлама қабылданып, насихатталуы тиіс! Әрине «көрінген таудың алыстығы жоқ» деген, ол күн де келер! Мұхтизар Титақов сынды беймәлім арыстарымыздың еңбектерін жылап отырып оқып, тәптіштеп айтатын боламыз сол кезде...



Солдан оңға қарай: Мұхтизар, Мұхтар, Түлік,  
Мұхтардың әйелі – Нурин, Түліктің бәйбішесі – Жамал, Ескендір.  
1932 жыл.

## ЭПИЛОГ

Осылайша «Алаш апталығына» арналған Семейдегі мерекелік шаралардың қазаны қайнап, жоспар бойынша өткізілетін жұмыстардың барлығы да атқарылды. Бір кездері Қайым ағам армандап кеткен Алаш драматургиясының алғашқы қарлығашы – «Мұрат үшін майдан» пьесасы Семейден табылды. Енді «кұдайдан кейінгі күшті нәрсе – ғылым, ғылымнан кейінгі күшті нәрсе – дәстүр» деп, Әлихан Бөкейхан айтпақшы, «Алаш апталығы» атты жалпыұлттық дәстүр бастасақ, сонда бұл үрдіс Алаш қайраткерлерінің саяси, тарихи, мәдени мұрасын рухани жаңғыртуға зор септігін тигізер еді!..

Ал келесі жылы қанша тыраштансам да, Алаштың 96 жылдығын Семейде өткізудің реті келмеді. Сол кездегі әкіммен бір ауыз сөзге бола шәлкем-шауыс келіп қалған алашшыл Құсмілия Нұрқасым жұмыстан кеткен болатын. Оның орнына келген адам Алаштан ада жан еді. Бір әредікте кабинетіне шақырып алды. Кірсем, өңі қап-қара болып, түтігіп, көзі ежірейіп отыр екен. Мені көрген бетте мұрнының астынан міңгірлеп сөйлейтін әдетімен жантайған жағын жымқырып алды да: «Сен осы кешке дейін Алашты неге айта бересің, ә?» деп маған одырая қарады. Әрине, намысқа тиетін қорқау сөз. Қатты шамырқандым. Алайда бірдеме десем, анау өршеленіп кеткелі әзір тұр. Әйтеуір, абырой болғанда: «Қабаған иттің бәрін жаман ит деуге келмейді, өйткені адам қабудың өзі иттің табиғаты ғой» деген Қайымның ескертпе сөзі ойыма сап ете түсті. Содан ашуымды күшпен әрең тежеп, жөн ғана жымидым да ақырын шығып кеттім. Бірақ бұл – менен құтылудың қамымен айтылған сөз екенін сездім. Топшылау-түйсігім алдамапты. Қайран Құсеке, қызметтен неге ғана ерте кетіп қалдың, енді мынау Семейдің мәдениетін жардың шетіне сүйреп әкелді...

Қош, сонымен Астана қайдасың деп Елордаға тартып кеттім?! Ондағы алаштанушы ағаларымның ықпалымен алғашқыда «Көлік және коммуникация» колледжінде, «КТК Times» газетінде жұмыс істеп, «Ақ жол» ҚДП Орталық аппаратынан бірақ шықтым. Сонда жүріп Алаштың 97 жылдығына орай, «Алаш апталығы» жобасын екінші мәрте ұйымдастырғанымда партияның идеология департаментінің директоры едім, қолымда біраз мүмкіндіктер болды. Соны пайдаланып, «Мұрат үшін майдан» пьесасының екінші тынысын ашу үшін, драматург Өтен Ахмет пен «Ақ жол» партиясы арасында шығармашылық келісімшарт жасасуға қол жеткіздім...

## НҰРША ОРАЗАХЫНОВА,

*ҚР Кіші ғылым академиясының вице-президенті,  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

### ТІЛ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Жалпы «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы мектеп тәжірибесіне 1994-1995 оқу жылынан бастап енгізіле бастады. Сол уақыттан бері қаншама мұғалім осы технологияның курстарынан өтіп, білімдерін жетілдіріп, тәжірибесіне енгізіп келеді. Осы кезеңдерде байқалған нәрсе мұғалімдеріміздің, әсіресе, бастауыш сынып мұғалімдерінің көпшілігі өз пәнінің теориялық негізін өз дәрежесінде меңгере алмағандығы байқалады. Сондықтан мұғалімдердің өзін «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен білім алушыларға білім беруге бағытталған он деңгейі арқылы өздерін оқыту, терең меңгертудің қажеттілігі туындады.

Оған Алаш зиялыларының бірі, әдіскер-ғалым Ж.Аймауытұлының мына тұжырымы дәлел болмақ: *«...оқыту – баланы ғана оқыту емес, баламен бірге өзі де оқуы керек екенін әсте естен шығармау керек. Мұғалім өзін қалай немен оқытпақшы? Үнемі өзінің ісін байыптау, бақылаумен, тәрбие туралы әдебиеттерді көбірек қарастырумен, басқа оқытушылармен кеңесу, пікір алысуымен өзін-өзі оқытпақшы»* (4-том, 299-б ).

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясын бастауыш сыныптың қазақ тілінен бастауымызға Ж.Аймауытұлының мына бір қағидасы түрткі болды: *«Ана тілін меңгеру – сөздерді жаттату, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен бірге бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін ой фәлсәфасын да меңгереді. Бала оқытуды тілден бастайды. Бастауыш мектептің көбінесе айналдыратын оқуы – тілдік мүшелерді нық білдіріп, баланың тілін байыту. Орта дәрежелі мектепте үнемі тілді жаттықтыру, дағдыландыру керек. Әр сабақ, әр пән бір жағынан өзіне хас мақсұтын көздесе, екінші жағынан тіл түзеруге, тіл сабағының міндетін атқаруға тырысу керек. Бала сөйлегенде, жазғанда, тілді дұрыс қолдандыруға – әр оқытушының, әр мектептің міндеті»* ( 4-том, 306-б).

Сондықтан әдіскердің осы айтылған қағидасын басшылыққа ала отырып, тілдік бірліктерді талдаудың он деңгейін жүйелеп жасадық. Оны төменде таратып айтар болсақ:

**Бірінші деңгей. Бірінші деңгейде** айтылым және жазылым басшылыққа алынады. Мұнда біз Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының мына қағидасын басшылыққа алдық: «...қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екенін я білмегендік, я білсе де істеп көрмегендік. Дыбыспен балаларды жаттықтыру – оқу мен жазу үйретудің негізі. Істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы». Сондықтан бірінші сыныпта әр дыбыспен жеке-жеке таныстырамыз. Сөйте отырып, А.Байтұрсынұлының дыбыспен жаттықтыру әдісін орындаймыз. Бұл деңгейде мұғалімнің қызметі бірінші орында болады. Яғни, мұғалім айтылым әрекеті арқылы тірек сызбаларды басшылыққа алып, теориялық материалдың алғашқы нұсқасын бірінші сыныптың Әліппеге дейінгі кезеңінен бастап, бірінші тоқсанда ауызша, екінші тоқсаннан оңайдан қиынға қарай үздіксіз жазбаша сатылап талдату арқылы білімді оқушылардың саналы түрде меңгеруіне ықпал етеді. Оған Ж.Аймауытовтың мына пікірі дәлел болмақ: «Жалғыз ғана қолайлы ереже мынау: оқытушы шәкірттерінің барлық сезімдеріне әсер бергендей қылып оқыту керек, сөйле, жаз, тақтайға сурет сал, балалардың өзіне сөйлет, жазғыз, сурет салғыз, сурет, кесте, сызық көрсет. Сызықтарыңды түрлі бояумен боя! – сондай толып жатқан әсерден әр бала өзіне оңтайлы жағынан ұғып алады» (4-том, 140-б). Онда білім алушылар, біріншіден, сауатты жазып, оқып, айтуға дағдыланады, екіншіден, материалды жүйелі түрде түсініп, ғылыми тілде баяндауға машықтанады. Осындай жағдайда білім алған адам Ж.Аймауытовтың мына айтылған сынына ұшырамайды деген ойдамын: «Жетектеген ит аңға жарамайды» дегендей, біз мұғалім атаулыны қолымен тұрғызып қойған жанды қуыршақ қыла бергенді қойып, оларды ой жұмысына баулу, төселдіруіміз, шынықтыруымыз керек. «Басы ауырсын, миы шатыссын, шеке тамыры зырқылдасын, қыл бұрау салғандай тырсылдасын», әйтеуір түбірлеп, қоймай отырып, бірдеңенің басын құрастыратын болсын. Үнемі «жоғарыдан жасап береді» деп даяр астың иесі бола бермесін. Бұл екі алдағы істің не боларын күн

шамалай білмей, келешекті «құдайдан күту» бір нәрсенің басын бастап, аяғын тастау, көрінгеннің бәрін «ә, қойшы соны» деп менсінбеу, қолдан келместен жирену, өзі түк білмей отырып біреуге сын тағу... сияқты іске жүйесіздік, табансыздық, енжарлық, жалқаулық, қау көкіректік, бос жұбаныш, құрғақ үміт сияқты мінездер бізге жөргектен біткен, ісімізді оңға, алға бастырмайтын қырсықтың қара басы осында. Біз өзгенің жақсысына әлі еліктей білмейміз: талабымыз жетпейді, табанымыз тұрмайды, сырғып кейін шегінеміз. Алдағы істі пландап үйрену, келешектің қамын жеу. Толғаусыз, ойсыз, «құдайға тапсырып» жылы бүркеніп жата беру көптен-көп кімге керек десеңіз – көптің көкірегіне сәуле жағатын, бұлақтың көзін ашатын, ісімен, күшімен, мінезімен үлгі болатын мұғалімге керек. Мұғалім бала оқытсын, бірдеңе білдірсін десек, білдірмегін реттесін, жүйелесін десек, жұмыс жоспарын жасай білетін қылуымыз керек. Өзі етік піше, қалып шаба білмеген етікші өмірі жақсы етікші бола алмайды (5-том, 15-б).

**Екінші деңгей. Екінші деңгейде** тіл білімі салаларын тірек сызбадағы үлгімен қысқаша жазып, ауызша толық баяндау жүргізіледі. Бұл деңгейде тыңдалым мен айтылымға ерекше мән беріледі. Екінші деңгейден бастап оқушының іс-әрекетіне басымдық беріледі. Мұнда мұғалім бағыттаушы, көмекші қызметін атқарады. Себебі, қазіргі балаларда аландаушылық басым, ойлары шашыраңқы, зейіндері тұрақсыз, бұл технология зейінді тұрақтандыруға көп көмектеседі. Оқушылар сыныптастарының жауаптарын мұқият тыңдау, ондағы жіберілген қателіктерін дер кезінде аңғару, оны сауатты түрде түзету сияқты іс-әрекеттерге машықтанады. Әдеттегі сабақтарда бұл мәселелер жауап беруші оқушыға ғана қажетті болып көрінетін. Себебі, дәстүрлі оқыту жүйесінде белгілі бір мәселеге әр оқушы өз түсінігі, өз тұжырымы бойынша жауап береді. Ал, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясында әр пәннің тірек сызбалары бойынша жүйелі, сауатты, ғылыми тілде баяндау талап етіледі. Бұл – технологияның басты қағидаларының бірі.

Көзделген мақсат – оқушылардың ұқсас ұғымдарды жинақтау, айырмашылықтарын ажырата білу, жекеден жалпыға көшу әрекетін жүзеге асыра алу, ой ұшқырлығына баулу, танымдық көкжиегінің кеңеюіне жол көрету. Бұл деңгейде мұғалім Ж.Аймауытұлының мына бір пікірін үнемі жадында ұстауы керек болар: «Бала ұққанын тілімен айта білсін,

білімін іс жүзінде пайдалана білсін. Ойлағанын айта білудің пайдасы: бірінші өзін-өзі ұқтырады, білімін нығайтады, екінші, сөйлеуге төселеді. Мұғалімнің міндеті: баланы бірте-бірте сөзге жаттықтырып үйрету. Сондықтан мұғалім өзі сөйлей бермей, шамасы келер орында, көбінесе баланы сөйлету керек. Бала толық ұқтырып айта алмайды екен, сүйемелеп аузына салып жіберу керек. Баланың «білмеймін», «тілім жетпей тұр» деген сылтауына қанағаттану жарамайды, ырқына жібермей, ептеп, шым-шымдап өзіне айтқызуға жәт ету дұрыс. Егер сабақты баланың ұққандығына берген қысқаша жауабы, болмаса жазу арқылы көзі жетіп отырса, үнемі сөйлетем деп қыстай беру де жарамайды.

Онан соң алған білімін іс жүзінде пайдалану оқытудың керекті шартының бірі. Жазу ережелерін хат жазғанда, шама тілі ережелерін есеп шығарғанда қолдана білсе, білімнің пайдасы сонда көрінеді. Білгенін іске жанастыру баланы оқуға ынталандырады. Адам ынталанбай іздегеніне жете алмайды» (4-том, 320-б).

**Үшінші деңгей – диалогті талдау.** Үшінші деңгейде оқушылар талдау арқылы аңғарымпаздыққа, жауап беріп тұрған оқушыны мұқият тыңдауға, ойын әрі қарай жалғастырып кетуге машықтанады. Талдау үлгілері ауызша орындалады, мұндағы іс-әрекет көбінесе ойын түрінде жүргізіледі. Бұл деңгейде білім алушылар тіл білімі салаларын диалогті және кері талдау түрлерін меңгереді. Алдымен сұрақ-жауап арқылы тірек сызбамен тізбектеп талдауға машықтанады. Содан соң диалогті талдауға көшеді, талдаудың қыр-сырын меңгерген соң кері талдауға көшеді. Бұл деңгейді ойластырудағы мақсат әдіскер-ғалым Ж. Аймауытовтың мына тұжырымына негізделіп жасалды: «Сабақ жақсы болудың бір шарты – сұрау қойылуға шеберлік. Сұрауды дұрыс тауып қойған оқытушы – оқыту ісіне жетік кісі. Тың мағлұматты білдіруге кіріспей тұрып, алдын ала сұрау қойып, баланың білім шамасын бақылаймыз. Шәкірттің суреттей алғаны ұққаны, ойлағаны, бір сөзбен, ақылы қандай жетілгені сұрау арқылы білінеді. Оқыған кісіге қойылатын бір тілек: сөзі анық, ұғымды болуы. Осы тілек сұрауларға да қойылу керек. Шәкірттерге ұғымсыз, дерексіз, сирек жолығатын таныс сөз, жат тіл қиын, күңгірт мағыналы сөйлемдер сұрау болмасқа да тиіс, ондай сөздердің өзі түсіндіру тілейді. Мысалы, жас балаларға: «жақсы көрудің себебі не?» дегенше, «әке-шеңді неге жақсы көресің?» деп сұраған түсінікті. Қос мағыналы, қос

жауап тілейтін сұрақ қою да жарамайды: Мысалы, «Таудың көрінісі қандай, пішіні қандай?» деген сияқты. Әркімде сөзінің аяқ алғысы болған үйреншікті, тастай алмайтын бір бос сөз жүреді. «Есебі», «сонымен», «баяғы», «сонан соң», «енді мен білгім келеді», «енді айтыңызшы маған, неге сіз...», «мен сіздерге айтуға міндеттімін» деген сықылды. Осындай сабаққа пайдасыз бос сөздерден сақтану керек. Сұрау ұғымды болу үшін тіл жағынан да, ой жағынан да түзу, дұрыс болу шарт. Сұрау баланы ойландырмай, яки аз ойландырып, жауап бергізетін тым оңай болмасын, ойлап жауап бергендей болсын. Сұраудың ішінде баланың беретін жауабы қылтиып көрініп те тұрмасын. Сұрау беру – жұмбақты шешкізу, жұмбақты кісі ойланып шешеді. Кей сұрауға бала күдіктенбей, мүдірмей жауап бергені жақсы, кейбіріне күдіктеніп, екі ойлы болып жауап қайырғаны да жөн. Кейде баланың жауабын, яки шығаратын түйінін мұғалім өзі айтып қойып, бала тек: «дұрыс, солай, болмаса», «олай емес мұғалім!» деп жауап қайыруға тура келіп қалады. Әрине, бұлай сұрақ қою – ең олақ мұғалімнің еншісі. Әрбір сұраудың арасында қатынас, жалғасы болу керек. Ой жағынан секірме болу жарамайды, қайта сұраулар біріне-бірі тізіліп, бірінен-бірі туып, біртұтас мағлұмат беретін болуы керек. Оқытуға жаңа кіріскен мұғалім тура жолынан таймай теріс лағып кетпей, сабақты дұрыс беру үшін күн бұрын беретін сұрауларын, жауаптарын ойлап жазып алса, тым жақсы істеген болар еді. Сұраудың мақсұты: көмескі мағлұматты айқындау, білмегенді білдіру, қатені түзету, қараңғыны жарықтау. Сұрақ әуелі курске жалпы қойылып, содан кейін бастап бір баладан жауап алынуға тиіс. Жақсы қойылған сұрау жақсы жауап тілейді. Баладан жақсы жауап ала білу – бұл да үлкен өнер. Баланың жауабы анық, ашық, бажайлы, мазмұнды болу керек. Сондықтан сұрауды кейде шала-шарпы естіп жауап беруге асыққан баланы қолдау жарамайды. Шәкірттің жауабы шіңгірлеген айқай, міңгірлеген күбір де болып жүрмесін, даусы бөлмеге түгел естілгендей болсын. Дұрыс қойылған сұрауға дұрыс жауап қайтып отырса, оқыту ілгері басқанның белгісі. Сұрау мен жауапқа үлкен мағына берген сықылды, сөзге, әңгімеге, түсіндірмеге, дәлелге де үлкен маңыз беру тиіс. Ойын тізбекті, байланысты сөйлей алатын баланың жауабын бітіртпей, сұраумен бөле беру жарамайды. Толық жауап бере алатын орында шамасы келгенше, баланың өзі тауып, өзі сөйлеген жақсы. Бөлшектен,

жырымдап жауап алуды әуес көру дұрыс емес, баланың сөзін бөле беру тілге жаттығуға бөгет. Бұл әдет, әрине, шебер оқытушыда болмайды» (4-том, 333-334-б.).

**Төртінші» деңгей. Төртінші деңгей – ықшамдау принципімен өрнектеу.** Мұнда оқушылар алдыңғы игерген білім, білік дағдыларын жинақтаумен қатар шартты белгілермен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін сауатты меңгеру және өз беттерінше жұмыс жасау барысында іскерлік дағдысын қалыптастыру. Белгісіздікпен өрнектелген тілдік құбылыстарды нақты ажырата білу, оларды сауатты баяндай білуге жаттықтыру. Мұндағы айтылып отырған дағды Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының мына қағидасына негізделген: “Тіл – құрал” деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезінде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын...

«Тіл – құрал» үш жылға бөлінгенде, бірінші жылда оқытуға ұйғарғанымыз: сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыру, қазақ тіліндегі дыбыстар һәм оларға арналған харіфтер; қазақ сөзіне жазылатын харіфтер турасындағы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары. Бірінші жылда үйретуге осы жеткілікті болар... Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, азда болса, анықтап нық үйрету абзал. Әсіресе бірінші жыл оқылатын «Тіл – құралы» тіл білімінің негізі болғандықтан нық үйретілуге керек. «Тіл – құралда» дағдыландыру, сынау деген сөздер ұшырайды. «Тіл – құралымен» балаларды оқытқанда, һәр қағида я ережені оқытқаннан кейін, балалар әбден түсіну үшін сөйлем, сөздерді, мақалдарды үлгіге алып, олардың ішінен қағида я ережеге келетін жерлерін балаларға таптыртып, басқалардан айырттып үйрету. Солай бірнеше рет істеп көрсеткеннен кейін, балалар керек сөздерді өздері тауып, өздері айыруға дағдыланады (142-142 б).

**Бесінші деңгей. Бесінші деңгей – белгісіздікпен өрнектеу.** Мұнда оқушылар алдыңғы игерген білім, білік дағдыларын жинақтаумен қатар шартты белгілермен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін сауатты меңгеру және өз беттерінше жұмыс жасау барысында іскерлік дағдысын қалыптастыру. Белгісіздікпен өрнектелген тілдік құбылыстарды нақты ажырата білу, оларды сауатты баяндай білуге жаттықтыру.

**Алтыншы деңгей. Жат жазу. Мақсат – оқушылардың сатылай кешенді талдау арқылы меңгерген білімдерін жатқа жаздыру.** Сол арқылы әр оқушының теориялық материалды тиянақты меңгергендігін анықтау, орфографиялық, пунктуациялық сауаттылық деңгейінің қаншалықты артқандығына көз жеткізу. Мұнда тапсырма әр оқушыға жеке-жеке беріледі. Оны оқушылар жазбаша орындайды. Бұл деңгейді ендіруге А.Байтұрсынұлының мына тұжырымы түрткі болса, ... *Үйреніп болды ғой дегенде, нық біліп болған-болмағанын байқау керек, сынау керек. Сынағанда үйренген қағида я ережелерді орнына келтіріп жаза ала ма? Жаза алмай ма? Соны сынау. Сондықтан мұғалім балалардың үйренген қағидасы, ережесі келетін сөздерді ауыздан жаздыру тиіс. Яки кітапшадағы жорта хате жазып қойған сөздерді дұрыстап жаздыру тиіс. Бір қағида я ережені балалар әбден үйреніп, тиісті орнында жұмсай білгеннен кейін ғана келесі қағида я ережені үйрету* (143 б).

Ал, Ж.Аймауытов жат жазуға былайша пікір білдіреді: *«Жадқа алудың талай әдістері бар, олардың кейбірі мақсұтқа жеткізеді, кейбірі жеткізбейді. Жай пысықтап, қайталап, ережені түбірлей беру жақсы әдіс емес, жақсы әдіс оны талдау, тексеру, ойлай білу. Осы ереженің өзін шәкіртке жаттатпақ болсаңыз, шәкірт осы сөйлеудің ең бастысын жаттасын. Мәселен, ережені түбірлей беру жақсы әдіс емес, жақсы әдіс оны талдау, тексеру, ойлай білу, содан кейін «жай пысықтап, қайталап» деген толықтырғыш бөлімін қосу керек. Жаттату сонда керек болады. Енді ол ережені оңай ұғады. Жабайы жаттағаннан гөрі миға тереңірек қонады»* (4-том, 138-б). Бұл деңгейде білім алушының дағды арқылы санасында тұрақталған білімді қайта жаңғыртып, жазбаша орындайды. Жазылған жұмысты мұқият тексере отырып, оқушының теориялық біліміндегі олқылықпен қатар орфоэпиялық және пунктуациялық қателіктері есепке алынады. Сол арқылы әр оқушының біліміндегі олқылықтармен жек-жеке жұмыс жүргізуге мүмкіндік туады. Жат жазу оқу жылы ба-рысында екі рет бірінші және екінші жартыжылдықта жүргізіледі.

**Жетінші деңгей. Уақытқа талдау.** Уақытқа талдаудың басты қағидалары – әр сөйлемді, сөзді, дыбысты сауатты талдау, анық, айқын айтуға дағдыландыру. Егер алдыңғы деңгейлерде жұмыс сауатты, тиянақты, ширақ, жігерлі жүргізілетін болса, бұл деңгейдегі талдау өз нәтижесін береді. Тез, әрі қатесіз талдап үйренген бала уақытқа талдау кезеңін қы-

зыға орындайды. Уақыт мерзімінен шығу мұғалімнен талдауды жүйелі, үздіксіз жүргізіп отыруды талап етеді. Тіл білімінің барлық саласын өте жылдам талдайтын бала – 7 минут; жылдам талдайтын бала – 10 минут; баяу талдайтын бала – 15 минутта талдайды. Ал, оны мұғалім іштей өте жылдам – 5 минут; жылдам – 7 минут; баяу – 10 минутта талдап тұрулары қажет. Сондықтан мұғалімнің өзі тілдік талдауды өте жетік білуімен қатар жылдам талдау машығы да жоғары деңгейде болуы тиіс. Бұл деңгейді жүзеге асыруда Ж.Аймауытұлының мына қағидасы негіз болды: *«Оқыту жігерлі болсын, жігерсіз, жасық жұмыстан жайда да, бала оқытқанда да татымды береке шықпайды. Әсіресе, бала оқыту жұмысы ширақ, жігерлі, қызу болғаны дұрыс. Оқыту баланың ішін пыстырмаса, тез қажытпаса, оқушы жұмысты ынтамен істесе, оқытудың ширақ болғаны. Баланы қажытпау үшін берілетін мағұлматтар, ұқтырмайтын заттар алмасып отыру керек. Мұғалімнің басқасын кешуге болса да, баланы былжырап, еңсесі түсіп оқытқанын кешуге болмайды. Жігерлі болу мұғалімнің сүйегіне біткен сипаты. Туыста жігерсіз, отсыз мұғалім сыртқы түрінде қандай оңтай, қандай әдіс қолданып оқуын түрлендірем дегенмен мәз береке шықпайды. Үйтсе де, оқытудың әдістерін дұрыс қолданса, сабақты едәуір ширатуға болады. Сондықтан мұғалім сөзін де, сыртқы әдістерін де сабақты қыздыру жағына орайлау тиіс. Мұғалімнің есінде болатын нәрсе, өтінумен, жалынумен яки күшпен баланың мінезін тәрбиелеу мүмкін емес. Баланың ақылы, сезімі, қайраты мұғалімнің жігерлі ықпал арқасында ғана жетіледі. Мұғалім балаларына салақ, селқос қараса, олардың жан қуаттарын жетілтіп, тәрбие де бере алмайды»* (4-том, 320-б).

**Сегізінші деңгей. Компьютерлік талдау.** Бүгінгі таңдағы мектеп оқушылары білімді нақты, қысқа, ақпараттық технологиямен алуды мақсат етеді. Сондықтан мұғалімдерге өмірдің ағымынан қалмай сабағын компьютермен оқытуды жолға қоюы тиіс. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен білім алған әр оқушының компьютермен жұмыс жасау машықтығы қалыптасады. Компьютерді ойын немесе қажетсіз ақпараттармен емес, мақсатты түрде нағыз оқу құралына айналдырады. Мүмкіндігіне қарай екінші деңгейден бастап компьютерлік талдауды енгізе беруге болады. Бұл білім алушылардың ақпараттық құралдармен сауатты әрі жылдам жұмыс жасау машығын қалыптастырады. Талдап отырған сөйлеміне,

сөздеріне қажетті материалдарды ақпарат көздерінен алуға дағдыланады. Біз бұл деңгейге әлі де толық қол жеткізе алмай келеміз. Алматы қаласындағы жасаған тәжірибелік жұмыстарымызда бұл деңгейге қол жеткізе алған едік. Оның нәтижесінде оқушыларымыз зертханалық жұмыстардан жинақ шығарып отырды.

**Тоғызыншы деңгей. Тест.** Тест – оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың тиімді әдісі. Тест жұмысын ұйымдастыруда дидактикалық шарттар дұрыс орындалып отыру керек. Тесттің түрлері көп, оны біздің технологиямыздың талаптарына сәйкес келетін түрін мұғалім өзі таңдайды.

**Оныншы деңгей. Шығармашылық.** Бұл адамның өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Шығармашылық – адам бойындағы қабілеттерін дамытып, адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі дамытуына көмектеседі. Бұл деңгейге негіз болған Ж.Аймауытұлының мына тұжырымы: «...мұғалім машықтанған жұмысын ғана істей білетін жай шебер емес, шығарғыштық қуаты бар өнерпаз екенін ұмытпасын. Адамның жетілуіне де, бойына сіңірген жақсы дағдыларын сақтауына да себеп болатын – еңбек. Талапсыз, еңбексіз ілгері басу жоқ. Ілгері баспаған адам бір орында қалмақ емес, кейін кетпек, өйткені өмір – жарыс» (4-том, 320-б).

Сондықтан түрлі нұсқадағы жаңа идеялар мен жаңа инновациялық технологияларды зерттеп, оны өз іс-тәжірибемізге енгізіп, шығармашылықпен еңбек ету. «Шығармашылық» деген, ол адамның мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен сабырынан, сұранысы мен ізденісінен түзіліп, ақыл-ойы мен сезімінің, қиялының ерекше бітімінен көрінеді. Шығармашылық – адам ойлауының және өз бетінше әрекетінің жоғары формасы. Шығармашыл мұғалім ол – *зиялы, рухани бай, жаңашыл, еркін, ізгілікті, азаматтық белсенді тұлға және мәдениетті тұлға*. Енді осыларды тарқатып айтар болсақ:

**Шығармашыл мұғалім – зиялы тұлға.** Оның сыртқы келбеті ұқыптылық пен жарасымдылықпен сипатталады, педагогикалық әдебі жоғары, басқаны түсіне біледі. Прогрессивті алдыңғы қатарлы ойларды уағыздаушы, сыни ойлау деңгейі жоғары, өзгенің ойын, өзгенің пікірін құрметтей біледі, ұстамды. Өз білімін тұрақты көтеріп отырумен жүйелі айналысады, өз жұмысына рефлексия жасауға қабілетті. Ол саясаттағы,

ғылымдағы, өнердегі барлық жаңалық пен озық ойларға қызығушылық танытып отырады. Зиялы тұлға ретінде өз бойына адамзат мәдениетіндегі ең жақсы үлгілерді жинақтайды.

**Шығармашыл мұғалім – рухани бай тұлға.** Оның рухани байлығы алдымен балаға деген махаббатында, жоғары адамгершілігінде және арлылығы мен ұяттылығында байқалады. Өмірдің мәнін және мақсатын түсінуге, өзінің кәсіби орнын анықтауға ұмтылыста оның руханилығы көрінеді. Ол – әлемдегі және адами қарым-қатынастағы сұлулығы өте жоғары тұлға. Көз алдында отырған баланың ішкі жан-дүниесінің байлығын түсінуге, оның өзінде жоғары деңгейде ойлауын дамытуына негіз болады.

**Шығармашыл мұғалім – жаңашыл тұлға.** Ол үнемі ізденісте жүретіндіктен жаңалыққа жаны құмар. Шығармашылыққа деген мотивтері жоғары болғандықтан ойлап табу, тудыру, жасап көру, оның күнделікті кәсіби қызметі.

**Шығармашыл мұғалім – еркін тұлға.** Оның еркіндігі өмірдегі, кәсіби әрекеттегі мәдени әлемдегі өз орнын анықтай алу қабілетінде жатыр. Оның ойлау, пайымдау және әрекеттену еркіндігі жеке кәсіби жауапкершілікті сезінумен байланысады. Рухани және материалдық құндылықтар әлемінде еркін. Ол өз ісіне өте жауапты, кейде тіпті тәуекелді талап ететін шешімдерді өз мойнына алады. Өзінің өмірлік позициясы, ұстанымы бар.

**Шығармашыл мұғалім – ізгілікті тұлға.** Оның ізгіліктілігі, қайырымдылығы, барлық тіршілік иелеріне, ең алдымен балаларға деген сүйіспеншілігінен байқалады. Ол кез келген уақытта өз оқушыларына, жалпы балаларға көмекке келуге әзір. Өзгеше ойлайтын адамдарды құрметтейді, өз көзқарасына сәйкес келмесе де ол адамдардың қалыптан тыс ойларын түсінуге деген төзімділігі шексіз. Оның тек оқушылармен ғана емес, ата-аналармен, әріптестерімен ынтымақтаса алу қабілеті зор.

**Шығармашыл мұғалім – азаматтық белсенді тұлға.** Ол айнала-сында болып жатқан жағдайларға бейжай қарамайды, ол жағдайларға үнемі өзінің қатысын білдіріп отырады. Қоғамдық өмірдегі өзінің азаматтық рөлін дұрыс түсінетін, саяси сауаттылығы жоғары маман. Оқушыларын да өмірдегі өзгерістерге сын көзбен қарап, объективті бағасын беруге, кемшіліктерге төзімсіз болып, түзету үшін үлестерін қосуға тәрбиелейді.

**Шығармашыл мұғалім – бәсекеге төтеп беретін тұлға.** Жаңа заманға сәйкес педагогикалық қызмет көрсету аясы кеңейген уақытта шығармашыл мұғалім өзінің шеберлігін үнемі арттырып отырады, өзінің жетістіктері мен кемшіліктері жайлы өзіндік бағасы бар. Әлсіз тұстарын жетілдіру үшін озық тәжірибені шығармашылықпен қолдану, педагогикалық жаңалықтар кешенінен қалмауды басты назарда ұстайды. Өз қалауымен белгілі бір білім беру технологиясын меңгеріп, қолдану арқылы өз ісінің нәтижелі болуына талпынады.

**Шығармашыл мұғалім – мәдениетті тұлға.** Ол белгілі әлеуметтік мәдени ортада өмір сүріп, еңбек етіп жатқандықтан сол ортаның өнерін, тұрмыс-салтын, мәдениетін бойына сіңірумен қатар, оны құрметтеп басшылыққа алады. Өзінің жалпы мәдениетін көтеру – оның айнымас өмірлік қағидаларының бірі.

Оқыту үрдісі – дидактикалық жүйе. Дидактикалық зерттеулер оқыту үрдісін қарастыра отырып, оның элементтерінің құрылымдық және мазмұндық сипаты туралы білім береді. Осыған орай оның ғылыми-теориялық қызметі айқындалады. Алынған теориялық білім оқытудың негізгі ұстанымдарын, тиімді әдіс-тәсілдері мен қажетті жабдықтарын, жаңа технологиялық құрылымдарды оқытудың мақсатына сәйкестендіреді. Бұдан дидактиканың нормативті-қолданбалы қызметі көрінеді. Дидактика оқытудың теориясы ретінде оқыту, оқытудың мазмұны, ұстаным, әдіс т.б. ұғымдарды қамтиды.

Оқыту үрдісі – бүгінгі күн талабына орай, оқушының жеке тұлғасын, білім беру, білік-білім іскерлік, дағдысын меңгерту және соған байланысты өзіндік мақсатты қалыптастыра отырып дамыту.

Ал оқыту – тұтас педагогикалық үрдістің бір бөлігі болғандықтан, мұғалім мен оқушының мақсатқа бағытталған өзара ынтымақтастықтың іс-әрекеттерінің барысында шәкірттерге білім беру міндеттерін жүзеге асырады. Оқыту үрдісі берік және дәл білім алу, таным жолындағы оқушының қимылына байланысты болады.

Оқыту үрдісінің өзіне тән функциялары (білім беру, тәрбиелік, дамыту) бар екендігі белгілі. Бұл функциялар әр уақытта оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы сабақта іске асуы тиіс. Сабақты мақсатқа бағытталған мұғалім мен оқушылардың ұжымдық шығармашылық еңбегі деп қарастыруға болады. Осы кездегі сабақтың тәрбиелік мақсаты, міндет-

тері жүзеге асырылуы оқушылардың іс-әрекеті арқылы орындалады, мұғалім бұл кезде олардың адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуын әр уақытта есте ұстау қажет.

Қазіргі кездегі мұғалім-әдіскерлердің ең бірінші мақсаты – сапалы оқытудың жолдарын табу, яғни қалай оқытсақ, ісіміз жақсы нәтиже береді деген сауалға жауап іздеу. Соны практикалық жағынан дәлелдеп, теориялық тұрғыдан жүйелеп көрсету. Сондықтан да жалпы білім беретін орта мектеп «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы ізгілік қасиетін қалыптастыру үшін оқушылардың теориялық білімі тереңдетіліп, біліктілік пен дағдылар қалыптастырылуы керек.

Дидактикалық ұстанымдар – оқытудың мазмұнын, ұйымдастыру түрлерін, әдістерін оқытудың мақсаты мен заңдылықтарына сай анықтайтын қағидалар жүйесі. Оқыту үрдісінде кез келген мұғалім дидактиканың ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, оқытудың мазмұнын, оқыту үрдісінің ұйымдастыру формалары, әдістерімен бірге тығыз байланыстыра келе, оқушылардың тұтас диалектикалық дүниетанымын, білімін қалыптастыруға тікелей әсер етеді.

Осы орайда сабақ мазмұнының сапалы болуы мұғалімнің білім беру ұстанымдарын тиімді қолдана алуына байланысты. Ол дидактикада қалыптасқан ғылыми, саналылық, өмірмен байланыстылық, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру, дүниетанымдық сипаттағы оқыту ұстанымдары т.б. сияқты жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін сатылай кешенді талдау технологиясымен оқытуды қажет етеді.

Оқыту үрдісі – мұғалім мен оқушының бірлескен екі жақты әрекеті. Бұл әрекет белгілі бір пәнді, пән мазмұнын игеруді мақсат етеді. Оқытудың негізгі мақсаты – қоғамның қажетіне, талабына қарай адамды жан-жақты тәрбиелеу. Оқыту мен тәрбиені ұштастыра жүргізуде ұстанымдардың қызметі өте жоғары.

Сатылай кешенді талдау технологиясы мынандай ұстанымдарға негізделген: ғылымилық, жүйелілік, деңгейлік, саналылық, белсенділік, сабақтастық, шығармашылық ойлауды қалыптастыру, тәрбиелік.

**Тәрбиелік ұстаным.** Тәрбиелік ұстаным – «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының басты ұстанымы. Оған түрткі болған Алаш зиялысы Мағжан Жұмабайұлының мына бір тұжырымы: *«Бала тәрбиесі бір өнер – өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер.*

Тәрбиеден мақсұт – адамды һәм сол адамның ұлтын, асса барлық атам-зат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты... Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес. Келешек өз заманына лайық қылып шығару ғой. «Балаңды өзімдей бол деп үйретпе, өзімдей болма деп үйрет!», – деген Әзірет Әлінің сөзінде де көп шындық бар. Бұл – бір.

Екінші, әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылуы туралы ескіден қалып келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиешінің баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Бірақ ұлт тәрбиесін, ұлттық тәрбие жолында ұстаған жолын түгелімен дұрыс деуге болмайды. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болған сықылды, жамандық жағы да көп. Талай нашар, зиянды әдеттер әрбір ұлт тәрбиесі ішінде толып жатыр. Баяғыдан бергі ұлт тәрбиесінің ішінде ұнамсыз, зиянды әдет, жол-жоралар толып жатқан ұлттың біреуі – біздің қазақ. Қысқасы, ұлт тәрбиесі қанша қадірлі, керек жол болғанмен, адастырмайтын дұрыс жол деуге бола бермейді» (97-98-б).

Талдаудың лексикалық бөліміне ұлы ғұламалар сөздері мен нақыл сөздер, осы заманғы әйгілі адамдар өмірі мен істеріне арналған тәрбиелі сөздер алынады. Мұндай даналық сөздер оқушыларды халқының өткені мен бүгінгісін салыстыра отырып сараптай білуге жетелейді.

«Сатылай кешенді оқыту» саналылық ұстанымы – талдауға берілген материалды оқушының құрғақ жаттамай, терең түсініп, саналы меңгеруі. Саналылық ұстанымы оқушылардың белсенділігі, өз бетімен жұмыс істеу мүмкіншілігімен тығыз байланысты.

С Көбеев «Дегенмен, баланың оқуға ынталы болуы, оның оқу жасына дейінгі үйдегі тәрбиесіне де байланысты... Бала оқуға неғұрлым ынталы, белсенді болса, соғұрлым жақсы оқиды. Мектепке түскеннен кейін де бала жақсы оқу үшін үй тәрбиесіне ділгір болады. Ал осы тәрбиені беретін оның ата-анасы», – деп жас ұрпақтың саналылығы, оқуға ынтасы үйдегі тәрбиесіне байланыстылығын айтты. Көптеген ғалымдардың ең-

бектерінде баланың ұғымына сыйымды етіп шебер әңгімелеуді, қызықтыруды, оқушылардың өз бетімен жұмысын ұйымдастыруды, білімдерін үздіксіз толықтыруды қажетсінуін дамыту мен танымдық белсенділігін қалыптастыру қажеттілігіне тоқталады.

Саналылық ұстанымының белгілері: білімге құмарлық, жігерлілік, тұрақтылық, зейінділік, интеллектуалдық, жинақылық. Мұндай қасиеттер оқушыда бірден пайда болмайды. Оның қалыптасуына мұғалімнің шеберлігі, пәнге деген қызығушылық, ынта-ықылас себеп болады. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының саналылық ұстанымының ең маңызды белгілерінің бірі берілген материалдың мазмұнын саналы меңгерту болып табылады. Сатылай кешенді талдау кезінде оқушылар өздерінің алған білімдерінің мазмұн тереңдігін бағамдап, соған орай саналы түрде жұмыс істеуге дағдыланады.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясында саналылық ұстанымының өзекті қағидасы – оқушылардың жас ерекшелігі, білім дәрежесі мен оқып отырған сыныбын ескере отырып, мұғалімнің түсіндіруі, оқулық тілі және баяндау желісінен тұратын үш түрлі ерекшелікті басшылыққа алуында. Мұғалім алдымен оқушылардың бастауыш сыныпта немесе алдындағы сыныптарда алған білімдерін сұрақ-жауап арқылы естеріне түсіріп, жаңа тақырыпты бұрынғы білімдеріне сүйене отырып түсіндіреді. Теориялық материалдар мен анықтамаларды санада тұрақтандыру үшін тілдік талдаулар, жаттығулар жүргізіледі. Талдау барысында грамматикалық ұғымдар мен терминдердің мәнін нақты түсініп баяндауына, оны дәлелдеуге, оқушының өз тарапынан мысалдар келтіруіне мұғалім ерекше көңіл бөледі. Сатылай кешенді талдауда грамматикалық материалдарды талдау арқылы түсіндіру басты назарда болады. Мұғалім сызба арқылы талдаудың үлгісін ұсына отырып, әр оқушымен жеке жұмыс жасауына толық мүмкіндік туғызады.

**Белсенділік ұстанымы** оқытудың жаңа әдістемелік жүйесінің бірі – оқушылардың іс-әрекеттерін белсендіру мен білім алуға құштарлығын арттыру. Қазіргі кезде оқытудың тиімді әдістерін зерттеп, оны іс жүзінде қолдануға ұсыну – күрделі мәселелердің біріне айналды. Оқушыларды қоршаған орта заттарымен, құбылыстарымен таныстырып, олар жайында ғылыми ұғымдарын жүйелеп, көзқарастарын қалыптастыруда орта мектепте сатылай кешенді талдай оқытудың мәні зор. Белсенділік ұстаны-

мының негізгі бір үрдісі – есте сақтау. Сатылай кешенді талдау кезінде белсенділік пен ізденушілікті қажет ететін материалдың мазмұнының терең болуы, оқушылардың логикалық ойлауын, өз беттерімен түйін жасай білуге себеп болатын нақыл сөздер мен даналық сөздерді таңдай білуі басты назарда ұсталынады. Оқушылардың меңгерген білімдері қатаң жүйеленіп, негізінің берік қаланғаны жөн.

Белсенділік ұстанымы оқытушы іс-әрекеті мен оқушының танымдық іс-әрекетінің сипатын анықтайтын бастапқы, негізге алынатын қағида болып табылады. Ол оқытушы мен оқушының іс-әрекеттерінің елеулі жақтарын бейнелейді, кез келген мазмұнда және ұйымдастырылу жағдайымен сатылай кешенді талдау технологиясымен оқытудың тиімділігін анықтайды.

**Сабақтастық ұстанымында** сатылай кешенді талдау тіл білімінің барлық салаларымен сабақтаса жүргізіледі. Оқушы синтаксистік талдаудан соң морфологиялық талдауды, одан кейін фонетиканы, сосын лексикалық талдауды жасайды. Талдау кезінде тіл білімінің барлық салаларын сабақтастыра жүргізу үшін бағдарлы жұмыс жасалады. Сабақтастық – үздіксіз білім берудің көпдеңгейлі сипаттамасы болып табылады. Мұның өзі оқушы білімінің бір саламен ғана шектеліп қалмай, тіл білімінің барлық салаларын сабақтастыра, терең меңгеруіне мүмкіншілік туғызады. Сатылай кешенді оқытудағы сабақтастық – оқушылардың сатылай кешенді талдауды біртұтас жүйелі қабылдауы.

**Жүйелілік ұстанымы.** Ұлттық білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыға терең, мазмұнды, тиянақты, жүйелі білім беру. Сондықтан «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен мазмұнды, тиянақты, жүйелі білім берудің басты мақсаты – адамды ғылыми ойлауға, болмысты тануға, оны қабылдаудың әдіс-тәсілдерін жетік білуге, өзін-өзі дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге іштей қажеттілік туғызу. Осының нәтижесінде оқушы бір ғана салалық білім алумен шектелмей, жан-жақты білім алуға, өзін қоршаған дүниенің заңдылықтарын тұтастықта қабылдауға қалыптасады. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясында білім тұтастық, жүйелілік ұстанымдарына негізделеді.

Жүйелілік – мектеп оқушыларына егер де білімділік немесе адамдық мінез-құлықтың түрлерін қалыптастыру қажет деп және оның жүйелі болуын қамтамасыз ету керек деп санасак, алдымен жүйе дегеніміз не де-

генді анықтап алу керек. Ол, біріншіден, біздің тұтастырып бергелі отырған біліміміздің мазмұн-мағына жағынан тығыз байланыстылығы. Яғни әуелі бір мазмұн, мағына туралы, айтып түсіндіріп, келесісінде екінші бір мазмұн-мағынаға ауысып кетпей, бұрынғы мен соңғының іштей бірлестігін сақтай отырып, жалғастыра айту. Одан әрі екінші бір жүйелілікті сақтау – берілгелі отырған ұғымның жай, ең оңайдан бірте-бірте өрбіп өсуі, бірте-бірте күрделеніп, көздеген тұтас ұғымға келуі арқылы болады. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясында ол тірек сызбалар арқылы жүзеге асып отыр. Сол сызбалар жүйесімен жаңадан берілетін білім алдыңғы берілген біліммен сабақтастырыла беріледі.

### **Пайдаланған әдебиет:**

1. Ж.Аймауытов. 4-том. – «ҒЫЛЫМ» баспасы, – Алматы, 1998. – 446 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). –Алматы: «Ана тілі», 1992. – 444 б.
3. Мағжан Жұмабаев. Шығармалар жинағы. 3-том. – «Жазушы» баспасы, – Алматы, 2002. – 226 б.
4. Исаев С.М. Қазақ тілі Алматы: «Өнер», 2013. – 207 б.
5. Райхан Имаханбет «Ғасыр саңлағы» Алматы, 2022. – 399 б.
6. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (фонетика, лексика). Оқу құралы. –Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 75 б.
8. Оразахынова Н.А. т.б. Фонетикалық материалдарды сатылай комплексті талдау (Оқу құралы). –Алматы: РБК, 2001. –72 б.
9. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (синтаксис). Оқу құралы. –Алматы: ҒЫЛЫМ, 2002. –110 б.
10. Оразахынова Н.А. т.б. Сатылай комплексті талдау (фонетика, сөзжасам, морфология, лексика, синтаксис). Оқу құралы. –Алматы: «Телеарна», 2006. – 302 б.
11. Оразахынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. –Алматы: «Дайыр» баспасы, 2007. –289 б.
12. Оразахынова Н.А, Мұхамеди Қ.Т, Жетібай Р.Қ, Нормативті қазақ тілі. –Алматы: «ОНОН», 2022. – 307 б.

**ЗӘУРЕШ ЕРНАЗАРОВА,**  
*КИМЭП Университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ**

### **Кіріспе**

Қазіргі білім берудің құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған мазмұнына сай тілдерді оқыту үдерісі білім алушының коммуникативтік, лингвистикалық, әлеуметтік – мәдени, прагматикалық құзырет түрлерін, сыни ойлау іскерлігін қалыптастыруды, сонымен қатар аксиологиялық құндылықтар жүйесін оқушының таным дүниесінің негізгі ұстанымдары ретінде бойына сіңіруді көздейді. Аталған мақсаттар ішінде дүниетаным құндылықтарын тілді оқыту барысында меңгерту мақсаты соңғы уақытта мемлекеттік деңгейде көтеріліп, бірнеше маңызды құжаттарда аталды. Өйткені әлемнің тілдік бейнесі объективті шындықтың тілдегі өзгермеген көшірмесі емес. Адам танымсыз сыртқы әлемді белгілі бір бағалаушылық өлшемдердің сүзгісінен өткізеді. Ол - құндылықтар жүйесі. Әлемді танудың, бағалаудың өлшемдері әр ұлттың мәдениетімен, тарихымен тығыз байланысты қалыптасады. Бағалаушы құндылықтар жүйесі немесе аксиологиялық құндылықтар жүйесі тілде сақталады және тіл арқылы беріледі. Сондықтан ұлттық дүниетаным мәдениетін қалыптастыруда аксиологиялық құндылықтар жүйесін оқыту мазмұнына енгізу қазіргі ғаламдану заманында өте маңызды және өзекті болып табылады. Бұл мақсат ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 89-қадамында мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу» туралы міндетінде көрсетілді [1]. Ал «мәңгілік ел» құндылықтар концептосферасының мазмұны ҚР Білім және ғылым министрлігінің әдістемелік нұсқаулығында ашып түсіндіріледі. Бұл тұлғалық құндылықтар адамның өмірлік ұстанымдарын анықтайтын, мінез – құлқын тәрбиелейтін, көпұлттық қоғамда толеранттылықта өмір сүруге үйрететін 1) қа-

зақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; 2) құрмет; 3) ынтымақтастық; 4) еңбек пен шығармашылық; 5) ашықтық; 6) өмір бойы білім алу сияқты құндылықтар болып белгіленді[2]. Бұл міндеттерді қазақ тілін оқытуда орындау үшін мына сұрақтарға жауап беру керек деп ойлаймыз: 1) мемлекеттік деңгейдегі құндылықтар қазақ халқының дүниетаным мәдениетіндегі қандай құндылықтармен сәйкес келеді?

2) ұлттық құндылықтар қазақ тілі оқулықтарында қандай мазмұнда қамтылған? 3) мектеп түлектері танымында ұлттық құндылықтар концептосферасының мазмұны қандай сипатта қалыптасып отыр?

1) Зерттеу мақсаты:

- қазақ тілін оқыту мазмұнында (8-сынып оқулығы негізінде) қамтылған құндылықтар жүйесін лингвомәдениеттану саласында ғылыми түрде зерттеліп мойындалған құндылықтар жүйесімен салыстырып, толықтығын, қамтылу деңгейін анықтау;

- қазақ тілін үйренушілер арасында анкеталық сауалнама жүргізіп, олардың танымындағы аксиологиялық құндылықтардың мазмұны туралы ақпарат алу;

- аксиологиялық құндылықтардың концептосферасын құрып, оларды оқу бағдарламаларында қамтудың тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін ұсыну

**Зерттеу әдісі:**

- аксиологиялық концептілердің қазақ тіл білімінде зерттелу бағыттары мен жетістіктері салыстырмалы түрде сараланады;

- аксиологиялық тірек концептілердің мазмұндық құрылымын анықтауда семантикалық талдау әдісі (пәндік, бағалауыштық, жеке, сезімдік) қолданылады; оқулықтарға сараптама жасауда тірек концептілерді меңгерудің сабақ мақсатында қамтылуы мен тілдік материалдардың берілуіне талдау жасалады;

- 1-курс студенттері арасында ұлттық құндылық түрлерін маңыздылығына қарай таңдау сауалнамасы жүргізіледі, басым концептілер жүйесі анықталады.

**Негізгі бөлім**

Философия ғылымының аксиология саласы қоғамға тән құндылықтар

жүйесін қарастырады. Құндылық дегеніміз белгілі бір ұлт өкілдері арасында қабылданған ортақ әлеуметтік-психологиялық ойлар мен көзқарастар болып табылады [3,49].

Тіл білімінде аксиологиялық құндылықтарды аксиологиялық лингвистика зерттейді. В.И. Карасик еңбектерінде аксиологиялық құндылықтар ұлттық танымда жинақталған ұлттың әлем туралы білім қоры – концепт ретінде қарастырылады [4]. Ж.А. Джембаеваның пікірінше, аксиологиялық концептілердің басты ерекшелігі – олар адамның ділдік әлемі мен мәдени әлемінің түйісінде пайда болуында [5,53-54]. Лингвомәдениеттанымның бір саласы аксиологиялық лингвистика зерттеу объектісін «тіл – адам – құндылықтар – мәдениет» үштігінде қарастырады [6, 10].

Қазақ тіліндегі аксиологиялық құндылықтарды зерттеген З.Қ.Ахметжанова: «Аксиологиялық концептілер ұлттық ойлау ерекшелігін бейнелейтін концептілер жүйесін құрайды», -дейді [7, 82-83]. Басқаша айтқанда, аксиологиялық концептілер ұлттың өмір сүру ортасы, салты, дүниені тану ұстанымдарымен байланысты тілде жинақталған әлемді бағалаудың өлшемдері – құндылықтар жүйесі - болып табылады.

Аксиологиялық құндылықтар- адамға жақсы мен жаманды, керек пен керек еместі, маңызды және маңызды емес, жақын және алысты ажыратуға, бағалауға көмектесіп, әрекеттерін, қарым-қатынастарын реттеп отыратын білім қоры.

концептілері, ал төменгі деңгейді *домбыра, жылқы, қамшы, шаңырақ* концептілері З.Қ.Ахметжанова қазақ лингвомәдениетаным саласында зерттелген ұлттық аксиологиялық концептілерді семантикалық жүйе ретінде бірнеше деңгейге бөледі: базалық деңгейді *тағдыр, тілсөз, намыс, қанағат* концептілері, орта деңгейді *атамекен, әйел, ұрпақ, дастарқан, қонақжайлылық* құрайтынын айтады [7,130]. Аксиологиялық құндылықтардың деңгейлік бөлінуі ұлттың дүниетанымы үшін маңызға ие функционалды белгілеріне қарай ажыратылады. Яғни құндылықтар ұлттың өмір сүруінде алатын орны мен қызметіне қарай ажыратылады.

Қазақ лингвомәдениетанымында аксиологиялық концептілердің мазмұнын құраушы компоненттерді анықтау мәселесі де өзекті болып табылады. Өйткені аксиологиялық лингвистикада құндылықтардың негізінде жатқан мәдени кодтарды анықтау жолдары толық қалыптасып болған жоқ. Ұлттық мәдени кодтар - ұлттық ойлаудың модельдерін құрайтын

тіректер. Н.Уәли тілдегі ұлттық – мәдени кодты ашу үшін халықтың дүниетанымында қалыптасқан аксиологиялық мәнге ие тілдік бірліктердің ассоциативті семантикалық өрісін анықтаудың маңызын атайды. Аксиологиялық бірліктер туралы ғалым «кейбір сөздердің бойында екі таңба қатар көрініс беретін кездері болады, олар тілдік таңба және мәдени таңба. Осы екі таңбаның түпкі мәндері тоғыса келіп, лингвомәдени таңба ретінде бір ұғымның аясына бірігіп, санада бір ғана бірлік күйінде сақталады» дейді [8]. Олар ұлттық ойлаудың тірек-белгісі ретінде бағалауыштық қызмет атқарады. Аксиологиялық бірліктерді қалай анықтауға болады деген сұраққа ғалым олардың халықтың жүріс-тұрыс, ортада өзін ұстауымен байланысты қалыптасқан ережелермен, ырымдар мен тыйымдармен байланысты қолданылатынын атайды. Н.Уәли оларды этнотаңбалар деп атай отырып, іштей индексті этнотаңба және иконды елтаңба деп бөледі.

Қазақ тіл біліміне ұлттық дүниетанымдағы аксиологиялық құндылықтар жүйесін екі бағытта қарастыру қалыптасқан:

1) бірінші бағыт бойынша зерттеу жұмыстары ұлттық дүниетанымдағы аксиологиялық концептілерді ұлттың даму тарихында құндылық ретінде танылған ұғымдарды анықтау, оны концепті ретінде негіздеу үшін тілдік материалдарды тақырыптық-лексикалық тұрғыдан іріктеу, семантикалық талдау жасау, ассоциативтік сауалнама жүргізудің көмегімен санадағы моделін жобалау түрінде жүргізді. Нәтижесінде тірек концептілердің жүйесі анықталды, ұлттық дүниетаным концептосферасы жүйеленді [9, 10, 11, 12, 13, 14, 15];

2) екінші бағыт ұлттың өмір сүру салты мен дәстүрінде таңбалық сипатқа ие этнотаңбалар түрлерін (қамшы, тары, жылқы, шаңырақ) анықтауды мақсат етті. Этнотаңбалар ұлттық салт-дәстүрлермен – жүріп тұру ережелері, әдет-ғұрыптармен байланысты қолданылатын материалдық заттарды айқындады. Этнотаңбалардың тілдегі қолданыстарына (сөз тіркесі, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер) талдау жасалып, аксиологиялық мағыналық компонентінің дамуы сипатталды [16,17].

Аксиологиялық құндылықтардың - концептілердің мазмұнын құраушы компоненттерді анықтау қазақ тілі оқулықтарын құрастыруда маңызды болып табылады. Бұл оқу материалдарын жүйелі беруге, оқушының таным әрекетіне сай тапсырма түрлерін құрастыруға негіз болады.

Қорытындылай келгенде:

1) аксиологиялық құндылықтар ұлттың дүниетаным мәдениетін бейнелейтін білім қоры болып табылады;

2) аксиологиялық құндылықтарда бағалауыштық компонент басымдыққа ие. Бағалауыштық компоненттің мазмұнын ұлттық мәдени код анықтайды;

3) аксиологиялық құндылықтар ретінде ұлттың тарихында маңызға ие ұғым – түсініктер, қарым-қатынас, өмір сүру салтымен байланысты қалыптасқан ережелер жиынтығы мен этнотаңбалар қаралады;

4) аксиологиялық құндылықтарды сипаттаудың әдістері – синонимдер қатарын құрау, ассоциативті өрістерді құру, сөз тіркестерін құрастыру, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді анықтау.

Енді мақаланың кіріспесінде аталған мемлекеттік құжаттарда көрсетілген құндылықтар жүйесі мен қазақ тіліндегі аксиологиялық концептілер жүйесінің арақатынасын қарастырып көрейік. Біздің байқауымызша, мемлекеттік бағдарламаларда ұсынылған құндылықтар жүйесі универсалды, жалпыадамзатқа тән құндылықтардан тұрады. Ал қазақ тілін оқыту барысында олардың ұлттық көріністерін мына сәйкестікте ұсыну керек деп есептейміз.

#### №1-кесте

| ҚР Білім министрлігі ұсынған құндылықтар                 | Аксиологиялық құндылықтар        |
|--|----------------------------------|
| 1) қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; | Намыс, туған жер (Отан), шаңырақ |
| 2) құрмет; 3) ынтымақтастық                              | Отбасы, ұрпақ, әйел              |
| 4) еңбек пен шығармашылық;                               | Қанағат                          |
| 5) ашықтық, 6) өмір бойы білім алу                       | Қонақжайлылық, дастарқан         |

1. Қазақ лингвмәдениеттанымдық саласының қазіргі даму деңгейі тұрғысынан аксиологиялық тірек концептілердің оқулықтарда қамтылуына талдау жасалды. Біз зерттеу объектісі ретінде 2017-2018 оқу жылында республика бойынша орыс тілді мектептердің 8-сыныбында қолданылған

(Артыкова Т. Ермекбаева Г. Қазақ тілі, 8-сынып, Атамұра, 2016 ж., 256 бет) Қазақ тілі оқулығын алдық. Сараптама барысында оқулық мазмұнында аксиологиялық құндылықтардың тақырыптық қамтылуы, олардың мазмұнының ашылуы, оқушылардың таным әрекетін дамытатын тапсырма түрлерінің берілуіне талдау жасалды. Концепт түрлері бойынша тілдік бірліктердің сөз, сөз тіркесі, мақал-мәтелдер, мәтіндер түрінде берілуі іріктелді. Талдау қорытындысы:

1) оқулықтың 2 тарауында аксиологиялық тірек концептілер ішінде отбасы, Отан, адам, салт-дәстүр концептілерімен байланысты тақырыптар мен материалдар беріледі. Отбасы тақырыбы бойынша аксиологиялық құндылықтың мазмұнын жеткізетін сөз, сөз тіркесі, мақал-мәтелдер жалпы тарау бойынша берілген сөздіктің 4 пайызын қамтиды. Олар: *ата-әже, туыс атаулары, сыйла, құрметте, қамқор, «Әкесі тұрып, ұл сөйлегеннен без, ...», ата-ана алдында бала парызы, тай өссе ат тынығады, ұл өссе, әке тынығады* және т.б.

2) салт-дәстүр аксиологиялық құндылығы бойынша лексикалық бірліктер жалпы тарау бойынша берілген сөздің 3,3 пайызын құрайды. Бағалауыштық мәнге ие *әдептілік, сыпайылық, достық пейіл, ақжарқын, ізеттілік, имандылық, қос қолдап амандасу, алдын кеспеу, құрмет білдіру, өзгені сыйлау, үзілді-кесілді пікір айтпау* және т.б. тілдік бірліктер берілген.

3) адам концептісі бойынша жалпы берілген сөздіктің ішінде аксиологиялық құндылықты бейнелейтін тілдік бірліктер 0,5 пайызын (*саналылық, жауапкершілік, бостандық, қадір-қасиет, даралық, көзқарас, қоғам*) құрайды.

4) домбыра концептісі бойынша 2,6 пайызын (*жыр толғау, сүйемелдеу, күй тарту, мойын, шанақ, жан нұры, аңыз, тарих, халқы мәдениеті, шер тарқату*) қамтиды.

Ал намыс, атамекен, қанағат сияқты аксиологиялық концептілерді бейнелейтін тілдік бірліктер кездеспейді.

№2-кесте

|     | Отбасы | Адам | Домбыра | Салт-дәстүр |
|-----|--------|------|---------|-------------|
| Сөз | 11     | 6    | 13      | 8           |

|                |             |             |             |             |
|----------------|-------------|-------------|-------------|-------------|
| Сөз тіркесі    | 17          | -           | 11          | 13          |
| Мақал-мәтел    | 16          | -           | 5           | 15          |
| <b>барлығы</b> | <b>1089</b> | <b>1089</b> | <b>1089</b> | <b>1089</b> |

Аксиологиялық құндылықтарды ұсыну, меңгертуді мақсат ететін тапсырма түрлеріне жасалған талдау репродуктивті мазмұндағы жұмыс түрлерінің басым екенін байқатты. Оқушының таным әрекетінің табиғи дамуын ескермейтін, қайталауды, есте сақтауды, мазмұндауды, мақсатсыз сөйлем құрауды сұрайтын тапсырма түрлері аксиологиялық құндылықтарды меңгертудің нақты жүйелі әдісінің қалыптаспағандығын көрсетеді.

## Тапсырма түрлері

№3-кесте

|                                      |   |  |   |
|--------------------------------------|---|--|---|
| Оқып, түсіну                         | 2 | Мақалдарды оқып, мазмұнын түсіндіру, есте сақтау | 1 |
| Сұрақтарға жауап беру                | 3 | Мәтінді оқып, 3 деңгейлі тапсырманы орындау      | 4 |
| Әңгімелеу                            | 2 | Тақырыпқа шығарма жазу                           | 4 |
| Түбір мен жұрнаққа ажырату           | 2 | Мәнерлеп оқу, өлеңді жаттау                      | 2 |
| Мәтін бойынша мазмұндама жазу        | 2 | Сөйлемдерді аяқтау, талдау жасау                 | 3 |
| Сөздерді қатыстырып, әңгіме жазу     | 1 | Мәліметтерді оқып, есте сақтау                   | 2 |
| Тірек сызба бойынша әңгіме құрастыру | 1 | Диалог бойынша өзара сөйлесу, құрастыру          | 3 |
| Сөздерді септеу                      | 1 | Диалог құрастыру                                 | 1 |
| Сөздердің мағынасын түсіндіру        | 1 | Өлеңді оқып, жаттау                              | 1 |

Талдау қорытындысы оқулық мазмұнында (B-1 деңгейі) ұлттық тірек құндылықтарды жеткізетін тақырып, тілдік материалдардың кең қамтылмағанын, отбасы, адам, салт-дәстүр концептілерінің мазмұнын ашатын бағалауыштық мәндегі тілдік бірліктердің жүйелі ұсынылмағандығын көрсетті.

2. Зерттеу жұмысының келесі кезеңінде мектеп бітірушілерге аксиологиялық тірек концептілер қатары беріліп, олардың ішінен маңызды деп есептейтін 3 түрін белгілеу ұсынылды. Сауалнама орыс мектебі және қазақ мектебін бітірушілер арасында жүргізілді:

| Тірек концептілер | Орыс мектебін бітірушілер (26) | Қазақ мектебін бітірушілер (22) |
|-------------------|--------------------------------|---------------------------------|
| 1) намыс          | 7 (26)                         | 12 (58)                         |
| 2) тағдыр         | 3 (11,5)                       | 0                               |
| 3) Туған жер      | 7 (26)                         | 7,3 (33)                        |
| 4) отбасы         | 26 (100)                       | 22 (100)                        |
| 5) ағайын         | 1 (3,8)                        | 3,6 (16,6)                      |
| 6) дастарқан      | 1 (3,8)                        | 0 0                             |
| 7) ұрпақ          | 4 (15,3)                       | 7,3 (33,3)                      |
| 8) шаңырақ        | 1 (3,8)                        | 5,5 (25)                        |
| 9) қонақжайлылық  | 0 (0)                          | 1,8 (8,3)                       |
| 10) байлық        | 4 (15,3)                       | 3,6 (16,6)                      |
| 11) қанағат       | 3 (11,5)                       | 1,8 (8,3)                       |

Сауалнама қорытындысы орыс мектебі мен қазақ мектебін бітірушілер арасында аксиологиялық тірек концептілер ретінде намыс, отбасы туған жер, ұрпақ концептілерінің басымдыққа ие екендігін көрсетті. Отбасы концептісінің екі топта да бірінші құндылық ретінде аталуы жалпы адамзатқа тән ортақ құндылықтарға жататындығынан деп есептейміз. З.К.Ахметжанова ұлттық менталитеттің табиғатын анықтайтын концептілерді дұрыс анықатудың өлшемдері ретінде В.И.Карасиктің параметрлік (пәндік компоненті бар) және параметрлік емес (пәндік компоненті жоқ) концептілерді ажыртау туралы пікірін басшылыққа ала отырып, параметрлік концептілердің өзін регулятивті (бағалауыштық компоненті бар) және регулятивті емес (бағалауыштық компоненті жоқ -синкретті) деп бөліп қарастырған жағдайда ғана ұлттық дүниетанымға тән мәдени концептілерді ажыратуға болатынын айтады [7,110]. Бұндай дифференциация ұлттық менталитетті қалыптастырушы концептілердің жүйесін айқын құрастыруға мүмкіндік береді. Әр концептінің мазмұнына

құрылымдық талдау жасау арқылы ғана ұлттық танымда реттеуші қызметін атқаратын бағалау құралдарын айқындап, сол арқылы ұлттық ойлау ерекшеліктерін түсінуге болады. Сондықтан автор аксиологиялық құндылықтар қатарына жалпы адамзаттық құндылық ретінде отбасы концептісін алмайды. Алайда біздің отбасы, байлық концептісін енгізудегі мақсатымыз жастар танымындағы олардың орындарын анықтау болды. Байлық концептісі екі топта да басым түрде таңдалмайды. Өйткені байлық ұғымы қазақ халқының дүниетанымында концептуалды құрылым деңгейіне жетпеген. Тірек концептілер ақпараттық мазмұны бай, иерархиялық құрылымға ие болуы керек [17]. Оны тілдік материалдар да дәлелдейді. Концептуалды иерархия теориясының негізінде «намыс» концептісінің құрылымына талдау жасайтын болсақ, оның жастар танымында мол ақпараттық мазмұнға ие екендігі байқауға болады. Намыс концептісінің құрылымын ақпараттың берілу сипатына қарай орталық, шеткі деңгейлерге ажыратуға болады. Яғни намыс концептісі аксиологиялық өріс құрады. Оның орталығында прототиптік мағынаға ие **ар-ұят** ұғымы тұрса, ал келесі деңгейлерін парызды орындау, міндетті өтеу ұғымдары толықтырады. Намыс сөзімен жүргізілген ассоциативті сауалнамада ар-намыс, ұят сөздері 50% жауапта кездеседі.

Намыс концептісі адамды, оның ісін бағалау арқылы азамат/азамат емес деген халықтық пікір туғызатын негізгі өлшем болып табылады.

Сауалнама қорытындысы намыс концептісінің екі топта да таңдалғанын көрсетті. Қазақ мектебін бітірушілер арасында бұл құндылық басымдыққа ие. Бұл қазақ мектептерінде қазақ әдебиеті сабақтарында оқылатын батырлар жыры, көркем шығармалардың да ықпалы болуы мүмкін. Алайда отбасы концептісімен салыстырғанда, намыс концептісі жастар танымында тірек, негізгі концепт ретінде басымдықта көріне алмай тұр. Өйткені намыс ұлттық тірек концепт ретінде барлық тіл иелерінің танымында кконцептуализацияланбайды. Намыс концептісі бағалаушы құндылық - білім ретінде мектеп бітірушілер танымында жаппай қалыптаспай отыр. Бұл туралы З.К.Ахметжанова да ескертеді. Намыс концептісінің мағыналық құрылымы ... еңбектерінде мақал-мәтелдер, фразеолгизмдер, мәтіндер деңгейінде тілдік бай материалдармен сипатталады. Яғни қазақ тілінде намыс концептісі толық жүйелі құрылымы бар толыққанды концепт ретінде көрінбейді. Бұл тұжырымды сөз тіркесі деңгейінде жүр-

гізілген екінші сауалнама қорытындысы да нақтылайды: намыс сөзімен тіркесетін сақтау етістігі ғана беріледі( 100%).

З.К.Ахмтежанова аксиологиялық тірек концепті ретінде қанағат концептісін атайды. Алайда сауалнама қорытындысы аталған концептінің жетекші сипатқа ие еместігін көрсетті. Қанағат ұғымы туралы студенттердің танымында - *өмірде бар заттарды бағалау, бар затқа риза болу, шүкіршілік ету, көпті қаламау (50%), бақытты болу, сүйіспеншілікпен қарау* ассоциацияларын туғызады. Бұл жалпы адамзатық аксиологиялық құндылықтар қатарын құрайтын *махаббат және бақыт* концептілерінің концептуалды құрылымында қанағат сезімі ұғымының келуімен байланысты деп ойлаймыз. Ал қанағат концептісінің жастар танымында тірек концепт ретінде қалыптаспауы жалпы қоғамның қазіргі даму деңгейінде бұл ұғымның маңыздылыққа ие болмауы, керісінше, баю, алғы жылжу, көбейту деген құндылықтардың басымдығымен байланысты деп есептейміз.

Тірек концептілер ретінде аталған «тағдыр» концептісі қазақ мектебін бітірген студенттердің танымында басым көрінбейді. Ал орыс мектебін бітіргендер арасында аталған концептіні таңдағандар саны - 18,7%.

Сауалнама қорытындысы білім беру мазмұны оқушы танымында ұлттық дүниетаным мәдениеті туралы толыққанды түсінікті қалыптастырмай тынын көрсетіп отыр. Қолданыстағы оқулықтарда елтаным материалдары деген атаумен жекелеген материалдық мәдениет үлгілерін қамтығанымен, оқушы танымында құндылықтар жүйесін сіңіретін тілдік материалдар, семантикалық талдаулар ұсынбайды. Соның нәтижесінде оқушы бойында ұлттық мәдениет пен тілге адамзат мәдениетінің бір бөлшегі ретінде қарау, айналасындағы шынайы өмірді ұлттық дүниетаным құндылықтары тұрғысынан бағалау дағдылары қалыптаспай отыр деп қорытынды жасауға болады.

### **Қорытынды**

Қазақ тілін оқыту мазмұнында аксиологиялық құндылықтар қалай берілуі керек?

Оқушының танымында әлем туралы көзқарастың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру үшін аксиологиялық концептілердің семантикалық құрылымын жеке-жеке беру керек пе, әлде тірек концептілердің өзара байланысын анықтап, концептосфералық - семантикалық жүйе ретінде ұсыну керек пе?

А.Вежбицкая әр ұлттың менталитетін анықтайтын жалпылаушы мағыналық ерекшеліктердің болатынын айтады [17,]. Мысалы, неміс халқының дүниетанымындағы басты мағыналық ерекшелік өмірдің барлық саласындағы тәртіп түсінігінен [6], орыс халқы үшін тағдырға салу ұстанымынан [18], француз халқы үшін заңды қадағалау түсінігінен көрінеді.

Қазақ менталитетінің басы ерекшелігі «ұят болады», «кең болсаң - кең болмайсың», «сөз тас жармаса, бас жарады», «нар тәуекел» деген ұлттық дүниетаным құндылықтарын жинақтаушы тірек ұғымдардан көрінеді деп есептейміз.

1. Бар болу: негізгі тілдік көрінісі – «шүкір». *Туысы бар, дәулеті бар, үй-жайы бар, жұмысы бар, берері бар, айтары бар. Бар болу семантикасының градациялық жоғары деңгейі - молшылық сөзімен беріледі: дастарханы мол, қолы мол, берері мол, жері мол, егіні мол, ағайыны мол. Көп түкірсе, көл болады.*

2. Ұят болады: *ардан, намыстан аттамау, өзінің парызы мен міндеттерін жоғары сезіну, адамдардың әрекетін «ұяты бар, ұят болды, ұяты бар екен» сөздері арқылы бағалау. Ұят болады ұғымы қаза халқын ата-баба ұстанған жодан аттау ұят болады» салт-дәстүрді ұстану үй көрсету, дастарханна дәм тату, төрден орын беру, аталар жолы, ұлы тұлғаларды дәріптеу, өткенді дәріптеу, пір тұту, бағалау. Салт-дәстүр отбасында, туыстар арасында, жақын адамдар арасындағы қарым-қатынаста көрінеді, белгілі бір топ ішінде іске асады. «Ұят болады» семантикалық өрісінің ең жоғары градациялық деңгейі намысты жібермеу, намыстан аттамау сөздері болып табылады.*

3. Бейнелілік: оқиғаны не әрекетті әсерлі, бейнелі беру. Бейнені ассоциациялық байланыстар орнату арқылы көзге елестету, құрғақ логикалық байланыстан гөрі, адамның сезім дүниесіне әсер ете отырып, жеткізу қазақ ұлтына тән ойлау моделінің негізгі ереушелігі болып табылады. [3,15].

4. Маңдайға жазғаны: *сәті түсіп, жолы болып, тағдырдың дегені, тағдырға не шара, бәрі тәңірдің қолында, жаман айтпай, жақсы жоқ, адамның дегені бола ма, алланың дегені болады ма, жолы болады, жол болсын, жолы ауыр, бұйыртқан дәмді жейміз, бұйырғаны осы, бұйрық та* деген сөз тіркестерінде әрекетті орындаушы адам емес, бір сырттан басқаратын тылсым күшке сілтеме жасау, оның не екенін атамау, алайда оның күшін мойындау, оған бой ұсыну бар.

Оқулық мазмұнында ұлттық менталитетке тән ерекше ойлау модельдерін жеткізетін тілдік материалдар қолданатын аясына қарай лексикалық тақырыптармен байланысты ұсынылуы керек. Тілдік материалды ұсыну тірек ұғымдармен байланысты ассоциациялық байланыстардың сөздердің тіркесі түрінде анықталып, келесіде сөз этимологиясын, оның тарихын анықтау, сөзбен байланысты халықтың таным-түсінігін баяндаумен жалғасады. Ал аксиологиялық құндылықты қалыптастырудың соңғы кезеңі олардың мәтіндер ішінде, сөйлеу жағдаятында, оқиғалармен байланысты қолданылуын келтіру, оқушыларға талдату, бағалау, пікірге шақыру, рөлдік ойындар ұйымдастыру түрінде жүргізуге болады.

Аксиологиялық концептілердің мазмұны туралы толық ақпарат алу үшін оның көрінетін барлық тілдік жағдаятын (сөз, сөз тіркесі, мақал-мәтелдер, мәтін) кешенді қарау маңызды. Сонда ғана ұлттық аксиологиялық құндылықтарды оқушы бойына сіңіреді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Президенттің 2017 жылғы 26 сәуірдегі Жолдауы. – Алматы: Егемен Қазақстан, 2017.- 2-бет.
2. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 16- б.
3. Нысанбаев А.Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі. – Мир ценностей независимого Казахстана. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011. – 271 б.
4. Карасик В.И. Языковые ключи. – М.:Генезис, 2009.-520 с.
5. Джамбаева Ж.А.Ключевые понятия лингвоконцептологии и средства репрезентации концептов. Вестник КГУ имен. Ч.Уалиханова, 2018, №4, стр. 52-57.
6. Бабаева Е.В. Лингвокультурологические характеристики русской и немецкой аксиологических картин мира: дис ... д-ра филол. наук. – Волгоград, 2004. – 438с.
7. Ахметжанова З.К. Казахская лингвокультура: язык, человек, этнос, Алматы, Елтаным, 2016. –стр. 82-110.

8. Уәли Н. Тіл экологиясы // Ана тілі.- 2009.- 26 ақпан (№ 8).- 5 б. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. Дисс, авторефераты.-Алматы, 2007.- 3-б.

9. Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, А., 2008.- 27 б.

10. Қошанова Ж. «Қазақ тіліндегі «байлық-кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – А., 2009. 27 б.

11. Сейдикенова А.С. Қазақ және француз тілдеріндегі «Өзім-өзге» концептілері (мәтіндер негізінде). Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – А., 2009. 29 б.

12. Шалбаева А.Ж. Жақсылық/ жамандық концептілерінің танымдық көрінісі (қазақ және орыс тілі материалдары бойынша). Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – А., 2010,22 б.

13. Султангубиева А.С. Тілдік бейнедегі «жүрек» концептісінің көрінісі (қазақ, орыс, ағылшын т.б.). Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – А., 2009.

14. Бияздықова Ә. Қазақ тіліндегі бақыт концептісінің танымдық сипаты мен қызметі .Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – А., 2014.

15. Күштаева М.Т. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, – А., 2002. 192 б.

16. Амирбекова А.Б. Аксиологиялық сөздік құрастырудың маңыздылығы мен қажеттілігі.

17. Фронтава. Ю.Л Аксиологический концепт сквозь таксономическую призму (на примере концепта судьба). Вестник 8(64)2008, стр.141-145.

18. А. Вежбицкая. Семантические универсалии «примитивное мышление»//Язык. Культура. Познание. - М. 1996. - С. 291-325.

19. Седых А.П., Феоктистова Е.Е.Ключевые национальные концепты во французской лингвокультуре. Вестник Иркутского государственного лингвистического университета . Серия. Языкознания, 2010. –стр. 55-61.

**АБАЙ ХАМЗАТЕГІ,**  
*жазушы, журналист, аудармашы*

## **ЛАТЫН ӘЛІПБИІНІҢ ПАЙДАСЫ МЕН ҚАТЕРІ** *(филологиялық-эссе)*

Шамамен осыдан жиырмадай жыл бұрын Халықаралық «Қазақстан-Zaman» апталығында «Әліпбилік реформа қажет, ол – қазақ тілін бодандық бұғаудан құтқарады» атты ғылыми-филологиялық тұжырымдама жарияланып, бүкіл республикалық ақпарат кеңістігінде кең көлемде талқыға түскені есімде (өзім ол кезде сол апталықтың жауапты хатшысы едім).

Оны ұсынған ғалым-автордың осы тақырыпты жан-жақты дәлелдеген, жеріне жеткізе талданған ұсыныстарына қарағанда, ол тіл білімін терең игерген, ұзақ жылғы жан-жақты тәжірибесі бар әрі өте ұлтжанды, патриот азамат екенін білген едік.

Тұжырымдама қазіргі қазақ тілінің басындағы ең негізгі 2 мәселені түбегейлі шешудің нақтылы жолын ұсынған еді.

**Біріншісі,** қазақтың байырғы тіл табиғатына сәйкес 29 әліпбиін қалпына келтіру. Ол үшін «қазақтың төл дыбыс үндестігін орыстандыру» мақсатында әдейі енгізілген қаріптерін В, Ё, Ф, Ц, Ч, Щ, Ъ, Ь, Э, Ю, Я және терминдері арқылы сiңіскен Х қарпін де алып тастау.

Мұның дұрыстығына орфоэпиялық көптеген дәлелдермен қатар, қазақтың рухани көсемі, тіл білімінің ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлы араб қарпімен белгілеген қазақтың «төтеше төл жазуы» деп аталған әліпбиін 29 етіп жасауын, бұған бірден-бір теориялық дәлел еткен-ді.

Өмірлік тәжірибеден байқасақ та, ана тілін жетік білетін қазақы адам сырттан енген қандай сөзді болсын өзінің табиғи төл дыбысталуымен атайды емес пе?

Мысалы, астыңғы ерінін үстіңгі тісіне тигізіп «фабрика» деп тұрған қазақты көрмеппіз, қайта астыңғы еріні мен үстіңгі ерінін тиістіріп «пәбірика» дей салады. «Цирк» деген сөзде қазақы адам тіл ұшын үстіңгі тісіне тигізіп айтпайды, тілі үстіңгі таңдай алдына ғана жеңіл

тиіп «сиіркі» дейді. «Щетка» сөзі үшін тілін доғалдап таңдайының ортасына тигізіп ысылдамайды, тек қана жеңіл түрде, тілінің алдыңғы жағы таңдайының ортасына таман аздап тиіп қана «шөткі» деп айтады. Мұндай қаншама мысалды оқырман өзі-ақ әрі қарай жалғастыра беруіне болады.

Ал, қазақтың төл үніне сәйкеспейтін бұл бөтен дыбысталатын қаріптердің қатері неде?! Мектепте тәрбиеленетін жас ұрпақтың өзіндік тіл үндестігі бұзылады. Ал, олар бодан тілде таза сайрайтын сатқындыққа ұшырай бастайды.

Қазақ қоғамы бодандыққа түскен Советтік кезеңде өсіп-өнген бұралқы тілді ұрпақ бізге осы қасіретті өзі-ақ дәлелдеп берді. Сондықтан, нақты түрде тәуелсіздік алған кезеңде ең әуелгі жөндеуге тиіс рухани байлығымыз осы тіл болатын. Өйткені, өз туған тілін терең де, таза үйренбеген ұрпақтан нағыз отаншыл азамат шықпайтынын тарих қазір өзі көзімізге көрсетуде. (Өз тілін терең білмеген ұрпақ халқының бай ауыз әдебетінен сусындамайды, төл мәдениеті мен дәстүр-салтын білмейді, ғажайып ән-әуен әлемінен алыс қалады...)

Соншама қасіретке ұшыраған халқымыздың өз тіліне келгенде өгей, бөтен отаршыл тілге келгенде егей болып отырғаны осы тілдің әліпбилік бодандығынан әлі құтылмағанымыздан екенін енді-енді әреңдеп түсінудеміз.

Егер, өз төл әліпбиіміз қолданысқа келген болса, шеттен кірген қандай сөз болса да өз орфографиямызбен жазылған болар еді. Онда, қазақланған қазақтың жаңа сөзі пайда болады да, ал айтылуы кәдімгі құлаққа жағымды қазақы төл үнімізге сәйкес келеді.

Бұл, бір жағынан, жалпы тіл дамудың, тілді жаңа сөздермен байытудың табиғи әрі тарихи жолы. Барлық тіл бір-бірінен сөз алмасып, оны өз төл дыбыстарына сәйкестіріп осылайша жаңа сөз жасаған. Оны тіл сауаты бар зиялы қауымға дәлелдеп, мысал келтіріп жатудың өзі артық (Қазір өзін ең жетілген тілміз деп есептейтін, басқа тілдерді бодандық бұғауға салып жоюды көздеген орыс тілінің сөздік қорында қаншама түркі текті сөздер бар екенін ақын Олжас Сүлейменов «Мың бір сөз» атты монографиясымен дәлелдеп, «Түркі славистикасы» тіл ғылымы саласын қалыптастырып та үлгерді).

Осы пікірді қорытындыласақ, қазақтың төл 29 әліпбиі арқылы шыт-

жаңа емле жасап, алфавиттік рет бойынша орфографиялық жаңа сөздік жасайтын уақыт жетті, деген сөз.

**Екінші** ұтымды ұсыныс орыстың осы қысқартылған криллица қарпін пайдалана отырып, яғни осы 29 әліпбиі арқылы жаңа латын қарпіне көшуді қолға алу.

Мұның пайдалы жағы, осы күнге дейін әбден қалыптасқан орфографиялық сөздіктерімізді және қаншама түсіндірме сөздіктерімізді қайта жаңартқанда оның қиындық тудырмайтындығы. Яғни, өзгерген қаріптерді ғана ауыстыру арқылы бұрынғы дайын сөздік жүйесін пайдаланып жаңа сөздікке өту және жаңа оқулықтар жасауда да дәл сондай жеңілдікпен жетуге жол ашуға болады.

Ал, осы күнге дейін үйреніп қалған криллица қарпін латыншаға көшіргенде латынға бізден бұрын көшкен түрік пен өзбек бауырластарымыздың дайын қаріптерін өз тілімізге сәйкестіре отырып қабылдап алу да бізге пайда әкеледі.

Өйткені, бұл туыс тілдер осы күнге дейін уақыт тәжірибесінен өтті, әрі түркі тілді халықтардың жақындасу дәуірі келген кезде бірінің тілін бірі үйренген уақытта өте ұқсас әліпбидің болуы да қоғамдық қажеттілік саналады.

Міне, тәуелсіздікке қол жеткізген отыздан астам жылда осы ең маңызды мәселе тек саяси ойынға айналды. Әліпбиді латынға көшіруді сылтау еткен қаншама болбыр жобаларды алға тартып жемқорлықпен қыруар қаржыны ысырап ету, тағы бір коррупцияның көзі болумен осы күнге жеттік.

Содан бері талқыға түскен көптеген латын әліпбиінің жобалары ғылыми негізсіз, төл тіліміздің ерекшелігін сақтамаған...қолданысқа қолайсыз деген желеулермен артымызда ұмыт қалып көп күндер озды.

Сондықтан, кезінде ғылыми қауымның толық мақұлдауына ие болған осы **«Әліпбилік реформа қажет, ол – қазақ тілін бодандық бұғаудан құтқарады»** атты жобаның негізінде жаңа латын әліпбиін жасауды ұсынамыз.

Бұл талқыға түскен әліпби жобасының пайдалы жағын тағы бір еске салсақ, Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған төл әліпбиімізбен етене ұқсастығы әрі бір ғасырға таяу үйреніп қалған криллицаға да дөп келетіндігі, міне мұндай жоба тіл ғылымы ортасында да, көпшілік қа-

уым ішінде де айтыс-тартыс тудырмайтын бірден-бір кемел жоба деп айта аламыз.

Мұнда әліпби жобасының негізін де қоса жариялап оқырман қауымға ұсынамыз:

А, Ә, Б, Г, Ғ, Д, Е, Ж, З, И, К, Қ, Л, М, Н, Ң, О, Ө, П, Р, С, Т, У, Ұ, Ү, Ү,  
Ш, Ы, І, Һ

Міне, бұл әріптер қазақ орфографиясына да, орфоэпиясына да әбден сәйкескен әріп әрі дыбыстар. Дәл осыған сәйкес енді, латын әліпбиінен ең қолайлы қаріптерді таңдай аламыз. Және оны түрік бауырларымыздың жүз жылға таяу уақыт сыннан өткен төл әліпбиіне жақын түрде таңдауымызға жоғарыда айтқанымыздай түркі тілділер бауырластығына да жақындай түсеміз. Әрі әлем тілдерінде кең ауқымға ие болған негізі латын әліпбиіне жақын ағылшын тілінің әліпбиін де оңай үйренуге жол ашылады.

Енді, латын әліпбиін қабылдаудың қатерлі жағы қандай дегенге де тоқталмай болмайды. Ең әуелгі айтарымыз, қоғамда ірі өзгерістер болып, жаңадан тәуелсіздік ала бастаған алғашқы сәтте латын әліпбиіне көшкен болсақ, қазір бұл саладағы мәселелер әлдеқашан жолға қойылған болар еді.

Тәуелсіздік кезеңінің жас ұрпағы да, бұрынғы кезеңнің ескі буыны да латынға толық үйреніп, қалыпты ахуал қалыптасатын ұзақ жылдарды артқа тастаған болар едік. Латын әліпбиі мәселесін жылдар бойы созбақтап, уақыт оздырып алдық. Онсыз да елімізде екі тілді қауым бар. Егер, латын әліпбиі ел көлеміндегі мектепте оқытылып, әліппелер, оқулықтар шығарылса орыс тілді криллицианы қолданып отырған қауым екі әліпбиді қатар қолдана ма? Олар осындай ауқымды өзгеріске үн-түнсіз көне салады деу, латынға көше салады деу саяси аңқаулық дер едім.

Өйткені, отыз жылда мемлекеттік тілдің мәртебесін толық қалпына келтіре алмаған елде, сол мемлекеттік тілде әлі күнге сөйлеуге құлқы жоқ жүрген қауымды тек әліпби өзгерту арқылы ғана келтіре саламыз деу әлеуметтік жағдайдан бейғам адамның әрекеті ғана.

Оның үстіне, еліміздегі БАҚ құралдары да екі тарапқа түсіп, онсыз да мемлекеттік тілдегі баспасөз құралдары төменгі деңгейде тұрған шақта латынға көше салу, ана тілімізге тағы бір соққы болуы ықтимал.

Сондықтан, латын қарпіне ауысуды тек қана қаріп ауыстыру секілді

жеңіл ойламай, саяси әрі әлеуметтік мәселе ретінде жан-жақты қарастыруға тиіспіз. Яғни, Мемлекеттік тіл мәртебесін нақты қолданысқа әкелетін қоғамдық механизмді толық іске асыру аса қажет.

Келесіде, еліміздегі ғылым-білім жүйесінде түбегейлі реформаға жол ашуда кезекте тұр. Міне, осындай сан-салалы өзгерістер ғана латынға көшуге жол аша алады.

**СЕРІК ЕРҒАЛИ,**

*педагогика ғылымдарының магистрі,*

*лингвист*

## **БӘРІНЕН ДЕ МАҢЫЗДЫСЫ – ТІЛДІК ОРТА**

**Тіл саясатының нысанасы – тілдік орта.** Мемлекеттік тілдің 30 жыл бойы өз тұғырына қона алмауына қатысты алуан себеп пен факторларды атауға болады. Бірақ бүгінгі маңызды шаруа – осылардың ішіндегі ең өзекті де маңыздысын таңдап, соны нәтижелі іске асыру. Бұған дейінгі мемлекеттік тараптан да, қоғамдық тараптан да тіл саясатына қатысты шаралар мен әрекеттердің бәріне ортақ бір осалдық барын атап өтейік, ол – бұл мәселеге ғылыми зерттеу мен талдауға жол берілмей, түйсікке ғана иек артқанымыздың кесірінде жатыр.

Тілдің қарапайым әрі басты анықтамасы мынау: тіл – белгілі бір қоғам мен қауымға бірігетін адамдардың өзара қарым-қатынас (коммуникация) құралы. Одан әрі тереңдесек, тіл: адамдардың бір-бірімен ақпарат бөлісу және ақпарат алу мүмкіндігін жүзеге асыру үдерісі. Ал бұны қысқаша ғана «тілдік орта» аталатын тіл ғылымының бір басты саласы қамтиды. Бұны зерделеп, зерттейтін және мәселесін ашып әрі шешетін социолингвистика деген ғылым саласы бар. Басты өкініштісі сол – бұл сала әлі қазақ тіліне қатысты елімізде байыпты қолға алынып, дамыған жоқ. Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап бұл ғылым саласын алға тартқан филология ғылымдарының докторы, социолингвист Бақытжан Хасановтың дауысы мен уәжі тиісті орындар мен органдарға жетпеді, соған сәйкес шешім болмады.

Ал тілдік ортаға не жатады? Тілдік орта дегеніміз – ауызекі және жазбаша тілді қолданатын белгілі бір адамдар қауымы. Қоғамдық-саяси жағынан алғанда бұл орта өзінше «үш жүзден» құралады: мемлекеттік, коммерциялық және қоғамдық секторлар, қысқасы қоғамдағы адамдардың күнделікті тұрмысынан бастап, бизнес пен қоғамдағы араластық және елді билеуге дейінгі барлық ақпарат алу, тарату, өндіру аясы мен үдерістері осы тілдік ортаны қамтиды. Ал бұл секторлардың әрқайсысы

өз кезегінде әралуан форматтағы коммуникациялық-ақпараттық ресурстардан, атап айтқанда аудио-видео жазбалар, әлеуметтік желі мен әлем-желі арналары, телеарналар мен радиотолқындар, басқа да ақпарат алу мен жазу технологиясы, бүкіл өнер саласы – кино, театр, кітапхана, білім беру саласы, ресми билік органдары мен ұйымдарының барлық ақпарат контенттері, өндіру, тарату саласы (бұны қысқаша – ресми тіл атайды) секілді ресурстардың әлеуетінен тұрады. Қысқасы, тілді тіл қылатын да, тұл қылатын да – тілдік орта! Егер бизнес клиент үшін таласу майданына түсіп жатса, ал әр тіл аман қалу мен даму үшін тілдік ортаға таласады! Осыдан тіл саясатының мазмұны өзінен өзі шығады. Енді «электрон тілдік орта» ұғымын енгізуге мәжбүрміз, өйткені бұл сала бүгінді әрбір тілдің қауқарын айқындайтын көрсеткіш болып кетті. Бұрын сәбидің тілі ата-анасы мен жанұясында шығатын болса, қазіргі баланың тілі гаджетпен шығып жатыр. Жуырда ғана Ақтөбе облысының Ырғыз кентіндегі бір отбасыдағы 3-5 жасар екі сәбидің тілі орысша шыққандықтан, амалсыз орыс мектебіне беруге тура келген. Ал, Ырғыз ауданы 99,99 қазақтілді орта!

Тіл саясаты дегеніміз – елдегі, қоғамдағы аталмыш салалар бойынша тілдердің дәрежесі мен арасалмағына орай заңға негізделген, мейлінше қолданылу, пайдаланылуды әділ үйлестіру, қайшылықтарды жойып, дамытуды қолға алумен анықталады. Тіл саясатын қазіргі заманда жүзеге асыруға қажет басты құрал – социолінгвистика. Бұл – тілдік ортаның ғылыми атауы әрі зерттеу мен зерделеу пәні. Ол болмаса, бұл үдеріске қатыспаса, онда тіл саясаты соқыр деген сөз, бұл ғылым аталмыш сала бойынша барлық мәселені орнына қойып, шешімдердің жобасын әзірлеуге бірден бір керек ғылыми тетік болып табылады. Бұл ғылым тілдік ортаның әрбір жігі мен тобындағы жағдайды барынша объектив түрде көрсетіп, соған сәйкес қандай шара мен жобаны атқаруды ұсынар еді. Міне осы болмағасын, 30 жыл бойы не істеп, не қойғанымызды және қалай істейтінімізді білмей, уақыт пен басқа да материалдық ресурстарды рәсуә етіп келдік. Тіл саясатының деңгейі «жанашырлық» сипаттан арыға баспады. Қисынды шешімдер болмады, нәтижелі әрекеттерге жол ашылмады.

**Билік – басты тілдік орта.** Тілдік ортаның ішіндегі жетеккүш/локомотив не? Ол ресми орта – елді билейтін мемлекеттік сектор. Егер бұл сектор мемлекеттік тілге деген көзқарасын біржолата алаңдамастан, мани-

пуляциясыз кірісетін болса, онда қалған екі сектор: коммерциялық және қоғамдық орта да басқа тілге қарай жамбастауды доғарады және сылтау іздемейді, тіл саясатына кедергі жасап машақатақа бара қоймайды. Мемлекеттік саясатты айдалаға ала қашпайды, сыртқы күштерді елдің ішкі саясатына қарсы айтақтамайды.

Бұған дейін мемсектор тіл саясатын қалай жүзеге асырып отыр? Ресми ортада конституцияның 7-бабының 2-тармағы бұрмаланып, «орыс тілі – ресми тіл» деген жалған тұжырыммен, орыс тілінде ғана мемлекеттік іс жүргізілуде. Бұл үдерісте бір емес, екі құқық бұзылып отыр: біреуі Ата заңның «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген 7-бабының 1-тармағы, яғни мемлекеттік құзыр мен құқық бұзылса, тағы біреуі – мемлекеттік қызметтегі қазақтілді қызметкерлердің құқығы бұзылып келеді. Қазақтілді қызметшілер аудармашының рөлінде және олар өздерінің құзыреттілігін толық мемлекеттік тілді қолдануға пайдалана алмай, монотілді қызметшілердің ыңғайына жығылумен келеді. Ал бұл – обал ғана емес, қылмыс. Осы жерде мемлекет неге осы екі тарапты біріктіретіндей саясат жасай алмай отыр? 30 жылдың ішінде бұл сала бойынша алға басу неге жоқ?

Бұның шешімін бірден айта кетейік. Осыдан кемі 20 жылдай бұрын елде қостілділік деген сырттай қарағанда күлкілі болғанымен дұрыс саясаттың сұлбасы басталған еді. Бірақ бұл ішкі мазмұны анықталмаған жалаң идеологияға айналып, дабыра күйінде қалды. Шын мәнінде жоғары мемлекеттік органдардағы мемлекеттік қызметшілерден қос тілділік құзыреттілік талап етіліп, оны бірте-бірте мемтіл пайдасына қарай бұрғанда, қазіргідей қайшылық қалыптаспаған болар еді. Оны қалай ұйымдастыруға болар еді? Мемлекеттік қызмет жөніндегі агенттік мемқызметшілерді ҚазТЕСТ жүйесі арқылы қазақ және орыс тілдері бойынша сынақтан өткізеді де, мемлекеттік қызметтің дәлізінде кім қай тілге жүйрік болса, сол тілде қызмет ете бастайды. Бірақ қостілді қызметшіге сәйкесінше ерекше жағдай жасалады, өйткені ол – елдің тіл саясатын қолдаушы әрі дамытушы фактордың тиегі! Екітілді қызметші мансап бойынша жоғарылауға барынша мүмкіндігі болуы тиіс. Және де мемлекеттік қызметте құжатты бір тілден екіншісіне аударып, артық шығын мен жалған «қостілділік» жүргізудің мүлдем керегі жоқ. Ал біртілді/монотілді адам дегеніміз кім? Ол – орыстілді қызметші. Әдетте қазақтілді қызметкердің кемінде

80 пайызы екі тілге жүйрік. Кім ұтты? Мемлекеттің саясаты ұтты және оның саясатын алға бастырып отырған кез келген қостілді этнос өкілі ұтты! Бұндай саясатқа кім шағымданады? Біртілді және мемлекетті менсінбейтін өзімшіл, кездейсоқ монотілді «қызметші» ғана шағымданады. Шағымдана берсін... Тіпті кездейсоқ адам ретінде өзіне жұмысты басқа сектордан іздесін! Бұл жерде кездейсоқ қызметшілердің мүддесіне мемлекеттік мүддесі мен құзырын қор қылуға неге жол беріледі? Міне, осылайша басталған дұрыс саясаттың аяғы болмады, мазмұны ашылмады, саясатқа айналмады. Бірақ аса мықты орыстілді маманды да мемлекеттік салада қызметке алуға болады, бірақ оны мемлекеттік қызметкер ретінде емес, белгілі бір сала бойынша сарапшы-маман ретінде! Тіпті ондай маманды шетелден де тартуға болады. Яғни мемлекеттік мүддені алға бастыру үшін барлық жағынан да заң мен қисын жеткілікті.

Мемлекеттік ұйымның/мекеменің отырысын қай тілде жүргіземіз? Екі тілде бірдей. Қалай сонда? Қазақтілді қызметкер мемлекеттік тілде сөйлесе, орыстілді қызметкер орыс тілінде ойын айта береді, бірақ екі тарапқа да бірдей талап қойылады: қызметші толық меңгермеген тілді ауызекі түсінуге тиіс. Егер де мақұрым болса, ондай адамды «көпұлтты» Қазақстан мемлекетіне қызметші етіп алуға әсте болмайды!!! Бұл базар емес, әркім өз тілімен түсінісіп, сауда жасай беретін, бұл – мемлекет!

Бірақ бұл саясат жалғаса бермейді. Мерзім жағынан бес жылды ғана қамтуы мүмкін, бұл уақыт ішінде нағыз қостілді, тіпті мемлекеттік тілді өте жақсы меңгерген келесі ұрпақ әлгі дүбәрә буынды ығыстырып шығады, болмаса бес жылда мемлекеттік қызметшілердің барлығы дерлік меңгеріп шығар еді. Осылайша мемлекеттік сектордағы тіл мәселесін бас аяғы 5 жылда шешіп тастауға әбден болады.

Мемлекеттік дәліздегі тілдің қандай екендігі көшедегі, яғни қоғамдық сектордағы адамға қандай қатысы бар? Ешқандай да. Көшеде шемішкі сататын болмаса зейнетке шыққан, тіпті студентке де мемлекеттің қай тілде қызмет ететіні ешбір кедергі етпейді, ал мемлекет тарапынан керек құжат пен хат-хабар екі тілде бірдей беріле береді. Ендеше бұған қоғамдық пікір мен демографияның қандай қатысы бар?! Мемлекеттің өз қызметін мемлекеттік тілде атқаруына ешбір демографиялық жағдайдың әсері жоқ. Ол заңды да, шешімдерді де, отырыстарды да қазақ тілінде атқара алады және солай болуы тиіс. Бірақ қоғамдық орта болмаса тіл саясаты үшін

ол жерде демократиялық сайман – ілеспе аударма болса жеткілікті, сосын қазақша түсінбейтін қарапайым азаматтың хаты мен тілегіне орысша нұсқасын/аудармасын беруге адам құқығын бұзбау жағы қарастырылса болғаны. Бұл мемлекеттің мәдениетін де қалыптастырады, мемлекет пен азаматтық қоғам арасын да жақындатады. Бірақ аудармамен бірге мемлекеттік тілдегі түпнұсқа міндетті түрде қоса жүруі керек. Керісінше, түпнұсқа орысша болып, оған қазақшасы қосақталмауы тиіс. Негізінде дұрыс болғанда, қазақстандық тіл саясатының идеалы осылай болар еді.

Ал біз бұның орнына не істедік? Қазақтілді қызметкерді аудармашы етіп қойып, орыстілді құжаттарды архив үшін соған аудартып отырдық, ал нағыз тілдік орта тек қана орыстілді болып қала берді, қазақ тілінің ресми саласы аударма-калькалық сипатқа көшті. Бұл шын мәніндегі қылмыс еді. Ақырында қазақтілді қызметкерлер орыс тілдене бастады. Қазақ тілінің ресми саласы дамымай кері кетті. Ал тілдік ортаның бастысы – мемлекеттік дәлізде.

Осы жерде қоғамда әбден тізесі шыққан қисынсыз тіркестерге қатысты ой өрбіту керек болып отыр. Мысалы көптеген өңірлерде «тілдерді дамыту» деген жалпақшешей тіркес ресми басқармалар мен департаменттің, тіпті комитеттің де атауына кірістірілген. Бұл жосығы жоқ қисынсыз нәрсе: елде 100-ден аса этнос болатын болса, Қазақстан соншама тілдерді дамытуды мойнына алуы – абсурдтың абсурды. Шын мәнінде, әлгі мүсәпір ресми атаулар «тіл саясаты жөніндегі» бөлім, департамент, басқарма, комитет сықылды болып келуі керек еді.

Жіктей айтатын болсақ, орыс тілі онсыз да дамыған халықаралық тіл және оны одан әрі дамытатын Ресей Федерациясы бар, бұл туралы өзбек, украин, поляк, неміс, түрікпен, қырғыз, шешен-ингуш, түрік тағы басқа тілдер туралы да айтқан қисынды болмақ. Ал ұйғыр, дүнген, күрд секілді тілдерді дамыту үшін бұл этностардың алдында тарихи әрі заңдық күші бар халықаралық құзыр мен құзыреттілікке ие болуы керек, яғни БҰҰ болмаса ЮНЕСКО алдында міндеттеме алып, соған сәйкес талап пен қолдау болса ғана оларды дамытуға міндетті болмақ. Ал елдегі этносаралық татулық нығайтудың бұл салаға ешбір қатысы жоқ. Сондықтан мемлекеттік тіл саясатының берекесін кетіріп келген жалпақшешейлік пен жалған бастаманың құйрығы бір тұтам болғандықтан да бұл салада нәтижесізбіз. Алайда, қоғамдық деңгейде жергіліктенген

тілдік саясат үшін бұларды ішкі саясаттың бір көрінісі ретінде назар аударуға әбден болады, бірақ ол тарихи даму міндетін мойынға алу деген сөз емес. Ал халықаралық деңгейде әлгі ұйғыр, дүңған, күрд тілдерін дамыту үшін сол этностардың тарихи жерін ұстап отырған мемлекеттерге қарата бастама көтеру – Қазақстанның халықаралық аренадағы міндеті ғана емес, өзіміздегі әлгі диаспораларды рухани қолдау болмақ. Тұжыра айтқанда, ұйғыр мен дүңгеннің тілін дамытуға тиісті мемлекет – Қытай, күрдтердің тіліне Ирак пен Түркия міндетті. Ал түркілердің қара шаңырағын ұстаушы басты ел ретінде ноғай, тыва, қарақалпақ, құмық, қарашай-балқар, гагауыз тағы басқа түркі жұрттарының тілдерін ғылыми әрі араластық үшін тіл білім саласы бойынша дамытуға үлес қосу қай жағынан да жарасымды әрі қисынды. Сол үшін де тарихи-рухани миссиясы Түркістан қаласында жалпытүркілік тіл білім институты құрылса, ол қазақ тілінің де дами түсуіне ықпалы зор болмақ.

Ал қазақ тілін дамыту керек пе? Әлбетте. Мемлекеттік мәртебесі бар тіл үшін бүгінде терминология мен лексикология, аударма саласы мейлінше даму үдерісін қажетсінуде. Тіпті, бұл салаларға арнайы институт құру қажеттігі бар.

## ГҮЛФАР МАМЫРБЕК,

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы*

*Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері,*

*филология ғылымдарының кандидаты*

### ТІЛДІҢ НЕГІЗГІ ЗАҢЫ – САҚТЫҚ ЗАҢЫ

Алаш қайраткерлерінің ішінде физик, математик, қоғам қайраткері, педагог, публицист, аудармашы, лингвист ғалым, тіл білімінің көптеген салаларымен, фонетика, жазу теориясы, емле, терминология, тілді оқыту әдістемесі, стилистика, морфология, синтаксис, оның ішінде сөйлем, сөз тіркесі синтаксисі мәселелерін жан-жақты зерттеген ғалым бар. Ол – Елдес Омарұлы.

Ахмет Байтұрсынұлының тікелей шәкірті және лингвистикалық мектебінің ірі өкілі, XX ғасыр басындағы қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі Елдес Омарұлының дүниеге келгеніне 130 жыл толу мерейтойына орай Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Ахметтану бөлімі республикалық семинар өткізді. Алаш мұраларын зерттеушілер, тілтанушылар, ЖОО оқытушылары мен студенттер қатысқан жиында Тіл білімі институты директорының орынбасары, PhD Ермұхамет Маралбек Алаш зиялысының ғалымдық тұлғасына тереңірек тоқталса, Ахметтану бөлімінің меңгерушісі, *филология* ғылымдарының докторы, профессор Құралай Күдерінова тілтанымдық тұлғасы туралы баяндады. Ахметтану бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. Гүлфар Мамырбек «Әліпби айтысындағы Елдес Омарұлының тұжырымдары», Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы, ф.ғ.д. Орынай Жұбай «Елдес Омарұлының қазақ тіліндегі тіркесім заңдылығына қатысты ұстанымдары» және Тіл білімі институтының 1 курс докторанты Жансая Көшербай «Е.Омарұлының қазақ ұлттық сөйлем құрылысы мен сөз тіркесіне қатысты ойлары» тақырыбында баяндама жасады. Сондай-ақ, Жазушылар одағының мүшесі, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессоры, *филология* ғылымдарының кандидаты Ақылбек Шаяхмет пен Елдес Омарұлының туысы Марат Шуақаев пікір білдірді. Ал семинар

модераторы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан болды.

Семинар соңында Елдес Омарұлының мұраларын зерттеу, ЖОО бағдарламаларына ғалым еңбектерін енгізу, Алматы қаласында көше, оқу орындарына Елдес Омарұлының есімін беру туралы қарар қабылданды.

Семинар барысында оқылған ғылыми баяндамалардың барлығы оқырман үшін маңызды. Соның бірін оқырман назарына ұсынуды жөн санадық...

XX ғасыр басында әліпбиге қатысты талас-тартыс өте қызу жүргені мәлім және бұл «Әліпби айтысы», «Әліпби тартысы» деген атпен тарихта қалды. Жалпы XX ғасырдың басында қазақ қоғамындағы әліпби (алфавит) мәселесіне қатысты талас-тартыс төрт түрлі бағытта жүрді:

- 1) Миссионерлердің орыс әліпбиін енгізуге деген талпынысы;
- 2) Бұрыннан қолданылып келе жатқан араб жазуын өзгертпей сол қалпында қолдану;
- 3) Араб жазуына өзгеріс енгізу;
- 4) Араб әліпбиін тастап, латынға көшу.

Жалпы сонау VIII ғасырдан бастап, XX ғасырға дейін қолданыста болған араб жазуына өзгеріс енгізуге не түркті болды, оның себебі не? А.Байтұрсынұлы он үш ғасыр бойы қолданыста болған әліпбиді неге өзгертті? Латынға көшу мәселесі не үшін көтерілді?

XIX ғасырдың соңында Қазан қаласында «Рухани академия» құрылады да, онда арнайы «Противомусульманская кафедра» ашылады. Оның тұңғыш меңгерушісі Ильминский болады. Рухани академия Ресейдің қол астындағы түркі халықтарын тырп еткізбей бағындыру үшін мұсылман дінінен, тілінен айырып, орыс әліпбиін енгізуді мақсатты түрде қолға алады. Ал миссионерлердің басты міндеті – қолданыстағы араб әліпбиінің орнына орыс әліпбиін енгізу және шоқындыру болады. Міне, осындай астыртын саясат XIX ғасырдың соңында Ресейдің қоластындағы түркі халықтары арасында жәдидшілдік ағымын орнатады. Оның мақсаты – мұсылман халықтарының дінінен, тілінен, жазуынан ажырамай, жаңа заман талабына сай білім алу жүйесін орнықтыру болады. Жәдидшілдік Қырым татарларының бастамасымен қолға алынады, оның негізін салған И. Гаспринский (1851–1914) және ол татар білім беру жүйесін реформалайды да, мектептерге «усул жәдид» әдісін енгізеді. Осы «усул жәдид» мектебінің қазақ қоғамына аса маңызды екенін және араб жазуынан ай-

ырылса, күллі қазақ рухани-мәдени байлығы мен ұлттық болмысынан айырылып қалатынын жақсы түсінген зиялылардың ең көшбасында А.Байтұрсынұлы мен Е.Омарұлы тұрды.

Кирилге көшу түркі халықтары тарапынан қарсылыққа ұшырағандықтан, Ресей үкіметі латынға көшу идеясын көтереді. Латын мен араб әліпбиінің таласында араб жазуының тиімділігін дәлелдеп шыққандардың бірі Е.Омарұлы болды. Е.Омарұлы әліпби тартысына қатысты өзінің негізгі тұжырымдары мен пікірлерін Орынборда (1924), Бакуде (1926) және Ташкентте (1927) өткен конференцияларда айтты.

1. Ардақты азаматтар мен қара бұқара. Елдес Омарұлы латын мәселесінде қоғамның екіге бөлінуін қаламады. Е.Омарұлы: «Латынды қалай алмақпыз? 1-2 жылдың ішінде алып бола аламыз ба? Мәселен, латынды мектепке алдағы жылдан-ақ бастап кіргізсек, онан бұрын оқып шыққандар латынша сауатсыз болып қалады. Олардың бәрін оқытып шығару қолдан келмейді. Латынша білмейтіндер өліп біткенше біздің жазуымыз екі түрлі болады. Сонда латынша оқи, жаза білетін «ардақты армансыз азаматтар» болмақ, латынға қолы жетпей қалған «қара бұқара» болмақ», – деген болатын.

2. Еуропаға жақындау. Бұл латынды жақтаушылардың ең көп, әрі жиі айтқан дәлелдерінің бірі осы болатын. Бұған қатысты Е.Омарұлы былай дейді: «Латыншылардың латынмен Еуропаға жақындаймыз дегені бос сөз. Әрпің латынша болғанмен, жалғыз соның арқасында Еуропаға жуықтай алмайсың, кітаптарын оқи да алмайсың. «Monsieur» деген сөзді сен өзіңше «монсиер» деп оқысаң, француз «мусие» деп оқиды. Латыныңмен ағылшын, француз, неміс кітабының қарасын да тани алмайтын болған соң, ол латынмен Еуропаға қалай жақындаймыз? Латын әрпін алғанда басқа елдің тілін білеміз деу – адасқандық. Ол босқа қызықтыру». Яғни Е.Омарұлы еш дәлелсіз, құр пафос пен эмоцияға негізделген пікірлерге қарсы болған.

3. Мәдениеттің тетігі – латын. Латыншылар тарапынан айтылған бұл дәлелге Е.Омарұлы: «Дұрысында мәдениеттің ең мықты тетігі, әліпбиден де артық тетігі – тіл. Ағылшындар өздерінің бұзық жазуымен де алға кеткен. Ағылшынның алға басуына оның шатақ жазуы да жараған. Сондықтан қазақ елі ілгері басу үшін қазақтың мінсіз, дәл жазуы жармайды деген қисынсыз. Біз латын әрпін аламыз дегенше, Еуропа мәдениетіне

тін қалай аламыз деп кеңесуіміз керек. Әріптің суреті латынша болуы, солдан оңға қарай жазылуы – мәдениетке жетудің шарты емес, мәдениетке жетуге әріптің жазуға, қолдануға қолайлылығы шарт. Қазіргі әліпби осы шарттарды толық орындайды», - деген болатын.

4. Шама тілі өрнектері. Шама тілі өрнектерінің латын әрпімен жазылуы латын әліпбиін қабылдауға түрткі болған дәлелдердің бірі ретінде жиі көтерілген болатын. Оған Е.Омарұлы былай дейді: «Еуропаға жақындаймыз деп көбіне айта беретін дағдылы дәлелдерінің тағы бірі – шама тілінің өрнектері. Шама тілінің өрнектерін Еуропа о баста арабтан алған. Сондықтан Еуропа арабтың жазғанын өз әрпімен  $(a+b)^2=a^2+2ab+b^2$ » деп жазған. Ал сол кезде Еуропаның әрпі дәл қазіргі біз сияқты өзінікі емес, өз тіліне үйлестіріп алған латын әрпі болатын».

5. Оқыту әдісі жеңіл. Латынды жақтаушылар тарапынан «латын» әрпін үйретіп-оқыту әдісі араб әрпіне қарағанда әлдеқайда жеңіл болады деген пікірлер көп айтылған болатын. Бұған Е.Омарұлы: «Латыншылар латын әліпбиі оқыту әдісі жағынан да артық, жазғанда жылдам жазылады, оқылуы да жылдам болады деп дауласады. Бірақ латыншылардың онысы дәлелсіз құрғақ дау. Оның анығына тек тәжірибемен ғана жетуге болады. Бізде ондай тәжірибе әлі болған жоқ. Тәжірибесіз латын әрпін мақтап, қазақ әрпін жамандау сөйлеуге сөз таба алмаған еріккендердің ісі», - дейді. Яғни Е. Омарұлы оқыту әдісінің ауыр-жеңілдігін іс жүзінде тәжірибе жасау арқылы ғана анықтауға болатынын ескерткен.

6. Жамаушы. Қазақ зиялылары кирил не латынға көшуден гөрі, қолданыстағы араб әліпбиіне өзгерістер енгізу қажеттігін дұрыс деп танығаны мәлім. Яғни А.Байтұрсынұлы ұзақ жылдар қолданыста болған араб әліпбиіне өзгерістер енгізіп, ұлттық әліпби жасады. Осыған байланысты латыншылдар арабшылдарға «жамаушы» деген айып таққан болатын. Бұл айыпқа Е.Омарұлы былай жауап береді: «Латыншылдардың тағы бір жабатын жаласы «жамаушы» деген жала. Қазақ әліпбиінің негізі арабша екені рас, арабша әліпбиді жамап, өзгертіп алғаны да рас, бірақ қазақ оны жамағанда араб танығысыз қылып өзгертіп, өзінікі қылып алып отыр. Біз жамаушы болсақ, латыншылдар да жамаушы. Латыншылдардың 99 түрлі жобасы бар. Олардың ішінде латын әліпбиін жамау-жасқаусыз сол күйінде алып отырған біреуі де жоқ».

Бір әріпті тастап, екінші әріпке еш дайындықсыз дереу көшу экономикалық, әлеуметтік және рухани-мәдени жақтан ауыр болатынын айтып шырылдаған А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы бастаған зиялылар қауымына ұлтшылдар, ескішілдер, арабшылдар, қадымшылар, керітартпалар, діншілдер, молданың шашбауын көтерушілер деген айып тағылған еді.

**ГҮЛСАЙРАН ТӨЛЕГЕНОВА,**

*"Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы" ММ  
"Тілдерді оқыту орталығы" КММ директорының орынбасары*

## **ИНТЕРМӘТІНДІЛІК ЖӘНЕ ПРЕЦЕДЕНТТІЛІК ФЕНОМЕНДЕРІНІҢ ФОЛЬКЛОРИЗМГЕ ҚАТЫСЫ**

«Интермәтінділік» терминін ғылыми айналымға М.Бахтиннің «мәтіндер диалогы» метафорасының негізінде 1967 жылы француз ғалымы Юлия Кристева енгізген. Ю.Кристеваның түсіндіруінше, «...интермәтінділік дәл сол мәтіннің ішінде пайда болатын мәтіндік интеракция» [1, 7]. М.Бахтиннің «диалогизм» теориясынан бастау алған интермәтінділік ғалым тарапынан «бөгде сөз» ұғымымен де түсіндіріледі. М.Бахтин «...кез келген сөз «бөгде сөзді» сіңіреді, бөгде сөзге «қарайлай», оған жауап ретінде не келісім беруі негізінде құрылады», - дейді [2, 219]. Яғни, белгілі бір сауалға жауап беру кезінде, оны теріске шығару не құптау алдыңғы сөзді, мәтінді сіңіру, оны өңдеп қайта жарыққа шығару арқылы жүзеге асады. Демек, кез келген мәтін өзінің алдыңғы мәтіндердің өнімі, нәтижесі болып саналады. М.Бахтиннің «мәтіндер диалогы», «бөгде сөз» теориялары филология ғылымындағы интермәтінділік ұғымын жан-жақты түсіндіріп бере алады. Мәтіндер арасындағы «диалог» кезінде алдыңғы пікірге қатысты автордың позициясы, құптауы не терістеуі сынды көзқарастары көрінеді. Интермәтінділік кезінде автор алдындағы мәтіндерді қолдана отырып, өз позициясын айқын танытуға ұмтылады. Себебі алдыңғы мәтін оқырманға таныс, белгілі болады да, оқырман санасындағы қазықталған ұғым-түсініктерге ықпал етуге мүмкіндік туады. Оны қайта түсіндіріп жатпайды, тек соған қатысты пікірін, көзқарасын таныта отырып, ойды ары қарай өрбітеді. Жалпы филологияда интермәтінділік теориясының негізін салып, оны ары қарай дамытып, іргесін қалаған ғалымдар ретінде М.Бахтиннен бастап Ю.Кристева, Ж.Женетт, М.Риффатер, Р.Барт, т.б. есімдерін атай аламыз. Аталған ғалымдардың филологияда дамытқан пікірлері тіл білімінде де, әдебиеттану ғылымында да басшылыққа алынып, зерттеуге негіз болатын теорияларды қамтиды. Жалпы әдебиеттану

теориясын қалыптастыруда өнімді еңбек еткен Р.Барт «интермәтінділік» теориясын көркем туындыдағы «автор өлімі» концепциясы арқылы айқындайды. Р.Барттың пікірі бойынша, «...кез келген жаңа мәтін – бұрынғы цитаталардың, алдыңғы көркем шығармалардың қосындысы және олардың ешқайсысын түпнұсқа деп атауға келмейді» [3, 25].

Интермәтінділік жалпы филологиялық ұғым болғандықтан, әдебиеттануда да, тіл білімінде де зерттеледі. Алайда оның әдебиеттегі зерттелуі мен лингвистикадағы зерделенуі – екі түрлі. Әдебиеттануда интермәтінділік көбіне көркем шығарманың жанрын анықтауға мүмкіндік беріп, автордың шығармашылық диалогын зерттеудің құралы ретінде қарастырылады. Ал тіл біліміндегі интермәтінділік үшін мынадай мәселелер маңызды:

- 1) мәтіннің мәтіндегі көрінісін жүзеге асыратын тілдік формалар;
- 2) интермәтіннің семантикалық қызметі;
- 3) интермәтіннің мәтінтүзушілік қызметі;
- 4) мәтінді кодтау және декодтау процестеріндегі мәтіннің код ретіндегі қызметі [3, 28].

Яғни, тіл біліміндегі интермәтінділік көбіне тілдік деректер мен тіл деңгейлеріндегі формалар негізінде қарастырылып, мәтінтүзудегі «көзге көрінетін» материал негізінде зерделенеді. Алайда «жасырын» интермәтін байланыстары да зерттеу нысанынан тыс қалмайды. Интермәтінділік – бір мәтінді екінші мәтіннің көмегімен қайта жазатын «құрылғы», ал интермәтін – аталған көркем шығармада кездесетін цитата немесе аллюзия арқылы кіріктірілген барлық мәтіндердің жиынтығы [4,48]. Н.Пьеге-Гро интермәтінділіктің плагиат, пародия, коллаж, қайта жазу, т.б. құбылыстарын қамтитын жалпы ұғым екендігін айтады. Сондай-ақ ғалым арнайы аллюзия, цитата арқылы көріне қоймайтын, формаға салуға келмейтін мәтіндер арасындағы байланыстың да интермәтінділік теориясына жататындығын ескертіп өтеді [4, 48]. Француз ғалымының мәтіндер арасындағы «көзге көрінбейтін» жақындық дегені – екі мәтін арасындағы арнайы тілдік бірліктер негізінде ғана емес, композиция, сюжет, мотив, идея сынды элементтерінің де алынуымен байланысты. Себебі барлық интермәтінділік арнайы аллюзия, реминисценция, цитата сынды тәсілдермен жасала бермейді, «жасырын» түрде де бір мәтін екінші мәтінді сіңіре алады. Бұл көбіне мәтіндер арасын-

дағы идеялық-сюжеттік ортақтастық негізінде көрініп отырады. Сол себепті интермәтінділік құбылысын анықтау үшін үнемі тілдік бірліктерге ғана емес, көркем шығарманың мазмұнына да назар аудару керек. Өйткені интермәтінділік көркем туындының мазмұнында жасырынуы мүмкін. Сондықтан интермәтінділікті анықтау үшін оқырман не зерттеуші алдыңғы мәтінмен, ілкі мәтінмен (прецедент) таныс болуы шарт. Интермәтінділік кезінде белгілі бір мәтіннің мәтіндік жүйесі екінші мәтінге ашық қалыпта болады. Яғни, мәтінді сіңіру барысында екіншілік мәтін оның бойындағы семантикалық, грамматикалық көрсеткіштерін өзіне икемдеп алуы мүмкін. Ашық қалыпта болғандықтан екіншілік мәтін алғашқы мәтіннің барлық тілдік немесе мазмұндық жүйесін өзіне сіңіреді. Соның негізінде интермәтінділік құбылысы жүзеге асып, мәтінаралық байланыс орнайды.

Е.Озерова интермәтінділіктің рухани және мәдени мәндегі семантикалық жүйені қалыптастырудағы маңызды категориялардың бірі болып саналатындығын айтады [5, 11]. Бұл пікірге сай мәтіндердің халықтық, ұлттық реңкі басым болатынын көруімізге болады. Ал ұлттық түсінік фольклорлық мәтіндерде сақталады. Демек, кез келген қаламгер белгілі бір деңгейде халықтық қордағы мәтіндерді өз шығармаларында қолдана отырып, ары қарай өрбітеді. Сондай-ақ, ғалым интермәтінділік мазмұнында мынандай белгілердің болатындығын көрсетеді: а) мәтіннің мазмұндық мәнінің өзге мәтіндердің мазмұндық өрісіне ашық болуы; ә) мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық бағыттылығының адресат үшін қолжетімді болуы; б) бір оқырман қабылдауындағы идеялық және тақырыптық мазмұнның ортақтығы; в) мәтіннің мазмұндық корреляциясы немесе оның құрылымдық-композициялық фрагменті; г) бірдей функционалды-стильдік және мазмұндық сипаттағы мәтіндердің типологиялық біртектілігі [5, 11]. Мәтіндер арасындағы байланыс түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асады. Лингвистикада оларды интермәтін фигуралары, поэтикасы, типологиясы деп те атайды. Мұндай байланыстарға цитата, аллюзия, реминисценция, пародия, еліктеу, стилизация, т.б. жатады. Интермәтіннің тіл біліміндегі аталған фигураларының жіктелімі әр ғалым топтастыруында әртүрлі. Дегенмен, интермәтін байланыстарының негізгілеріне цитата, аллюзия, реминисценция ұғымдары кіреді. Әдебиеттану ғылымында да цитаталау, мәтіндік аллюзия, реминисцен-

ция құбылыстары қарастырылады. Алайда олар көркем шығарманың поэтикасының құрамдас бөлігі ретінде көрініс табады. Ал тіл білімінде олар интермәтін фигуралары бола отырып, мәтіндер арасындағы байланыстың нақты тілдік бірліктер арқылы көрініс табуы арқылы көрінеді.

Тіл – мәдениетті айқындайтын, мәдениетті сақтайтын, бойына сіңіретін катынас құралы. Бұл дегеніміз тілде арнайы шаблондар мен үлгілердің бізге дейін қалыптасып қоятындығын білдіреді, ал тіл тұтынушы сол үлгілердің негізінде өз ойын жарыққа шығарады. Демек, көркем мәтінді түзу кезінде автор өзіне дейінгі қалыптасқан дайын шаблондарды негізге алады. Бұл автоматты түрде жүзеге асатын құбылыс болғандықтан, автор кейде дайын шаблондарды мәтін түзуде қолданғанын сезбеуі де мүмкін. Себебі, тілде қалыптасқан үлгілер адам санасына қазықталып, мәдениет арқылы танымға еніп отырады. Прецедентті мәтін ретінде фольклорлық шығармалардың мәтінін айта аламыз. Себебі, фольклор туындылары ерте заманда пайда болып, сол ұлттың ақын-жазушыларының алдында темірқазық іспетті, жол көрсетуші қызметін атқарады. Сондықтан қаламгер өз ойын жеткізу барысында фольклорлық туындылардағы қалыптасқан дайын үлгілерді қолданады. Бұл біріншіден, автордың оқырманға жеткізгісі келген ойын жеңілдете түссе, екіншіден, шығарманың поэтикалық жүйесін қалыптастыруға қызмет етеді. Фольклорлық шығармалар тұтас ұлттың ортақ мұрасы болғандықтан, сол ұлттың тіл тұтынушыларының барлығына түсінікті, әрі мәдениетін айқындауға мүмкіндік береді. Кез келген қаламгер фольклорлық үлгілер элементтерін өз шығармасына кіріктіру барысында халықтық, ұлттық ойлау жүйесіндегі ортақ ұғымдарды басшылыққа алады. Себебі, халықтық таным фольклорлық шығармалардың бойында жасырынған. Ақын-жазушылар поэзиялық не прозалық шығармаларды жазу барысында фольклор үлгілерінен цитата түрінде болсын, композициялық құрылысы жағынан болсын, ұйқас, буын санын болсын қайталап отырады. Себебі, фольклор халықтық ойлаудың жемісі, сондықтан көркем сөз шеберлері мәтін түзгенде халықтық таным-түсінікті сипаттайтын фольклоризмдерді шығармаларына кіріктіреді. «Прецедентті мәтін ретінде көркем шығармалар ғана емес, мифтер мен ертегілер, халықтық әндер де есептелінеді. Прецедентті мәтіндердің ауқымы өзгермелі», - дейді И. Арнольд [6, 364]. Демек прецедентті мәтін ретінде ең алдымен фольклор мәтіндерін атай аламыз. Сондықтан

көркем шығармалардағы прецеденттілік феноменін талдауды фольклор мәтіндерін зерттеуден бастауымыз керек.

### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТ:**

1. Әділова А.С. Сентенцияның тілдік табиғаты және стильдік қызметі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Қарағанды, 1998. - 28 б.
2. Бабенко Л.Г., Казарин Ю.В. Лингвистический анализ художественного текста: Учебник. Практикум. – М.: Флинта, Наука, 2004. – 496 с.
3. Құрманова Н.Ж. Текст теориясы және текст талдау әдістемесі. – Алматы: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, 2000. – 113 б.
4. Ямпольский М.Б. Память Тиресия. Интертекстуальность и кинематограф. – М.: РИК Культура, 1993. – 427 с.
5. Кузнецова А.В. Метатекст в художественном тексте: прагматика и функции // Филологические науки. Вопросы теории и практики. 2020. 320 с.
6. Фатеева Н. А. Интертекст в мире текстов: контрапункт интертекстуальности. М.: КомКнига, 2017. 457 с.

**АЛТЫНШАШ ҚҰРМАНАЕВА,**

*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті  
қазақ тілі мен әдебиет кафедрасы, студент*

## **РҮСТЕМ САУЫТБАЙДЫҢ «ШОКО ӘЛЕМ» ТУЫНДЫСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазіргі қазақ фэнтези жанрының әдебиеттің басқа жанрыларынан басты ерекшелігі – бұнда троптың инновациялық формалары қолданылады. Мұғайынын айтқанда, фантастикалық троп түрлері. Фантастикалық троп дегеніміз – сюжетке динамикалық оқиға, қақтығыс, қиял-ғажайып әсер беретін әдеби-теориялық ұғымдар. Бірақ бұлар болғанымен, басқалары шығармада кездеспейді деген сөз емес. Байырғы әдеби-троп үлгілері шығармада қашанда болады. Алайда фантастикалық троп түрлері олармен жарыса һәм қатарласа қолданылып, шығармада шиеліністі сипатта жұмсалады.

Ғалым Зейнолла Қабдоловтың айтуынша, троп дегенеміз – сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану һәм шындықты пернелеп таныту жолы. Әдебиеттану ғылымында бұндай троптың келесідей түрлері баршылық: Ауыстыру (Метафора), кейіптеу, пернелеу (аллегория), астарлау (символ), алмастыру (метонимия), мегзеу (синекдоха), кекесін (ирония), мысқыл (сарказм), ұлғайту (гипербола), кішірейту (литота). Әрине, біз зерттегелі отырған жазушымыздың «Шоко әлем» туындысынан бұлардың барлығын дерлік таптық. Алайда бұл мақала бойына бәрін сыйдыру мүмкін емес болғандықтан, тек кейбіреулеріне мысал келтіретін боламыз. Мәселен, гипербола, литота және оксюмормин сынды троп парагдигмаларына дәлел келтірерміз.

Гипербола. Жазушы сюжетке динамика беру мақсатында гипербола парагдигмаларын пайдаланады. Ал литотаны гиперболаға антитеза ретінде қолданылады. Мәселен:

Раузаның Райл мен Элияны байқаусызда біресе үлкейтіп, біресе кішірейтіп жіберу сәті жатады.

*Бір кезде екі қонақтың денесі өсе бастады. Элия бірден:*

– Оооййй, не боп жатыр? Біз үлкейіп жатырмыз, ааа!!! – деп айқай салды [1,786].

Бұл сюжет Льюис Кэрролдің «Алиса ғажайыптар елінде» шығармасындағы Алисаның өсу сәтімен сәйкес келеді:

*Она откусила от пирожка и с тревогой промолвила:*

*– Расту или уменьшаюсь? Расту или уменьшаюсь? [5,216].*

Оксюморин. Фэнтези шығармалардағы заттар мен бұйымдар оксюморин тәсілі арқылы жасалады. Оксюморин дегеніміз, бір-біріне керағар һәм жат ұғымдарды қатар қою. Оның шендестіруден басты айырмашылығы – адам танымына сыйыспайтын дүниелерді біріктіруде. Фэнтезист-жазушы Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлемнің» интерьерін жасау үшін оксюморин тәсілін қолданады:

1. Ұшатын кілем (кілем ұшпайды, жерде төселіп жатады), ұшатын қайық (Қайық ұшпайды, жүзеді) және т.б.

*1. Ұшатын кеме алыстан көз жауын алып тұр [1,616].*

*2. Ұшатын кілем аулаға шаң бұрқыратып тоқтай кетеді [1,996].*

*3. Ол жерде жасыл от жанып тұр [1,1016].*

Бұндай оксюморин тәсілін бірқатар қазақ фэнтезистерінің шығармаларынан байқауға әбден болады. Мәселен, белгілі жазушы Зира Наурызбаева мен Лилия Калаустың «Бату және оның достары. Алтын тостағанды іздеу» туындысындағы «ұшатын арба» деген тіркес сөзіміздің айқын дәлелі болары хақ.

Троптың оксюморин тәсілі тағамдарды жасауда қолданылады:

*1. – Ал маған ащы шоколад, – деді Райл дауысын көтеріңкіреп [1,356].*

*2. – Онда маған мұзды шоколад, – деді жағдайды енді түсінген соң Райл [366].*

Троптың оксюморин сюжет желісін жасауда қолданылады:

*1. Тасбақа баяуөлгейліктерде ат қызметін атқаратын. Дегенмен, алып тасбақа үшеуінен тезірек жүріп, озып өтті [1,1526].*

Бұл жерде автор «озық тасбақа» ұғымын қолданып тұр. Ал шын мәнісінде, «озық тасбақа» өмірде болмайды. Сондықтан да, біз оны оксюморинге жатқыздық. Мәселен:

*2. Бірнеше жүрістен кейін Райл мақсатына жетті, яғни жеңілді. Осылайша, екі батыр үлкен мақсаттарына бір қадам жақындады [1,1516].*

Бұл жерде автор «жеңіліп жетістікке жету» ұғымын қолданып тұр.

Сондықтан да, біз оны тағы да оксюморинге жатқыздық. Бұдан авторлық ұтқырлықты көруге болады. «Адам үлкен жетістікке жетуі үшін әрдайым жеңіп отыруы міндет емес екен. Жеңіліп те жетістікке жетуге болады». Міне, жазушы оксюморин арқылы бізге соны ұғындырады.

Оксюморин шығарма сюжетінен тыс, кейіпкерлер диалогында ұшырасады:

– *Иә, бұл «құрғақ су» сияқты естіледі екен, – деді де Райл күліп жіберді* [1,1276].

Троппен қатар көркем шығармаларда фигуралардың кездесетінін ескергеніміз жөн. Әдебиеттанушы-ғалым, Зейнолла Қабдоловтың пікірінше: фигура дегеніміз – сөз тіркесін үйреншікті синтаксистік қалыптан гөрі ерекшелену ораммен, айрықша айшықпен құру. Фэнтези шығармаларда басқа әдебиет жанрыларындай мынандай фигура түрлері кездеседі:

1. Градация (Дамыту).
2. Шендестіру (Антитеза).
3. Эллипсис.
4. Инверция.

Жазушы Рүстем Сауытбай туындысында фигура түрлері айтарлықтай көп. Біз тек эллипсиске тоқталатын боламыз. Эллипсис – ойды әдейі аяқтамай кету дегенді білдіреді. Фэнтезист-жазушы Рүстем Сауытбайдың туындысында бұлар көбіне авторлық баяндауда, кейіпкерлер диалогындағы кездеседі.

Авторлық баяндаудағы эллипсиске мысал:

1. *Үнсіздік...Райл бірінші боп жауап қатты* [1,296].
2. *Уақыты келгенде оның да энергиясы бітпек, шексіз емес қой...*[976].

Рүстем Сауытбай фигураны кейіпкер психологиясын ашу үшін қолданады. Кейіпкерлер диалогындағы эллипсиске бір ғана мысал:

1. *– Енді әкеміз көреді...*[1,296].

Бұл – Райл есімді кейіпкердің сөзі. Оның бұл сөзінен өз пікіріне берік, қайтпас қайсар, тапқыр, аздап әзілқой екенін аңғаруға әбден болады. Бұндай мысалдар көркем шығармада жетіліп артылады. Айтпақшы, автордың мәлімдеуінше Райл – жазушының өзі хәм прототипі болуы мүмкін.

Пікірімізді сабақтай түссек, қиял жанрында фантастикалық троптың келесідей үлгілері пайдаланылады:

1. Жақсылық пен жамандық

2. Басты қаһарман
3. Тапсырмалар
4. Сиқыр
5. Ортағасырлық
6. Әлеуметтік топ
7. Қара лорд
8. Байырғы заман

Міне, біз, осы троп үлгілерін алға тарта отырып, қазақ жазушыларының шығармаларын саралаған едік. Зерттеу жұмысымыз бойынша бірқатар қазақ жазушыларының шығармалары фэнтези жанрына тән болып шықты. Мәселен, танымал жазушы Зира Наурызбаева мен Лиля Калаустың «Бату және оның достары. Алтын тостағанды іздеу» туындысында және Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлем» туындысында және жазушы Толымбек Әбдірайымның «Мұжығын» фэнтези-повесі мен Баян Болатханованың «Мейірімді жанарлар әлемі» туындысында және Алпамыс Сырмановтың «Сарман алты таңба кітабы», Бағдат Өмірзақтың «Айдаһар жүрек» фэнтези-романы мен Нұрбек Нұржанұлының «Кітап патшалығы», Разия Ақпардың «Ақшақар арман» туындысында жоғарыда аталған фэнтези троптың барлық түрлері бар. Жазушы Мәди Әділбекұлы да өзінің фэнтези шығармаларында фантастикалық троп үлгілерін пайдалануы мүмкін екенін ескерте айтамыз.

Ал белгілі фэнтезист-жазушы Зәуре Төреханның «Күйекөбелектер шаһары» туындысында фэнтези троптың төмендегідей түрлерін байқауға әбден болады:

1. Басты қаһарман
2. Шым-шытырық оқиға
3. Басқа әлем

Байқағынымыздай, қазіргі таңда фэнтези троптың қатары айтарлықтай артқан. Оны біз фэнтези жанрына қатысты шетелдік мақалалардан көре аламыз. Сонымен қатар, бүгінгі фэнтези жанрында троптың мынандай формалары барын ескергеніміз жөн:

1. Басқа әлем
2. Түнек дәуірі
3. Байырғы заманда
4. Айдаһар күзетшісі

5. Елші жануарлар
6. Адамға тән емес психология
7. Эльфтар
8. Ертегі әлі алда
9. Кіріспе
10. Затты түс

Енді осы үлгілерді жазушы Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлем» туындысынан тауып көрерлік.

Біріншіден, басқа әлем – автор ойлап тапқан әлемге жатады. Туындыда шоколадтан жасалған ел суреттеледі. Бұл әлемнің әр кірпішін, нүктесін, қиыр-шетін автор мінсіз жасайды. Мәселен, халықтың танымы, өмір сүру философиясы, басқа халықтардан ерекшелігі – барлығы толық қамтылып, көркем тілде суреттелген. Сөзіміз айғақты болу үшін туындыдан үзінді келтіргеніміз абзал болар:

1. Шоко әлем – шоколадтан жасалған мекен. Оның тұрғындарын «шокилер» деп атайды. Шокилер – Шококенттің байырғы тұрғындары һәм халқы.

2. Өмір сүру философиясы – шоколад жақсылықтың нышаны. Елде шоколад болса, демек, жақсылық та бар.

3. Танымы – шоколад. Сондықтан да көп бұйымдар, заттар шоколадтан жасалған. Мәселен, шермокиім, шопирус және тағы басқа.

4. Стреотипі – қара шокилер олардың танымы бойынша «нағыз шоки» болып саналады.

Шығармадағы әлемнің моделі былайша суреттеледі:

*Бұл керемет Шококент қаласы Тәтті тауының етегінде, Бал көлінің жағасында орналасқан. Бұл қаланың ерекшелігі ғимараттар мен тұрмыстық заттардың шоколадтан жасалуы еді. Сондықтан ба, тұрғындары тәп-тәтті сөйлейді екен. Сөздері тәтті болғандықтан, көңілдері де шаттыққа толы болатын. Сонымен қоса, шококенттіктер тәтті түс көріп, тәтті ұйқыға бөлінетін. Тәтті өмір деп осыны айт! Өйткені шоколад жей алатын. Нағыз бала бақыты – деген осы. Бүлдіршіндер үйдің шоколадты қабырғаларын кеміргендіктен, ата-аналарына жыл сайын үйлерін жөндеуге тура келеді. Шоколадтың бір ерекшелігі қыста суық өткізбейді, ал жазда ерімейді. Бұл қасиет сиқырлы шоколад дәндерінен келетін [1,6бет].*

Аталған белгілер шығарманың когнитивтік сипатын танытады. Бұл белгілер болашақ фэнтезист-жазушыларға және фэнтезитанушыларға қажет болары сөзсіз.

Екіншіден, бас қаһармандар. Бас қаһармандар – шығармада шешуші рөл ойнайды. Шығармадағы бас қаһармандарға Элия, Райл есімді қайсар кейіпкерлер жатады. Кейін олардың қатары жаңа кейіпкерлермен, яғни, бас қаһармандардың жанашыр достарымен толыға түседі. Мәселен, Рауза, Арц, Шоқай және тағы басқаларды қараңыз.

Үшіншіден, тапсырма. Тапсырма әр томда ауысып отырады. Егер, бастапқыда бас қаһармандарға берілген негізгі тапсырма – туған әкелерін іздеуге шығып, сиқырлы дәндерді табу болса, енді ол тапсырма екінші және үшінші томда – Қайн кітабының сиқырлы жазуын ашумен, Коки әкелген тастың мәнісін табумен, қарсундарға қарсы ұлы күрес жүргізумен тынады.

Мәселен, бірінші кітапта:

– *Сол дәндерді қайтару керек. Сөзген сендерді жіберсек деп отырмыз, – деді патша тағына отырып [1,506].*

Екінші кітапта:

*Нуа Дегдар бірден:*

– *Элия мен Райл, сендерге айтар бір-екі ауыз сөзіміз бар. Біріншіден, сендерге рахмет! Ергежейлілерді көндіріп дәулердің бастарын денелерге қостыңдар. Әйтпесе бізге қиын болатын еді. Оларды тек соққылармен тоқтата алатын едік. Қаниама жандарды аман алып қалдық. Бұл – қуанттарлық жағдай [2,3436].*

Үшінші кітапта:

– *Иә, шайқасу керек, – деп залдағылар шулап кетті [3,3796].*

Төртінші, сиқыр. Шығармада екі түрлі сипатта көрініс табады: бірі – ақ сиқыр, екіншісі – қара сиқыр. Қара сиқырды шамандар, қарлһандықтар, қарсундар жүргізеді. Олар адамзатқа қас-жаулық ойлайды. Ал ақ сиқырға – аруандар ие. Аркуандар – автор суреттеулеріне сәйкес жақсылық тасушылар һәм насихаттаушылар.

Бесіншісі, әлеуметтік топ. Әлеуметтік топ: Шокилер, Түздейімдіктер, Қарсундар.

Фэнтези-романның бірінші томында әлеуметтік топ ретінде шокилер мен түздейімдіктер қауымы суреттелсе, екінші томында қарлһандықтар,

үшінші томында қарсундар тобы суреттелінеді. Олар өз алдына жеке элеуметтік топ құрайды. Мұғайында, шокилер – Шококенттің байырғы тұрғыны һәм халқы болса, тұздейімдіктер олардың қас жауы әрі төмен тап өкілдері. Одан кейінгі қарсундар – жаңа замандағы тұздейімдіктердің ұрпағы болып саналады.

Алтыншысы, қара лорд. Қара Лорд ұғымы бізге Джоан Роулингтің «Гарри Поттер» туындысынан таныс. Онда біз Волен де-морт сынды қарама-қайшылықты кейіпкерді кезіктірген едік. Ал жазушы Рүстем Сауытбайда бұндай образдар бірнешеу. Атап айтқанда, қара лорд: Удай Қаруас, Истикал.

Фэнтези-шығарманың бірінші томында Удай Қаруас қара лордың образын сомдайды. Ал екінші және үшінші томында біз Истикал есімді жаңа қара лордпен қауышамыз. Демек, бұдан шығатын қорытынды: автор бір емес, екі бірдей қара лордтың образын жасайды. Бұл әдебиет үшін тың жаңалық. Әдетте, авторлар бір-ақ лордпен шектеледі. Бірақ бұл заңдылықты бірінші болып қазақтан шыққан жас фэнтезист бұзды. Бұлай деуіміздің мәнісі, қазақ фэнтезиі Рүстем Сауытбай сынды озық та талантты жазушылардың арқасында әлемдік арнеда көркейіп келеді һәм солай бола бермек.

Жоғарыда аталған екі қара лордтың бір-бірінен айырмашылығы неде? Біріншісі, Удай Қаруас – жалған қара лорд. Шын мәнісінде, ол – Элия мен Райлдың әкесі. Тек сиқырдың әсерімен, шамандардың арбауымен «қара лорд» болған. Бірақ бірінші кітапта ғана солай беріледі. Қалған кітаптарда Удай Қаруасты басқа адам сомдайды. Ал Истикал тақсыр – нағыз қара лорд. Бүкіл адамзатқа қастандық жасаушы «қанішер лордтың» нақ өзі.

Жетіншісі, елші жануарлар. Елші жануарлар: Жарон, ақ қарға.

Елші жануарлар – фантастикалық троптың бір түрі. Фэнтези-шығармаларда жиі қолданылатын тәсіл. Бұндай тәсіл жағымды және жағымсыз кейіпкерлерде қатар қолданылады. Жағымсыз образдарда елші жануарлар тератологиялық бейнеде келеді. Мәселен, шетел туындысы саналатын (Джоан Роулингтің) «Гарри Поттерінде» елші жануарлар айтарлықтай көп. Қара лорд Волен де Морттың елшісі қызметін Нагайна атты жылан, Гарри Поттердің елшісі қызметін үкі атқаратыны баршамызға белгілі.

Байқағанымыздай, жағымды образдардың елшісі сүйкімді, ал жағымсыз образдардың бейнесі жиіркенішті сипатта беріледі.

Жарон – Херместің ұлы Шомбалдың жарқанаты. Ол – үй жануары есебінде қаралатын кейіпкер. Бірақ Жаронның елшілік қызметі де баршылық. Мәселен, жоғары жаққа қағаздарды тасымалдау керек болғанда, көмекке Жарон келеді.

– *Жарайды, әкел қағаздарды, – деп ұша жөнеледі Жарон* [1,160б].

Ақ қарға – Удай Қаруастың елшісі. Қарға болғанымен, ол арамдық пен айла іспетті жағымсыз қасиеттерге ие. Мәселен:

– *Мен – Ақғамын. Осы маңайда жай ұшып бара жатқам, соғып кетейін дедім. Ну а ата жоқ па? – деді ішке бір қарап* [1,109б].

Енді келесі жолдарға зер салып көріңіздер. Сөзіміздің дәлелін табасыздар: *Ақға қарға көрген-білгенін оған жеткізіп отырды* [1,154б].

Бұнымен зерттеу жұмысымыз бітпейді. Фэнтезист-жазушы Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлем» туындысы – әлі талай зерттеуді қажет етеді. Сондықтан, ғылыми жұмысымыз әрі қарай жалғасын таппақ. Оған қоса, бұл жұмысыз жанрын құпиясын ашқысы келетін болашақ әдебиеттанушыларға, фэнтезист-жазушыларға көмек болады деген сенімдеміз.

### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТ:**

1. Шоко әлем / Рүстем Сауытбай. – Алматы: «CD print» баспасы, 2019. – 264 бет.
2. Шоко әлем және Тылсым Элипсаһар / Рүстем Сауытбай. – Алматы: «Алматы» баспасы, 2020. – 362 бет.
3. Шоко әлем және Ғажайып тас / Рүстем Сауытбай. – Алматы: «Астана кітап» баспасы, 2022. – 386 бет.
4. Бату және оның достары. Алтын тостағанды іздеу / Зира Наурызбаева және Лиля Калаус. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2018. – 280 бет.
5. Кэррол, Льюис. Алиса в стране чудес; [пер. с англ.] / Льюис Кэррол. – Москва: Издательство «Э», 2016. – 224 с.: ил.
6. Курманаева А.Ж. Фэнтези жанрының қазақ фольклорындағы байырғы көріністері / Алтыншаш Курманаева, Ерболат Баятұлы – Молодой ученый, – 2021.

7. Курманаева А.Ж. Рүстем Сауытбайдың шығармашылығына рецензия / Алтыншаш Курманаева – Молодой учёный, – 2021.

8. Курманаева А.Ж. Қазақ мифтік кейіпкерлерінің карнавалы / Алтыншаш Курманаева, Ербол Бейілхан – Евразийское Научное Объединение “ЕНО” №80, октябрь 2021 ISSN 2411-1899., – 2021.

9. Курманаева А.Ж. Қазақ фэнтезиінің генезісі / Алтыншаш Курманаева – Студенческий, – 2022.

10. Курманаева А.Ж., Е.Баятұлы. Қазақ мифтік кейіпкерлерінің синхрондық классификациясы – Әдебиет порталы, – 2021.

## МАЗМҰНЫ

### МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ-130

|  |    |
|--|----|
| <i>Е.Тілешов.</i> Мағжанның жаңашылдығы.....   | 3  |
| <i>Қ.Кемеңгер.</i> Дүкенбай Досжанның «Мағжанды өлтіргендер» шығармасындағы көркемдік шындық пен деталь..... | 24 |

### ТАНЫМ

|   |    |
|---|----|
| <i>Ш.Жалмаханов.</i> Ахмет Байтұрсынұлының оқу-ағартушылық қызметі..... | 29 |
| <i>Ж.Жақыпов.</i> Қазақ руханиятын құтқарушы.....                       | 33 |
| <i>А.Рысбекұлы.</i> Беймәлім алаш: Мұхтихар Титақов.....                | 36 |

### ӘДІСТЕМЕ

|   |    |
|---|----|
| <i>Н.Оразахынова.</i> Тіл саласындағы жаңа технологиялар.....       | 56 |
| <i>З.Ерназарова.</i> Қазақ тілін оқытудың аксиологиялық бағыты..... | 72 |

### ТАЛҚЫ

|  |    |
|--|----|
| <i>А.Хамзатегі.</i> Латын әліпбиінің пайдасы мен қатері..... | 85 |
| <i>С.Ергали.</i> Бәрінен де маңыздысы – тілдік орта.....     | 90 |
| <i>Г.Мамырбек.</i> Тілдің негізгі заңы – сақтық заңы.....    | 96 |

### СӨЗ ӨНЕРІ

|   |     |
|---|-----|
| <i>Г.Төлегенова.</i> Интермәтінділік және прецеденттілік феномендерінің фольклоризмге қатысы..... | 101 |
| <i>А.Құрманбаева.</i> Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлем» туындысының көркемдік ерекшеліктері.....     | 106 |

## **РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ**

Авторлардың стилі,  
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы  
«ТІЛ-ҚАЗЫНА» ұлттық  
ғылыми-практикалық орталығында  
теріліп, беттелді.

Бас редактор **М.Жұмабай**  
Жауапты редактор **С.Әбілмәжін**  
Корректор **А.Балташева**  
Дизайнын жасап, электронды нұсқасын дайындаған  
**С.Баубек**

### ***Редакцияның мекенжайы:***

Қазақстан Республикасы  
010000, Астана қаласы,  
Сығанақ көшесі, 43,  
Тел.: 8 (7172) 44-19-81  
[Tilortalyk@mail.ru](mailto:Tilortalyk@mail.ru)

Беттеуге берілген күні 09.08.2023 ж.  
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 15.08.2023 ж.  
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 9.4